8. Кравченко, С.А. «Нормальная аномия»: контуры концепции//*Социологические исследования*. 2014. №8. - С. 3-10.
9. Ivashova V., Kashirina O., Mulikova N., Saprykina E., Nadtochy Y. *Spiritual and moral values of youth as a basis of social orientation //The European Proceedings of Social & Behavioural Sciences. Future Academy*. 2019. - P.1411-1416. doi.org/10.15405/epsbs.2019.12.04.191 (accessed on:11.05.2025)
10. Shimolina M., Lutsenko E., Tyurina J., Savin S., Gareeva I. *Value Orientations of Modern Youth // European Proceedings of Social and Behavioural Sciences*. 2022. Vol.126. P.853-859. doi.org/10.15405/epsbs.2022.06.94 (accessed on:11.05.2025)
11. Zharkynbekova, S., Shakhputova, Z., Galiyeva, B., Absadyk, A. *Value Priorities of Student Youth in the Multi-Ethnic Space of Kazakhstan and Their Influence on Intercultural Communications //Journalism and Media*. 2025. №6(1),32. doi.org/10.3390/journalmedia6010032 (accessed on: 11.05.2025)
12. Mukanova A. et al. *The ethnic identity specificity of modern Kazakhstani youth in the context of cultural globalization //International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*. 2025. №8(3). - P.1587-1594. Available at URL <https://ijriss.com/index.php/ijriss/article/view/6840/1364/> DOI: 10.53894/ijriss.v8i3.6840 (accessed on:11.05.2025)
13. Dussipova, A., Tuxanbayev, A., and Mukhanbetkaliyev, Y. *Philosophical analysis of the formation of spirituality of modern Kazakhstani youth: problems and prospects. Pharos Journal of Theology*. 2025. Vol. 106. - P.8-11. Available at URL <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/830/663/> DOI: 10.46222/pharosjot.106.27 (accessed on:11.05.2025)
14. Matzhanova I., Matzhanova K. *The influence of global trends on the formation of youth values//Abai Kazakh National Pedagogical University. BULLETIN Series of Sociological and Political sciences*. 2024. Vol. 84. №4. DOI:10.51889/2959-6270.2023.84.4.003 (accessed on:11.05.2025)
15. Жанбирова А. *Уровень безработицы среди молодежи в Казахстане снизился до 3,2% в 2024 году. Доступно по ссылке: <https://kz.kursiv.media/2024-09-26/dlzh-bns-work-youth>* (Дата обращения: 11.05.2025)
16. *Казахстан - Молодёжная безработица//Trading Economics*. Доступно по ссылке: <https://ru.tradingeconomics.com/kazakhstan/youth-unemployment-rate/> (Дата обращения: 11.05.2025)
17. Giddens A. *Modernity and selfidentity. Self and society in the late modern age*. Cambridge: Polity Press. – 1991. - P.88. Available at. – URL <https://download.e-bookshelf.de/download/0003/8871/07/L-G-0003887107-0002286451.pdf> (accessed on:03.12.2025)

18. Schoon I., McCulloch A., Joshi H., Wiggins D., Bynner J. *Transitions from school to work in a changing social context*. Young. 2001. №9. - P.4-22. Available at. - URL //C:/Users/Professional/Downloads/[Ingrid_Schoon,_Rainer_K._Silbereisen]_Transitions(libcats.org).pdf (accessed on:03.12.2025)

19. Tkacheva N.A., Baymukhametova R.S. *Value orientations of Kazakhstan youth*. 2016. №8(6/2. - P. 134-139. Available at. – URL <https://www.researchgate.net/publication/313685227> (accessed on:03.12.2025)

20. Nusubalieva, E., Beishenova, A., Ashymbaeva, T., Sartbekova, N., & Dogdurbek, N. *Civic identity of youth as an important element of modern sociocultural transformation of society* //Social and Legal Studios. 2023. №6(4). P.145-154. Available at. – URL <https://www.researchgate.net/publication/378122038> (accessed on:03.12.2025)

21. Луков В.А. *Тезаурусная концепция социального проектирования* // Гуманитарное знание: тенденции развития в XXI веке. - М.: Изд-во Нац. ин-та бизнеса; 2006. - С.649-670.

References:

1. Burd'e P. *Formy kapitala* // *Ekonomicheskaya sociologiya*. - M., 2002. - №3. - S. 60-74.
2. Manhejm K. *Izbrannoe: Diagnosticheskoe vremeni* // *Govoryashchaya kniga*. - M., - 744 s. - 2010.
3. Mo Zhu, Wenling Zhang & Fei Jiang. *How to influence and cultivate young adults' life purpose in the process of education: a systematic review of empirical studies*//*BMC Psychology*. 2024. Vol. 12. P.554.doi.org/10.1186/s40359-024-02003-1 (accessed on:11.05.2025)

4. Lesková, A., & Yochanna, M. *Values and Education for Values of Today's* //*Youth Journal of Education Culture and Society*. 2024. №15(2). P.35-42. doi.org/10.15503/jecs2024.2.19.33 (accessed on:11.05.2025)

5. Sambai Usek V., Dunlop L. *Indigenous youth activism: the role of education in creating capabilities*//*Journal of youth studies*. 2023. №2. - P.281-298. Vol.28. doi.org/10.1080/13676261.2023.2261865 (accessed on:11.05.2025)

6. Kravchenko S.A. «Normalnaya anomiya: kontury koncepcii // *Sociologicheskie issledovaniya*. 2014. No.8. - S. 3-10.

7. Prieto-Arosa J.M., d'Haenens L. *Bridging youth "media egocentrism" and journalistic values: strategies for public service media* //*Frontiers in Communication*. 2025.Vol.10. doi.org/10.3389/fcomm.2025.1534133 (accessed on:11.05.2025)

8. Hajdu G., Sik E. *Are the work values of the younger generations changing?* // «*Youth Labor in Transition: Inequalities, Mobility, and Policies in Europe*», 2018. P.626-659. doi.org/10.1093/oso/9780190864798.003.0021 (accessed on:11.05.2025)

9. Ivashova V., Kashirina O., Mulikova N., Saprykina E., Nadtochy Y. *Spiritual and moral values of youth as a basis of social orientation* //*The European Proceedings of Social & Behavioural Sciences*. Future Academy. 2019. P.1411-1416. doi.org/10.15405/epsbs.2019.12.04.191 (accessed on:11.05.2025)

10. Shimolina M., Lutsenko E., Tyurina J., Savin S., Gareeva I. *Value Orientations of Modern Youth* // *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences*.2022. P.853-859. Vol.126. - - doi.org/10.15405/epsbs.2022.06.94 (accessed on:11.05.2025)

11. Zharkynbekova, S., Shakhputova, Z., Galiyeva, B., Absadyk, A. *Value Priorities of Student Youth in the Multi-Ethnic Space of Kazakhstan and Their Influence on Intercultural Communications*//*Journalism and Media*. 2025. №6(1),32. doi.org/10.3390/journalmedia6010032 (accessed on:11.05.2025)

12. Mukanova A. et al. *The ethnic identity specificity of modern Kazakhstani youth in the context of cultural globalization* //*International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*. 2025. №8(3). P.1587-1594. Available at URL <https://ijirss.com/index.php/ijirss/article/view/6840/1364> DOI:10.53894/ijirss.v8i3.6840 (accessed on:11.05.2025)

13. Dussipova, A., Tuxanbayev, A., and Mukhanbetkaliyev, Y. *Philosophical analysis of the formation of spirituality of modern Kazakhstani youth: problems and prospects*. *Pharos Journal of*

Theology. 2025. - P. 8-11. Vol. 106. Available at URL <https://history-philosophy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/history-philosophy-vestnik/article/view/830/663> DOI: 10.46222/pharosjot.106.27 (accessed on:11.05.2025)

14. Matzhanova I., Matzhanova K. The influence of global trends on the formation of youth values // Abai Kazakh National Pedagogical University. BULLETIN Series of Sociological and Political sciences. 2024. №4. Vol. 84. DOI: 10.51889/2959-6270.2023.84.4.003. (accessed on: 11.05.2025)

15. Zhanbirova A. Uroven' bezroboticy sredi molodezhi v Kazahstane snizilsya do 3,2% v 2024 godu. Available at. - URL <https://kz.kursiv.media/2024-09-26/dlzh-bns-work-youth> (accessed on: 11.05.2025)

16. Kazakhstan - Molodyozhnaya bezrobotica//Trading Economics. Available at. - URL <https://ru.tradingeconomics.com/kazakhstan/youth-unemployment-rate> (accessed on:11.05.2025)

17. Giddens A. Modernity and selfidentity. Self and society in the late modern age. Cambridge: Polity Press. – 1991. P.88. Available at. – URL <https://download.e-bookshelf.de/download/0003/8871/07/L-G-0003887107-0002286451.pdf> (accessed on:03.12.2025)

18. Schoon I., McCulloch A., Joshi H., Wiggins D., Bynner J. Transitions from school to work in a changing social context. Young. 2001. №9. P.4-22. Available at. - URL [http://C:/Users/Professional/Downloads/\[Ingrid_Schoon,_Rainer_K._Silbereisen\]_Transitions\(libcats.org\).pdf](http://C:/Users/Professional/Downloads/[Ingrid_Schoon,_Rainer_K._Silbereisen]_Transitions(libcats.org).pdf) (accessed on:03.12.2025)

19. Tkacheva N.A., Baymukhametova R.S. Value orientations of Kazakhstan youth. 2016. №8(6/2). - P. 134-139. Available at. – URL <https://www.researchgate.net/publication/313685227> (accessed on:03.12.2025)

20. Nusubalieva, E., Beishenova, A., Ashymbaeva, T., Sartbekova, N., & Dogdurbek, N. Civic identity of youth as an important element of modern sociocultural transformation of society //Social and Legal Studios. 2023. №6(4). P.145-154. Available at. – URL <https://www.researchgate.net/publication/378122038> (accessed on:03.12.2025)

21. Lukov V.A. Tezaurusnaya koncepciya socialnogo proektirovaniya//Gumanitarnoe znanie: tendencii razvitiya v XXI veke. - M.: Izd-vo Nac in-ta biznesa. 2006. - S. 649-670.

FTAMP 04.51.71

DOI:10.51889/2959-6270.2025.92.4.001

Н.Ж. Тлеуова^{1*} , Ж.У. Аширова¹ , К.Қ. Утеева¹ , Р.С. Саликжанов² 

¹ М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

* nazymjanai@gmail.com

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН МОТИВАЦИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Елімізде соңғы онжылдықтарда жасөспірімдердің өмір салты айтарлықтай өзгеріске ұшырап, физикалық белсенділік деңгейі төмендеп, салдарынан олардың аз қозғалуға әкелетін өмір салтының қалыптасуына алып келді. Жасөспірімдердің физикалық белсенділігі мен спортқа қызығушылығын арттыру болашақта халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру мен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Зерттеудің мақсаты жасөспірімдердің спортпен айналысуға әсер ететін мотивациялық факторлардың гендерлік ерекшеліктерін анықтау.

Мақалада жастарды спортпен айналысуына әсер ететін мотивтерді зерттеу үшін Астана қаласының 13-17 жас аралығындағы (N=300) мектеп оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша жасөспірімдердің спортқа қызығушылықтарына әсер

ететін негізгі фактор ретінде ата-аналар екені анықталды. Зерттеу мәліметтеріне сәйкес, жастардың физикалық белсенділігіне кері әсер ететін факторлар келесідей жіктеледі: жекелік, әлеуметтік-экономикалық және географиялық. Гендерлік ерекшелік бойынша қыз балаларда басты кедергі сабақтан шаршау, жалқаулық, бос уақыттың шектеулігі болса, ер балалар үшін жалқаулық, шаршау болды. Жасөспірімдердің мотивациялық факторларын талдау негізінде спортпен айналысуына физикалық, психологиялық және эмоционалды факторларды ескерудің маңыздылығы анықталды. Жалқаулық, шаршаңқылық, қызығушылықтың болмауы сияқты мінез-құлықтарымен күресудің жолдары ұсынылды. Ол ата-аналармен бірге салауатты өмір салтын насихаттау, еліміздің әр өңірлерінде мемлекеттік "Damubala" сияқты тегін спорттық үйірмелер мен секциялар түрлерін кеңейту және одан әрі қаржыландыру, медиа мен әлеуметтік желілер де спорттағы жетістікке жеткен тұлғалар бейнесін насихаттаумен жүзеге асырылады. Жасөспірімдердің спортпен айналысу мотивтерін және олардың спортқа қызығушылықтарының артуына әсер ететін негізгі факторларды анықтау жасөспірімдердің физикалық белсенділігін дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жасөспірім, спорт, мотивация, мотивациялық факторлар, әлеуметтену, физикалық белсенділік.

N.Tleuova^{1*}, Zh.Ashirova¹, K.Uteeva¹, R.Salikzhanov²

¹ Mukhtar Auevov South Kazakhstan state university, Shymkent, Republic of Kazakhstan

² Mukhtar Auevov South Kazakhstan state university, Shymkent, Republic of Kazakhstan

* nazymjanai@gmail.com

MOTIVATION FACTORS AFFECTING ADOLESCENT SPORTS ENGAGEMENT: A SOCIOLOGICAL ANALYSIS

Abstract

Over the last decade, the lifestyle of teenagers in our country has changed significantly, the level of their physical activity has decreased, which has led to a sedentary lifestyle. Increasing motor activity and interest in sports among teenagers contributes to the formation of a healthy lifestyle of the population in the future, as well as improving the quality of life of the population. The purpose of the study is to determine gender specific motivational factors that influence the participation of teenagers in sports.

The article presents a survey of schoolchildren aged 13-17 years (N=300) in the city of Astana, conducted with the aim of studying the motives that encourage young people to play sports. According to the results of the study, it was established that parents are the main factor influencing the interest of teenagers in sports. According to studies, the factors that negatively affect the physical activity of young people are classified as follows: personal, socio-economic and geographical. According to gender, the main obstacle for girls was fatigue, laziness and limited free time, and for boys - laziness and fatigue. On the basis of the analysis of motivational factors of teenagers, the importance of taking into account physical, psychological and emotional factors when playing sports is determined. To combat such manifestations of behavior as laziness, fatigue and lack of interest, the following measures are proposed: promotion of a healthy way of life together with parents, expansion and further financing of free sports clubs and sections such as the state program «Damubala» in different regions of the country. An important role in the popularization of sports is played by media and social networks, which contribute to the positive image of people who have achieved success in the field of sports. Studies of teenagers' motivations for sports and the main factors affecting their interest in physical activity allow to develop recommendations for stimulating the motor activity of teenagers.

Keywords: youth, sports, motivation, motivational factors, socialization, physical activity.

Тлеуова Н.Ж.^{1*}, Аширова Ж.У.¹, Утеева К.К.¹, Саликжанов Р.С.²

¹ Южно-Казахстанский университет имени Мухтара Ауэзова,
Шымкент, Республика Казахстан

² Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева,
г.Астана, Республика Казахстан

* nazymjanai@gmail.com

ФАКТОРЫ МОТИВАЦИИ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ЗАНЯТИЯ СПОРТОМ СРЕДИ ПОДРОСТКОВ: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

За последние десятилетия образ жизни подростков в нашей стране существенно изменился, уровень их физической активности снизился, что привело к малоподвижному образу жизни. Повышение физической активности и интереса к спорту среди подростков способствует формированию здорового образа жизни населения в будущем, а также повышению качества жизни населения. Цель исследования – определить гендерные особенности мотивационных факторов, влияющих на вовлеченность подростков к спорту.

В статье представлены результаты опроса среди школьников (N=300) г. Астаны в возрасте 13-17 лет. Анкета была проведена с целью изучения мотивов, влияющих на вовлеченность молодежи спортом. По результатам исследования установлено, что родители являются основным фактором, влияющим на интерес подростков к спорту. По данным исследований, факторы, отрицательно влияющие на физическую активность молодежи, классифицируются следующим образом: личностные, социально-экономические и географические. По гендерному признаку основным препятствием для девочек была усталость, лень и ограниченность свободного времени, а для мальчиков – лень и утомляемость. На основе анализа мотивационных факторов подростков определена важность учета физических, психологических и эмоциональных факторов при занятиях спортом. Для борьбы с такими проявлениями поведения, как лень, усталость и отсутствие интереса, предложены следующие меры: пропаганда здорового образа жизни совместно с родителями, расширения и дальнейшего финансирования видов бесплатных спортивных клубов и секций такие как государственная программа «Damubala» в разных регионах страны. Важную роль в популяризации спорта играют СМИ и социальные сети которые способствуют положительному имиджу людей, добившихся успеха в спортивной сфере. Исследования мотиваций подростков к занятиям спортом и основных факторов, влияющих на их интерес к физической активности, позволяют разработать рекомендации по стимулированию физической активности подростков.

Ключевые слова: молодежь, спорт, мотивация, мотивационные факторы, социализация, физическая активность.

КІРІСПЕ

Спорт физикалық белсенділіктің құрылымданған, белгілі бір мақсатқа бағытталған, бәсекеге, сайысқа негізделген түрі ретінде анықталады. Әлемде миллиондаған балалар мен жасөспірімдер спорттың ұйымдастырылған түріне қатысып, физикалық белсенділікпен айналысады. Осы кезеңде тұлғада белсенді өзгерістер жүретіндіктен әлеуметтік белсенділік пен спорт салауатты өмір салтын ұстануға, тәртіпке бағынуға және тиімді әлеуметтенуге үлкен ықпал етеді. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәліметтері бойынша, елімізде 477 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, дарынды балаларға арналған 17 мектеп-интернаттары қызмет етеді [1]. Спортпен жүйелі түрде айналысу жасөспірімдердің дағдыларына, физикалық дамуына және әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етіп қана қоймайды,

сонымен қатар созылмалы аурулардың, қатерлі ісік пен семіздіктің қаупін азайтуда, психологиялық мәселелердің алдын алуда маңызды рөл атқаратынын көптеген зерттеулер растайды [2, р. 1309-1318]. Сонымен бірге, ата-аналар, жаттықтырушылар және басқа қоғам өкілдері спортқа қатысу жастарға өз-өзіне сенімділікті арттыруға, командада жұмыс жасауға және өмірлік сабақтар алуға мүмкіндік береді деп санайды. Дегенмен, жалпы спорттың мойындалған артықшылықтарына қарамастан, көптеген жасөспірімдер спортты тастайды немесе тұрақты түрде спортпен мүлде айналыспайды. Жастар арасындағы спорттан бас тарту бүкіл әлемде кең таралған құбылысқа айналды, сондықтан көптеген зерттеушілер тұрақты спортқа қатысу мінез-құлқын зерттеуге көбірек көңіл бөле бастады [3, р. 484-504]. Соған орай, қазіргі кезеңде жасөспірімдердегі физикалық белсенділігі үлкен алаңдаушылық тудыруда, себебі зерттеулер бүкіл әлем бойынша 11-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің 81% физикалық белсенді емес екенін көрсетті [4, р. 345]. Жасөспірімдік кезеңнен физикалық белсенділік деңгейінің төмендеуін ескере отырып, ересек жастағы әртүрлі созылмалы аурудың алдын алудың тиімді саясатын жүзеге асыру үшін спортпен айналысуға әсер ететін факторларды анықтау маңызды.

Спорт адамның ішкі мотивациясын айқын көрсетеді. Сондықтан да, жасөспірімдердің спортқа бейімделуін ынталандыратын немесе керісінше төмендететін мотивациялық факторларды түсіну маңызды болып табылады. Бұл факторларға отбасы, құрдастар мен жаттықтырушының қолдауы сияқты физикалық және әлеуметтік аспектілер ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі белсендіру, жетістік сезімі және команданы қолдау сияқты әлеуметтік-психологиялық аспектілерді де қамтиды. Жасөспірімдердің спорттық іс-әрекетке деген тұрақты қызығушылығын сақтаудың маңызды амалдарын анықтау осы саладағы тәрбиеленушілер, жаттықтырушылар және мамандар үшін ғана емес, жалпы еліміздегі дені сау ұрпақты қалыптастыру саясаты үшін де қажетті іс-шара болып табылады. Олай болса, қарастырылып отырған мәселе әлемдік деңгейде де өзекті болып отыр, жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру амалдарын қарастыру өз кезегінде олардың жүйелі дамуына және олардың қоғамға жат әлеуметтік жағымсыз мінез-құлқтарының болмауына ықпал етеді. Балалардың спорттық мінез-құлқы мен тәжірибесіне мотивациялық климаттың әсері туралы мәлімет аздық етеді. Осы міндеттерді шешуде жасөспірімдер спортындағы мотивациялық факторларды анықтау үшін сауалнама әдісі қолданылады. Жүргізілген талдау негізінде келесі зерттеу гипотезалары ұсынылады:

1. Отбасы мүшелері, соның ішінде ата-аналары спортпен шұғылданатын жасөспірімдер спортпен шұғылдануға ынталы зор болады;

2. Жастардың баратын спорт секциялары жақын болуы мен инфрақұрылымның (спорт залдары, спорт алаңдары) қол жетімділігі жасөспірімдердің спортпен шұғылдануға оң әсер етеді;

3. Ұл балалардың қыз балаларға қарағанда спортпен шұғылдануға бейім болып келеді.

Әдебиеттерді талдау

Балаларды спортқа ерте баулу көбінесе қозғалыс дағдыларын, әлеуметтік дағдыларды, өзін-өзі бағалауды және дене жаттығулары арқылы денсаулықты сақтаудың негізгі мүмкіндігі болып саналады [5, р. 697]. Сондықтан да, жасөспірімдердің спортпен айналысу мотивациясы зерттеушілер, жаттықтырушылар, ата-аналар мен мұғалімдер үшін басты фактор екендігі белгілі. Себебі, мотивация - бұл мінез-құлқты қалыптастыратын, энергияны тудыратын адамның ішкі күйі.

Егер балалардың жастайынан спортпен айналысуын және өздерінің потенциалын толық ашуын қаласақ, олардың осындай дағдыларды қалыптасу жасында дұрыс жолға бағыттау өте маңызды. Шын мәнінде, жасөспірімдердің спортқа қызығушылығын арттыруды зерттеудің көптеген маңызды себептері бар. Адамның қозғалыс қабілеттерін (мысалы, координация, реакция уақыты және тепе-теңдік) жас ерекшелігіне қарай жастық кезеңде дамытуға бейім болады [6, р. 109]. Спортқа қатысу осы негізгі қозғалыс дағдыларын жақсартудың мүмкіндігі болады. Спортпен шұғылданушылардың карьералық бастамасында оларға оптимальды

мотивациялық климатты құру мен қолдау жасау спортқа қатысуды, ляззат алу мен қозғалысты дамытады [7, р. 294]. Бұл жастардың қоршаған ортасының олардың спортпен айналысуына қозғаушы болатын тиімді мотивациясын қалыптастыруға әсер ететінін көрсетеді. Спортқа деген мотивация оң әсер ететін мотивацияны білдіреді. Бұл жағдайда спортпен айналысуға шешім қабылдаған адам қандай да бір оң нәтижеге қол жеткізеду көздейді. А.Р. Лопатин мотивтердің алуан түрлілігін зерттеп, оның ішінде жетістікке жету мотиві және сәтсіздіктерден аулақ болу мотиві ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Өйткені олар адамның іс-әрекетінің тиімділігі мен мақсатына әсер етеді [8].

Мотивация ұғымы ғылым салаларының ерекшеліген қарай әртүрлі сипатқа ие. Мысалы, көптеген зерттеулер спорттағы табандылықты қатысушылардың негізгі психологиялық ерекшеліктерін түсіндіруде әртүрлі теорияларға негізделеді. Өзін-өзі анықтау теориясы физикалық белсенділік, спорт және жаттығулар салаларындағы қазіргі заманғы ең кең таралған әлеуметтік-когнитивтік мотивациялық теориялардың бірі болып табылады. Р.М.Риан мен Е.Деки мотивацияны детерминация теориясы позициясы тұрғысынан қарастыра отырып, адамның ішкі мотивациясының өсуге, дамуға, өзін-өзі анықтауға деген туылғаннан берілетін қабілеттерге ие деп қарастырады [9]. Олар адам ішкі мотивациясына бағыну үшін автономия, компетенттілік және басқалармен байланыс сияқты үш қажеттілік есепке алынуы тиіс деп санайды. Бұл қажеттіліктер қанағаттандырылса, адам өзінің ішкі мотивациясын қосады және іс-әрекеттерге белсене араласып, оқуда, жұмыста немесе жеке өмірде жақсы нәтижелерге жетеді. Қажеттіліктерді қолдайтын әлеуметтік орта адамның ішкі мотивациялық көздері мен әл-ауқатын жақсартады деп тұжырымдайды. Ал керісінше, қажеттіліктерді елемей және қажеттілікті тежейтін әлеуметтік орта адамның сыртқы мотивациялық көздеріне пассивтілік және жалқаулық сияқты салдарымен әсер етеді. Л.Гарднэр және басқа да зерттеушілер өзін-өзі анықтау теориясы негізінде жастардың спортпен айналысуындағы ляззат алу мен ниетінің алғышарттарын зерттеді [10, р. 112]. Олардың зерттеуі бойынша спорттан ляззат алу мен спортпен айналысу ниеті жаттықтырушымен қарым-қатынастары позитивті болғанда жоғары деңгейді көрсетеді. Х.Джозейр мен В.Хейн бойынша тапсырмаларды орындаумен байланысты құрдастардың мотивациялық климаты және жас споршылардың ішкі мотивациясы олардың спорттағы табандылығын көрсетеді [11, р. 51]. Сонымен бірге, басқа да көптеген зерттеулер спортқа тұрақты қатысу жоғары компетенттілікпен, өзін-өзі бағалаумен және жақсы эмоциональды және әлеуметтік бейімделумен байланысты екендігін көрсетті [12, р. 311].

Олай болса, біздің көзқарасымыз бойынша мотивация адамның сыртқы әсерлерге қарағанда ішкі ниеттері мен өзін-өзі тұлғалық дамытуға деген ұмтылысына тікелей байланысты. Адам тумасынан өзін-өзі жетілдіруге, жаңа нәрселерді үйренуге, сол іс-әрекеттерінен шығатын нәтижеден ляззат алуға бейім болады, ол өз кезегінде жеке қабілетті, өз-өзімен жұмыс жасаудың ішкі мотивтерін қозғау мен мүмкіндіктерін пайдаланумен байданыста болады. Спорттағы белсенділікке жүлделі орын алу, ортаның бағалауы сияқты сырттық марапаттарға қарағанда, адамның ішкі қызығушылығы мен өзін-өзі дамытуы үлкен әсер етеді.

Р.Кииган және басқа да зерттеушілер жаттықтырушылар мен ата-аналар лидерлік әсерлерімен, аффективті реакцияларымен және жарысқа қатысу алдындағы мінез-құлықтарымен жасөспірімдердің мотивациялық климатына әсер ететінін көрсетеді [13, р. 361]. Ал спортқа қатысушылар мотивациясына құрдастары бәсекелестік мінез-құлық, бірлескен ынтымақтастық мінез-құлық, бағалау коммуникациялары және өздерінің әлеуметтік байланыстары арқылы әсер етеді. Бұл зерттеу жас спортшылардың мотивациялық климаты туралы түсінік бере отырып, олардың осы саладағы дамуының бастапқы кезеңіндегі мотивациясына әлеуметтік агенттердің әртүрлі әсер ету рөлдерін анықтауға көмектеседі.

Ж.Мэнг және оның әріптестері жасөспірімдердің спорттық іс-әрекетке ұзақ мерзімді қатысуына әсер ететін басты предикторларды анықтады [14]. Жастардың спортқа қатысуына ынталандыратын немесе кедергі келтіретін факторларға метаталдау арқылы келесідей факторларды көрсетті (кесте 1):

Кесте - 1. Тұрақты қатысумен байланысты факторларды метаталдау

Ішкі предикторлар	Сыртқы предикторлар
спорттық белсенділіктен ляззат алу	ата-аналары және отбасы тарапынан қолдау
компетенттілік сезімі	тренермен қарым-қатынас сапасы
өзін-өзі бағалау және өзіне деген сенімділік	құрдастар қолдау және спорттық қауымдастықтың болуы

Бұл зерттеуде спортпен айналысу ниеті жоғары эффект, тренердің, құрдастардың қолдауы және ішкі мотивация орташа эффект, ата-аналар қолдауы, негізгі психологиялық қажеттіліктер және спорттық компетенттілік төмен эффект беретіндігін көрсетеді. Жасөспірімдердің спортпен айналысу мотивациясы жоғарыда қарастырылғандай, ішкі және сыртқы факторларды қамтитын күрделі көп факторлы процесс болып табылады.

Жасөспірімдердің спортпен айналысу, физикалық белсенділігін арттыруға қоршаған және әлеуметтік ортасы, оның спортқа бейімділігі, жынысы және т.б. әлеуметтік факторлар да әсер етеді. Фейлд пен Тэмпл ер балалар мен қыз балалардың спортқа қызығушылықтарында айырмашылықтар бар екенін көрсетеді [15]. Қыз балалар дене бітімінің сымбатты болуына, артық салмақ, сырт келбетіне байланысты, би және т.б., ер балалар футбол, бокс және т.б. яғни жарысқа, мықтылықты, төзімділікке бағытталған сияқты спорт түрлеріне қызығады.

Испаниядағы жасөспірімдердің физикалық белсенділігі туралы және олардың бос уақытта спортпен айналысуына ықпал ететін факторларды зерттей келе, бірқатар себептерді анықтады: оқушылардың уақыттарының жетіспеуі, 13-15 жас аралығындағы жасөспірімдер басқа жас ерекшеліктеріне қарағанда спортпен қызығушылықтары жоғары екені анықталды [16, р. 956]. Қытай зерттеушілері З.Хуанг және т.б. жасөспірімдердің спортпен айналысу көрсеткіші мен детерминанттарын зерттеу үшін көп факторлы регрессиялық талдау жасайды. Талдау нәтижелері теріс және оң факторларды анықтайды: дене шынықтырумен айналысудың теріс факторларына темекі шегу, мектеп үй тапсырмаларының жүктемесінің жоғары болуы мен фастфудты тұтыну. Оң факторларына: ата-аналарының қолдауы, тұрақты және жүйелі түрде таңғы асты ішу мен уақытылы ұйықтау [17]. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде денсаулықта ақауы бар жасөспірімдерге спортпен айналысудың оң ықпалы туралы қарастырылған деректерді кездестіруге болады. Мысалы, С.Туккер және т.б. омыртқа ауыруымен ауыратын 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің спортпен айналысу нәтижесінде денсаулықтары жақсаруына әсер ететін факторларды анықтайды [18].

Жасалған теориялық шолу жасөспірімдердің спортпен айналысуындағы тұрақтылығын қамтамасыз етудің ұзақ мерзімді мотивациясына әсер ететін психологиялық, әлеуметтік және мәдени аспектілерін анықтаудың әртүрлі сипаттамасын көрсетті. Тиімді мотивация – әр тұлғаның өзі айналысып жатқан ісіне деген шынайы қызығушылығын, ішкі сенімін, өз-өзін дамытуға деген қажеттілігіне жол таба білумен байланысты. Әр адам өз әрекетінің мән-мағынасын, ол жеткізетін нәтижені, оның жеке құндылықтарымен байланысын сезіне білсе, кез келген жағдайда өзіндік тұрақты және саналы мотивацияны сақтай алады. Спортпен айналысу ішкі ниет пен биологиялық ерекшеліктерге ғана емес, сонымен қатар айналасындағы орта – ата-аналар, құрдастар, жаттықтықшылар және қоғам тарапынан қолдауға да тәуелді. Әлеуметтік орта тараптан эмоционалды және әлеуметтік қолдау балалардың спортқа деген сенімділігін арттырып, табандылыққа итермелейді. Жалпы алғанда, жасөспірімдердің спортпен айналысуға ынталандыру ішкі мотивацияны дамыту, әлеуметтік қолдау, салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау, әлеуметтік орта тараптан бағалау, әлеуметтік және тұрмыстық жағдайды жақсарту сияқты кешенді тәсілдермен жүзеге асырылғанда тиімді нәтиже береді, олардың спортқа деген қызығушылығының тұрақты болуын, өмір бойын белсенділігін қалыптастырады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Әлеуметтанулық зерттеу сауалнама әдісімен жүргізілді. Сауалнама әдісі жасөспірімдердің спортпен айналысуына әсер ететін факторларды анықтау мен бағалауға мүмкіндік береді. Алғашқы мәліметтер жинау білім беру мекемелерінде өткізілді. Қойылған мақсатқа жету үшін зерттеуге Астана қаласының мемлекеттік жалпы білім беру мекемелерінің 13-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары қатысты. Осы жас аралығындағы жасөспірімдерді таңдау негіздемесі бірнеше себептермен сипаттауға болады: 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдер кезеңі даму психологиясы мен әлеуметтену теориясы тұрғысынан маңызды кезең болып табылады. Яғни мотивациялық құрылым мен құндылық бағдарлары белсенді түрде дамитын кезең. Сонымен қатар, көрсетілген жас кезеңі тұлғаның әлеуметтік және физикалық дамуының ең белсенді уақыты болғандықтан, бұл жас ерекшелігіндегі топ спортқа қызығушылықтың қалыптасу және тұрақтану кезеңін сипаттайды. Осыған байланысты, 13-17 жас аралығы жасөспірімдердің спорттық мінез-құлқын, мотивациялық факторларын және гендерлік айырмашылықтарын талдау үшін қолайлы кезең. Зерттеу географиясы ретінде Астана қаласының алынуы бірнеше әдіснамалық және әдістемелік себептерге негізделеді. Біріншіден Астана еліміздің әлеуметтік, мәдени, білім және спорт инфрақұрылымы дамыған мегаполис. Бұл зерттеу үшін маңызды, өйткені қалалық ортадағы жасөспірімдердің спортқа қатысу белсенділігі мен мотивациясы әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторларға тікелей тәуелді. Екіншіден статистикалық мәліметтерге сәйкес, Астана қаласы еліміз бойынша оқушылар саны, тіркелген мектеп саны бойынша Алматы қаласынан кейін екінші орын алады (ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігінің ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша Астана қаласында 2022-2023 оқу жылында 330 мың оқушы, 2023-2024 оқу жылында – 156 мектеп тіркелген). Үшіншіден, қала тұрғындарының әлеуметтік стратификациясы мен өмір салтының әркелкілігі жастардың мотивациялық ерекшеліктерін түрлі әлеуметтік контексте талдауға қолайлы. Сол себепті бұл зерттеу репрезентативті іріктеу жасауға қолайлы мүмкіндік береді, сонымен қатар осы факторлардың жиынтығы Астана қ. эмпирикалық база ретінде таңдауды ғылыми тұрғыдан сипаттайды.

Зерттеуде мақсатты іріктеу әдісі (алдын-ала белгіленген мақсат пен критерийге негізделген) қолданыла отырып, сауалнамаға 300 респондент тартылды (136 қыз бала және 164 ер бала). Басты іріктеу критерийі: түрлі спорт үйірмесіне соңғы үш жыл көлемінде қатысатын мектеп оқушылары болды. Осылайша, іріктеме көлемі жалпы жиынтықтың сипаттамаларына сәйкес есептеледі және жасөспірімдердің спортқа қызығушылықтарына әсер ететін факторларды терең түсіну үшін қажетті репрезентативтілік деректерді қамтамасыз етеді.

Зерттеу 2023 жылы қазан-қараша айларында жүргізілді. Әлеуметтанулық сұрау бірнеше бөліктерден тұратын сұрақтарды қамтыды: жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығы, мотивациясына әсер еткен факторлар, спортпен шұғылдану ұзақтығы. Әлеуметтанулық зерттеудің мақсаты жасөспірімдердің бос уақытында спортқа қызығушылықтарын талдау, оған әсер ететін мотивациялық факторлардың гендерлік ерекшеліктерін анықтау. Жасөспірімдердің сұрауға қатысуы ерікті түрде жүзеге асты және білім беру мекемелерінен қажетті рұқсат алынды. Қажетті рұқсаттарды алғаннан кейін сауалнама мақсатты аудиторияға таратылды. Сауалнаманы өткізу үшін мектеп басшыларымен алдын-ала келісіліп, оқушылардың оқуына кедергі келтірмейтін уақыт белгіленді. Сауалнама толтыру шамамен 25 минут уақытты алды. Алынған мәліметтер SPSS бағдарламысының 21 нұсқасында талданды. Мәліметтерді талдау барысында дескриптивтік статистика (жиілік, пайыздық үлес, орташа мәндер) және салыстырмалы талдау әдісі (гендерлік ерекшеліктер бойынша) қолданылды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жасөспірімдердің спортпен шұғылдануға қызығушылығының қалыптасуына әсер еткен анықтау үшін “Сіздің спортпен шұғылдануға кім ықпал етті?” сауал қойылды. Әлеуметтанулық зерттеу нәтижесі бойынша жасөспірімдердің басым бөлігі спортпен шұғылдануларына ықпал еткен ата-аналары (89%) екені анықталды. Тек, 10% сұрауға

қатысушылар достары, сыныптастары деп жауап берді. Ата-аналар балаларының спортқа қызығушылықтарын қалыптасуына әсер ететін басты фактор екені айқындалды. Себебі, ата-ана үшін балаларының спортпен айналысуы оларда ұйымдастырушылық, бос уақытты пайдалы өткізу мен өзін-өзі қорғай алу дағдыларының қалыптасуы мен ерік-жігерін дамытушы құрал.

Жасөспірімдердің мектепте өтетін дене шынықтыру сабағының олардың спортпен шұғылдануына әсерін білу үшін “Мектепте өтілетін дене шынықтыру сабағы сіздің физикалық белсенділігіңізге қалай әсер етеді?” сауалы қойылды. Сұрауға қытысқан респонденттердің көпшілігі (56,4%) дене шынықтыру пәнінің пайдалы екенін атап өтті, 25,5% жасөспірімдер жеткілікті деп жауап берсе, 18,1% төмен баға берді. Демек, сол себепті жасөспірімдердің көп бөлігі қосымша спорт үйірмелеріне баратыны белгілі болды және дене шынықтыру сабағы басқа пәндерге қарағанда мыңызды деп санайды. Ер балалардың қыз балаларға қарағанда дене шынықтыру пәніне жоғары қызығушылық танытты.

Зерттеу нәтижесі жасөспірімдердің жалпы спортқа қызығушылықтары өте жоғары екенін көрсетті. Гендерлік ерекшелік бойынша: ер балалар (59,4%) қыз балаларға (30,6%) қарағанда спортқа қызығушылықтары жоғары. Сәйкесінше, спортқа ер балалардың тек 9,4% төменгі қызығушылық танытса, қыз балаларда бұл көрсеткіш 22,4%-қа жетті. Демек, ер балалар қыз балаларға қарағанда физикалық, психикалық тұрғыдан да қыз балаларға қарағанда спортқа бейім болып келеді (кесте 2). Біздің ойымызша, ер балалардың спортқа деген қызығушылықтары олардың физикалық белсенділікке деген табиғи бейімділігін көрсетеді. Ал қыз балалар көбінесе дәстүрлі рөлдер мен күтулерге байланысты, спортпен айналысуға деген ынталарын төмендетуі (ер балалармен салыстырғанда) мүмкін.

Кесте 2. Жасөспірімдердің спортқа қызығушылық деңгейі (гендерлік ерекшеліктері бойынша), N=300

№	Жауап нұсқалары	Ер бала	Қыз бала
1	Жоғары	59,4%	30,6%
2	Орташа	29,1%	42,2%
3	Төмен	9,4%	22,4%
4	Жауап беруге қиналамын	2,1%	4,8%
5	Барлығы (%)	100%	100%

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) қазіргі қоғамдағы жүру белсенділігінің төмендеуі мен аз қоғалу мәселесін көтерді: 11 жастан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдердің 80% дерлік физикалық белсенділіктің жаһандық ұсыныстарына сәйкес келмейді. Бұл өте алаңдатарлық сандар. Жасөспірімдер жасөспірімдік шақта өмір бойына әдет-дағдыларды қалыптастыратын кезең болып саналады. Халықаралық ұйымдардың қазіргі уақытты басты міндеттерінің бірі өсіп келе жатқан ұрпақты үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу арқылы салауатты өмір салтын ұстануға және физикалық белсенділікті, спортқа қызығушылықтарын арттыру. Сол себепті біздің қоғамның алдында тұратын басты міндеттердің бірі жасөспірім шақта жастарды спортқа, спортпен айналысуға тарту.

Спортқа қызығушылық танытып, спортпен айналасқан бастаған уақытын білу мақсатында жастарға “Спортпен айналысу ұзақтығыңызды көрсетіңіз” сауалы ұсынылды. Сұрауға қатысқандардың басым көпшілігі 67% 3 жылға жуық спортпен тұрақты түрде айналысады. 2 жылға жуық 23,3% респонденттер спортпен шұғылданса, 9,7% жасөспірімдер 1 жыл уақыт көлемінде спорт үйірмелеріне қатысады. Демек, зерттеуге қатысушылардың жартысынан жуығынан көбісінің спортпен айналысу тәжірибесі жоғары. Біздің ойымызша, респонденттердің көпшілігінің спортпен айналысу ұзақтығы 3 жылға жуық екенін олардың спортқа деген қызығушылығының жоғарылығы мен ынтасын білдіреді. Сонымен қатар, бүгінгі жастар жастар денсаулықты сақтау мен физикалық белсенділіктің маңыздылығын түсінгенін байқап отырмыз.

Зерттеуге қатысушылардың спортпен айналысу жиілігін білу үшін, оларға “Спортпен қаншалықты жиі айналысасыз?” деген сауалы қойылды. Спортпен айналысу жиілігі бойынша сұрауға қатысушалар арасында гендерлік ерекшелік байқалды. Аптасына үш рет тұрақты түрде спортпен ер балалардың басым көпшілігі (88,5%) шұғылданса, тек 54,7% қыз балалар ғана қатысады. 9,8% ер балалар аптасына 1-2 рет спорт үйірмелеріне барса, 26,4% қыз балалар бір екі мәрте ғана түрлі спорт секцияларына барады. Тек, 1,7% ер балалар айына 5-6 рет спортпен айналысса, қыз балаларда бұл көрсеткіш бірнеше есе жоғары (18,9%). Мәліметтерді талдау негізінде, ер балалар қыз балаларға қарағанда спортқа деген қызығушылықтары жоғары екені анықталды және оны бірнеше факторлармен түсіндіруге болады. Мәдени және әлеуметтік факторлар спортқа деген қызығушылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Көптеген қоғамдарда ер балаларға спортпен айналысу, физикалық белсенділік көрсету және бәсекелестікке қатысуға ынталандыратын орта қалыптасқан. Ал, қыз балаларға қатысты спорттық белсенділіктің төмендігі әлеуметтік стереотиптермен байланысты болуы мүмкін. Көптеген мәдениеттерде қыз балаларға нәзік, сабырлы болу және спорттық белсенділікті шектеу туралы көзқарас қалыптасқан. Сонымен қатар, қыз балалардың спортқа қатысу жиілігінің жоғаруы болуы (айына 5-6 рет), спортпен айналысатын респонденттердің санының көп болуымен түсіндіріледі немесе олар спортты әлеуметтік белсенділік, достармен уақыт өткізу ретінде көруі мүмкін, бірақ бәсекелестікке деген қызығушылықтары ер балаларға қарағанда төмен болуы ықтимал. Зерттеу нәтижелері ер балалар мен қыз балалар арасындағы спортқа деген қызығушылық пен қатысу деңгейіндегі айырмашылықтарды айқын көрсетеді. Бұл айырмашылықтар мәдени, әлеуметтік және психологиялық факторлармен байланысты болуы мүмкін, олар спорттық белсенділікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Жасөспірімдердің спортпен айналысуына әсер еткен мотивацияларды анықтау үшін оларға “Сіздің спортпен айналысуыңызға әсер ететін басты мотивацияларды көрсетіңіз?” сауалы қойылды. Зерттеу барысында жасөспірімдердің спортпен айналысуына әсер еткен негізгі мотивтері белгілі болды. Денсаулық үшін пайдалылығы (53,4%) мен көңіл көтеру (51,2%) жасөспірімдер үшін әртүрлі спорттық іс-шараларға қатысуға итермелейтін негізгі факторларда басымдылыққа ие болса, тұлғалық өзін-өзі жетілдіруі (38,3%) мен денесін шынықтыру арқылы дене бітімін сақтау (45,7%) да келесі маңызды факторларды құрайды. Бәсеке (33,5%) мен жарыстардан ляззат алу аз (30,4%) деңгейде болса да негізгі себептерді құрайды. Достардың, отбасының және спорт ұйымдарының жақын орналасуы физикалық белсенді болу мотивациясында аз рөл атқаратынын көрсетті (Сурет 1).


Сурет 1. Жасөспірімдердің спортпен айналысу мотивациясына әсер ететін негізгі факторлар (%), N=300



*Ескерту. Респонденттерге бірнеше жауапты белгілеу мүмкіндігі берілгендіктен, жалпы жауап 100%-дан асты

Гендерлік ерекшелік бойынша қарастырсақ, ер балаларға спорттан алатын басты мотивациялық фактор көңіл көтеру (55,5%), екінші орында дене бітімінің шымыр болуы (50,4%), үшінші орында денсаулыққа пайдалығы (49,4%) болса, қыз балалар үшін дене шынықтыру, сымбатты дене қалыптастыру (49,7%), одан әрі көңіл көтеру (32,8%), келесі факторды жаңа ортаның болуы (30,4%) құрады. Жасөспірімдердің спортпен айналысуға келтіретін кедергілерді де анықтау мақсатында оларға “Сіздің спортпен айналысуға қандай кедергілер келтіреді?” сауалы қойылды. 35,4% респонденттер сабақ оқудан кейінгі шаршау сезімі басым болатынын көрсетсе, 30,1% жасөспірімдер жалқаулық спортпен айналысуға кедергі келтіретін басты фактор екенін жасырмады. Бұл пайыздық көрсеткіштегі жастар бөлігі ата-аналары ықпал ететіні белгілі. 24,5% жасөспірімдердің спорт үйірмелеріне қатысуға кедергілер болып бос уақыттың аз болуы, тығыз графикпен түсіндірді. 11,5% респонденттер үшін спорт мекемелерінің олардың тұратын жерлерінен қашық болуы, 10,1% жасөспірімдер үшін олардың қызығушылық танытқан спорт түрлері олардың сабақ кестелеріне сәйкес келмей жатады деп көрсетті. Тек, 8,1% сұрауға қатысушылар спорт секцияларының төлемі қымбат болатынын атап өтті (сурет 2).

Сурет 2. Жасөспірімдердің спортпен айналысуына келтіретін кедергілер, N=300



*Ескерту. Респонденттерге бірнеше жауапты белгілеу мүмкіндігі берілгендіктен, жалпы жауап 100%-дан асты

Зерттеу мәліметтеріне сәйкес, жастардың физикалық белсенділігіне кері әсер ететін факторларға: жекелік, әлеуметтік-экономикалық және географиялық факторлар жатады.

Жастардың спортпен айналысуына кедергі келтіретін себептерді гендерлік аспектіде қарастырайық. Ер балалар үшін спортқа кедергі келтіретін басты себептердің бірі жалқаулық (30,5%) болса, екінші орында сабақтан шаршау (26,4%) орын алды, спортқа қабілетінің болмауы (15,2) келесі кедергі екені анықталды. Қыз балаларда спортпен айналысуға кедергі келтіретін басты факторлар сабақтан шаршау (38,9%). 28,1% сұрауға қатысқандар үшін физикалық белсенділіктеріне кері әсер ететін жалқаулық болса, бос уақыттың болмауы да басты себептердің бірі (28,1%). Қыз балалар ер балаларға қарағанда үй шаруа жұмыстарына көмек, мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсенділік көрсетіп жатады. Зерттеу нәтижесі бойынша да ер балалар үшін бос уақыт сияқты кедергі қыз балаларға қарағанда үш есе аз

(9,5%) болып келеді. Спортқа қабілетті болмауы қыз балалар үшін келесі басты себептердің бірі (25,5%) болса, ер балалар да (8,2%) бұл көрсеткіш 2,5 есеге төмен. Төлемақының қымбат болуы ер балалар (10,7%), қыз балалар (12,4%) үшін көрсеткіштерде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Денсаулықтарына байланысты туындайтын кедергілер қыз балалар (2,3%) үшін де, ер балалар (3,1%) үшін де маңызы төмен себептердің бірі. Демек, спортқа қызығушылық танытып, спорт үйірмелеріне қатысып жүрген жасөспірімдерде денсаулықтарына байланысты мәселелер жоқ екенін көрсетті (кесте 3).

Кесте 3. Жасөспірімдердің спортпен айналысуына келтіретін кедергілер (гендерлік ерекшеліктер бойынша), N=300

№	Жауап нұсқалары	Ер бала	Қыз бала
1	Жалқаулық	30,5%	29,5%
2	Сабақтан шаршау	26,4%	38,9%
3	Қашық орналасуы	4,5%	11,3%
4	Кестенің сәйкес келмеуі	7,6%	11,1%
5	Бос уақыттың аз болуы	9,5%	28,1%
6	Төлемақының қымбат болуы	10,7%	12,4%
7	Денсаулығыма байланысты	3,1%	2,3%
8	Спортқа қабілетімнің болмауы	8,2%	25,5%
9	Басқа себептер	4,3%	9,5%

*Ескерту. Респонденттерге бірнеше жауапты белгілеу мүмкіндігі берілгендіктен, жалпы жауап 100%-дан асты

Елімізде жүргізілген басқа да әлеуметтанулық зерттеулер де жастардың спорт секцияларына сауықтыру үйірмелеріне қол жеткізудің шектеулілігін, оның ішінде қаржылық қиындықтардың болуын, көшедегі спорт алаңдарының аздығын, спорт ғимараттарының коммерциялануын, спорттық орындардың өңірлік және ауылдық жерде аздығы сияқты мәселелердің олардың спортпен айналысуына кедергі келтіретін факторлар ретінде көрсеткен. Сонымен бірге зерттеу нәтижелері жастар ортасында спортқа деген белсенділік деңгейі, әсіресе ер балаларда жоғары екендігін анықтады. Бұл қызығушылық олардың кем дегенде аптасына бір рет физикалық белсенділікпен айналысу үшін арнайы ұйымдарға, жаттығу орындарына баратындықтарынан көрініс табады. Біздің зерттеуіміздегі спортпен айналысудағы гендерлік және практикалық іс арасындағы байланысты талдау барысы, басқа да зерттеулердегідей, ер адамдардың әйелдерге қарағанда көбірек спортпен айналысу фактісін растады.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазіргі кезеңдегі халықтың, соның ішінде жастардың бос уақыттарын тиімсіз өткізуі өсіп келеді. Жасөспірімдердің көп бөлігі өздерінің бос уақыттарын Интернет желілерінде, видео ойындар және т.б. сияқты пайдасыз, отыруды талап ететін өмір салтын ұстанады. Сол себепті,

тұтастай қоғам ретінде жастардың бос уақытын өткізу мәселесіне назар аудару қажеттілігі пайда болды. Соның ішінде жасөспірімдерді спортпен шұғылданумен тарту, олардың мотивацияларын қалыптастыру маңызды. Спорттық жаттығудың оң әсері, жағымды эмоция мен көңіл күйді арттыратыны туралы бірнеше зерттеулер жүргізіліп, нәтижелері расталды. Жасөспірімдердің физикалық белсенділігі олардың спортқа қызығушылықтарын арттыратын құрал екені біздің жүргізілген зерттеу нәтижелері де көрсетті.

Мәліметтерді талдау негізінде жасөспірімдердің спортқа қызығушылықтарына әсер ететін негізгі фактор ретінде ата-аналар екені анықталды. Ата-ана жасөспірім шақта балаларға салауатты өмір салтын, салауатты дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Баланың өскен әлеуметтік ортасы да оның спортқа қызығушылығына әсер ететін басты мотивациялық климатты қалыптастырады. Отбасында ересек адамдардың физикалық белсенділігін көріп өскен бала сол отбасылық үлгілерді бойына сіңіреді. Жастардың өз қызығушылықтарын анықтауға көмектесетін әртүрлі спорттық іс-шараларға тарту және ата-аналармен бірге салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүргізу айтарлықтай пайда әкеледі, ата-аналар балалардың спортпен айналысуына зор ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері бойынша, респонденттердің 89%-ы спортпен айналысуға ата-аналарының әсер еткенін көрсетті. Бұл отбасы институтының әлеуметтендіру функциясының маңыздылығын дәлелдейді. Отбасындағы үлгі мен қолдау жасөспірімнің ішкі мотивациясын күшейтеді. Осылайша, 1-ші гипотеза толықтай расталғанын байқадық.

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері жасөспірімдердің, әсіресе ер балалардың спортқа деген қызығушылықтың жоғары екені анықталды. Ер балалардың көп бөлігі спорт үйірмелеріне аптасына тұрақты түрде үш рет барса, қыз балалар 1-2 рет қана баратынын көрсетті. Қыз балалардың табиғаты ер балаларға қарағанда физикалық белсенділік жағынан төмен болатыны айқындалды. Гендерлік айырмашылықтар бойынша ер балалар үшін басты мотив ол көңілді көтеру, шымыр дене болса, қыз балалар үшін сымбатты дене мен көңіл көтеру болып табылады. Гендерлік ерекшелік бойынша қыз балаларда басты кедергі сабақтан шаршау, жалқаулық, бос уақыттың шектеулігі болса, ер балалар үшін жалқаулық, шаршау. Жасөспірімдердің сабақтан шаршау сияқты спортпен шұғылдануға келтіретін кедергі мектепте шектен тыс жүктеменің болуы мен үйде баланы көптеген жауапкершіліктер арттырумен байланысты. Гендерлік салыстыру нәтижесінде ер балалардың спортқа жоғары қызығушылық танынатыны (59,4%) анықталды, ал қыз балаларда бұл көрсеткіш 30,6% ғана болды. Бүлй айырмашылық физикалық, психологиялық және мәдени факторлардың өзара ықпалына байланысты. Осылайша, 3-ші гипотеза расталды. Осылайша, Фейлд пен Тэмпл [15] көрсеткен ер балалар мен қыз балалардың спортқа қызығушылықтарында айырмашылықтар бар екенін байқадық. Жасөспірімдердің спортпен шұғылдануына мүмкін болатын кедергілер тізімі де айқындалды. Ер балалар мен қыз балаларға спортпен шұғылдануына кедергі ретінде ортақ себептер анықталды: жалқаулық, жасөспірімдердің сабақтан шаршауы, спортпен тұрақты түрде шұғылдану дағдылардың жетіспеушілігі мен уақыттың аздығы сияқты факторлар.

Спорттық жаттығулар мен спортқа қызығушылыққа әсер ететін жасөспірімдердің басты мотивациялық факторларды: *эмоциялық және физикалық* деп ажыратуға болады. Х.Джозейр мен В.Хейннің [10] зерттеулері спортпен айналысу ішкі мотивациялық климатқа байланысты екендігі біздің зерттеуімізде дәлелденді. Зерттеу нәтижесінде, жасөспірімдердің спортқа деген ұмтылысы жоғары екенін көрсетті. Спортпен шұғылдануға әсер ететін басты үш мотивациялық факторлар анықталды: денсаулық үшін пайдалылығы (53,4%), көтеріңкі көңіл күйде болу (51,2%) және дененің сымбатты (45,7%) болуы. Л.Гарднэр [11] және басқа да зерттеушілер спорттан ляззат алу мен спортпен айналысу жағымды көңіл-күй беретінін және жетістікке жетудің құралы ретінде көрсеткен, бұл тұжырымдар біздің зерттеу нәтижелерімізде де байқалды. Сонымен, спортқа қызығушылыққа әсер ететін мотивация көптеген факторлармен анықталады: жеке қабілеті ерекшеліктері; әлеуметтік-экономикалық жағдайлар; физикалық ерекшелік, отбасылық құндылықтар. Спортпен айналысуға ықпал

ететін мотивацияны қалыптастыруда жеке қасиеттер де (мінез, темперамент, физикалық бейімділігі) маңызды рөл атқарады.

Сауалнама нәтижесі бойынша спорттық инфрақұрылымның қашықтығы мен секция кестесінің сәйкессіздігі респонденттердің бір бөлігі (шамамен 11-12%) үшін кедергі фактор болып табылады. Бұл жасөспірімдердің физикалық белсенділігі тек ішкі ниетпен ғана емес, құрылымдық (жүйелік) жағдайларға да тәуелді екенін көрсетеді. Осылайша, спорт секцияларының жақын орналасуы мен инфрақұрылымның қолжетімділігі жасөспірімдердің спортпен шұғылдануына оң әсер етеді деген 2-ші гипотеза жартылай расталды.

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, жастардың спортпен шұғылдануға әсер ететін мотивациялар анықталып, келесідей жіктелді. *Нәтижеге немесе жекелікке бағытталған* мотивация. Нәтижеге бағытталған мотивке: күтілетін сыйақы, жеңіске қол жеткізу; жекелікке бағытталған мотивке: өзінің қызығушылығы, ляззат алу, денсаулығына байланысты жаттығу жатады. *Спортпен айналысу ұзақтығы бойынша: уақытша және тұрақты.* Уақытша мотивке: қысқа мерзімді, белгілі бір жағдайға ғана байланысты жаттығулар; тұрақты мотивке: ұзақ мерзімді, қажет болған жағдайда өмір бойы немесе көп жылдар бойы спортпен шұғылдану жатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, спортқа қызығушылық пен мотивация – биопсихологиялық, әлеуметтік және мәдени факторлардың өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасатын күрделі құбылыс. Мұндай факторлар жасөспірімдерді салауатты өмір салтын ұстануға насихаттау, жастарды физикалық беленділік пен спортқа тарту үшін спорттық бағдарламаларды әзірлеуде қажет ететін айнымалы болып табылады. Жасөспірімдердің спортқа деген позитивті оң көзқарасын сақтау үшін және спортты тастап кету деңгейін төмендетуде олардың осы жас кезеңіндегі әлеуметтену процесін тиімді пайдалану маңызды. Спорт әлеуметтендірудің әлеуметтік институты ретінде олардың тұлға ретінде қалыптасуы мен спорттағы тұрақтылықты қалыптастыруына ықпал ете алады.

Статистикалық мәліметтерге негізделген индекстер. Ғылыми практикада статистикалық дерекке ғана негізделген индекстер бар. Мысалы, америкалық ғалымдар бұрын жарияланған индекстер мен азаматтық және саяси белсенділікке қатысты әдебиеттерге сүйене отырып, белсенді азаматтықтың үш ауқымды категориясын өлшейтін 40 көрсеткішті анықтады. Ол үштікке мыналар жатады: азаматтық және саяси білім, қоғамдық өмірге қатысу және саяси өмірге араласу.

Бұл индексті қалыптастыру барысында алты институттың статистикалық дерегі жинақталған:

- Әділет статистикасы бюросы;
- Азаматтық білім және белсенділік бойынша ақпарат және зерттеу орталығы;
- Федералды тергеу бюросы (FBI);
- Ұлттық білім статистикасы орталығы;
- Ұлттық кәметке толмағандар әділет орталығы;
- АҚШ халық санағы бюросы [13].

Сондай-ақ, статистикалық дерекке негізделген индекстерге «Азаматтық ақпараттық индекс» (Civic Information Index) жатады. Алайда, бұл индекстің азаматтық белсенділікке

арналған бір ғана субиндекс бар. Аталған субиндекс Браун университетінде Сарапшылардың консультативтік тобы және журналистика көшбасшыларымен бірлесіп жасалған.

Индекс келесі статистикалық дерекке сүйене отырып құрастырылады: сайлаушылардың қатысу деңгейі; 10 мың адамға шаққандағы мүшелері бар қауымдастықтардың саны; штат тұрғындарының ұйымдар арқылы ресми түрде волонтерлік қызмет атқарған үлесі; қайырымдылық жарналардың үлесі; 2020 жылғы халық санағы бойынша өзіндік есеп беру деңгейі.

Барлық ақпарат келесі бес түрлі дерекқордан жиналады:

- MIT Election Data and Science Lab;
- American Community Survey;
- County Health Rankings;
- Current Population Survey Civic Engagement and Volunteering (CEV) Supplement;
- IRS Statistics of Income, U.S. Census Bureau [14].

Сауалнама нәтижелеріне негізделген индекстер. Тұрғындар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне ғана негізделген индекстерге тоқталатын болсақ, Gallup компаниясы әзірлейтін «Жаһандық азаматтық белсенділік индексі» (Global Civic Engagement Index) атауға болады. Бұл индекс мына үш негізгі сұраққа сүйенеді: «Сіз өткен айда келесі әрекеттердің бірін жасадыңыз ба, яғни ...»

1. қайырымдылыққа ақша аудардыңыз ба?
2. қайырымдылық ұйымына уақыт бөлдіңіз бе?
3. көмекке мұқтаж бейтаныс адамға көмектестіңіз бе?

Gallup сарапшыларының пікірінше, бұл сұрақтар тұрғындардың өз қауымдастықтарына қаншалықты бейілді екенін өлшеуге арналған. Сондай-ақ, бұл мәлімет үкіметтерге, бизнеске және ұйымдарға волонтерлік әлеуеті бар халықты жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, америкалық ғалымдар азаматтық белсенділіктің негізгі көрсеткіштерін әзірледі, олар үш негізгі блоктан тұрады (2-кесте). Бұл ақпарат телефон арқылы және онлайн-сауалнама негізінде жинақталады [15]:

2-кесте. Азаматтық белсенділіктің негізгі көрсеткіштері

Азаматтық көрсеткіштер	Электоралды көрсеткіштер	Саяси дауыс көрсеткіштері
<ul style="list-style-type: none"> ● Қоғамдастық мәселелерін шешу ● Топта немесе бірлестікте белсенді мүшелік ету ● Сайлауға қатысты емес ұйымда тұрақты ерікті болу ● Жүгіруге/серуендеуге қаражат жинауға қатысу ● Басқа қайырымдылық шараларға қаражат жинау 	<ul style="list-style-type: none"> ● Тұрақты дауыс беру ● Басқаларды үгіттеу ● Белгілерді, төсбелгілерді, стикерлерді көрсету ● Сайлау науқанына жарна беру ● Саяси кандидат немесе саяси ұйым үшін ерікті ретінде жұмыс істеу 	<ul style="list-style-type: none"> ● Қызмет бабындағыларға шағымдану ● БАҚ-қа үндеу жолдау ● Наразылық шараларына қатысу ● Электрондық хаттар/жазбаша өтініштер жіберу ● Бойкот ● Үгіт

Ұлыбританияда жыл сайын «Қауымдастық өмірін зерттеу: азаматтық белсенділік және әлеуметтік әрекеттер» атты зерттеу жүргізіледі. Бұл жұмыста әлеуметтанулық сауалнамалар арқылы азаматтық белсенділік деңгейі 9 бағыт бойынша талданады, олар [16]:

1. Азаматтық қатысу (Civic participation);
2. Азаматтық кеңес беру;
3. Азаматтық белсенділік;

4. Азаматтық тартылу (Civic engagement);
5. Жергілікті шешімдерге әсер ету;
6. Жергілікті шешімдерге ықпал ету мүмкіндігінің маңыздылығы;
7. Жергілікті шешімдерге қатысу деңгейі;
8. Шешім қабылдауды қамтамасыз ету;
9. Әлеуметтік әрекет.

Халық арасында жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері негізінде азаматтық белсенділік индекстерін құру – кең таралған тәжірибе. Мысалы, Солтүстік Каролина Азаматтық Білім Консорциумы 2003 жылы Азаматтық Индексті әзірледі [17]. Солтүстік Каролина азаматтық индексі (North Carolina Civic Index) – азаматтық білім беру мен жастардың азаматтық белсенділігін кешенді бағалауға бағытталған өңірлік индикаторлардың бірі. Жобаның мақсаты – азаматтық белсенділікті өлшеудің шынайы, мазмұнды көрсеткіштерін қалыптастыру және жастардың белсенді азамат ретінде қалыптасуына әсер ететін факторларды бағалау болды. Зерттеу аясында 13-17 жас аралығындағы 771 жасөспірім мен 804 ересек тұрғын телефон арқылы сұхбаттасу әдісімен сауалнамаға тартылды. Яғни индекске керекті мәліметтер телефон арқылы жүргізілген сауалнама нәтижесінде алынған. Сонымен қатар, индекске дауыс беру белсенділігі, қайырымдылыққа қатысу, қоғамдық лауазымдардағы әртүрлілік сияқты қосымша индикаторлар да енгізілді. Азаматтық индекс азаматтық белсенділіктің бес негізгі бағыты негізінде жасалған, оның ішінде азаматтық білім, азаматтық дағдылар, азаматтық мінез-құлық, азаматтық көзқарастар және азаматтық мүмкіндіктер (3-кесте).

3-кесте. Солтүстік Каролинаның Азаматтық индексінің негізгі көрсеткіштері

Субиндекс	Көрсеткіштер
Азаматтық білім	Солтүстік Каролина жастары штаттан сайланған АҚШ-тағы екі сенаторын атай ала ма? Олар жергілікті билік органдарының міндеттерімен таныс па?
Азаматтық дағдылар	Солтүстік Каролина жастары өз пікірін білдіретін хат жаза алатынына сенімді ме? Олар «қолдаймын» және «қарсымын» деген аргументтерді келтіруде тиімділік таныта ала ма?
Азаматтық мінез-құлық	Штат жастары қоғамдық қызмет көрсету іс-шараларына қатыса ма? Олар мектеп клубтарына, оның ішінде саяси клубтарға мүше ме?
Азаматтық көзқарастар	Солтүстік Каролина жастары федералды, штаттық немесе жергілікті үкіметке сенім арта ма? Олар әртүрлілікті бағалай ма?
Азаматтық мүмкіндіктер	Солтүстік Каролина жастары оқитын мектептер ерікті қызмет көрсету мүмкіндіктерін ұсына ма? Жастар үкімет туралы ақпаратты қайдан алады? Олар үйде саясат туралы пікір алмаса ма?

Индекстердің бірқатары азаматтық белсенділікті өлшеу үшін әртүрлі шкалаларды қолдана отырып, халық арасында жүргізілген сауалнамалар негізінде құрастырылады. Мысалы, америкалық ғалымдар Doolittle & Faul азаматтық белсенділікке арналған өздерінің шкаласын (Civic Engagement Scale) әзірледі, ол көзқарас және мінез-құлықты ескеруге бағытталған 2 компоненттен тұрады: [18]. Бірінші компонент – адамдардың өз қауымдастығына қатысуы мен оны өзгерту қабілетін қабылдауына қатысты жеке сенімдері мен сезімдерін бағалайтын 8 ұстанымнан тұрады. Екінші компонент – азаматтық белсенділіктің деңгейін көрсететін мінез-құлықты өлшеуге арналған 6 әрекеттен тұрады. Ұстанымдар шкаласы: 7-баллдық (1 – келіспейміннен 7-келісемінге дейін); әрекеттер шкаласы да: 7-баллдық (1 – ешқашан, 7 – үнемі). Азаматтық мінез-құлық – бұл адамның өз қауымдастығына қатысуы мен оны өзгерту мақсатында жасайтын белсенді әрекеті ретінде анықталады. Ұстанымдар бөлігінде: «Мен қоғамым үшін жауаптымын», «Беделді ұйымдарға қолдау білдіргім келеді» деген сияқты мәлімдемелер, ал әрекеттер бөлігінде: «Мен волонтерлік қызметтемін», «Қоғамға көмек

көрсетемін» деген сияқты іс-әрекеттер қамтылады. Бұл шкала сандық және сапалық дереккөздерді біріктіретін зерттеулерде индикатор ретінде қолданыла алады.

Сондай-ақ, әлеуметтанулық мәліметтерге негізделген индекстерге екінші қатардағы дайын зерттеу нәтижелерін пайдаланатын индекстерді жатқызуға болады, яғни басқа ұйымдар жүргізген әлеуметтанулық зерттеулердің мәліметтері қолданылады. Мысалы, Халықаралық әлеуметтік зерттеулер институты (АҚШ) азаматтық белсенділікті өлшеуге арналған өз индексін әзірледі [19]. Бұл индекс азаматтық қызметке қатысу деңгейі бойынша келесі мәліметтерді пайдаланады, оның ішінде:

- петицияларға қол қою немесе бейбіт демонстрацияларға қатысу;
- азаматтық қоғам ұйымдарын зерттеу және олардың тиімділігін бағалау;
- БАҚ арқылы ақпаратқа қолжетімділік;
- азаматтық хабардарлық деңгейі және
- саяси мәселелер бойынша ақпараттану деңгейі.

Индекс бірнеше әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері негізінде жасалған, атап айтқанда:

- Афробарометр;
- Халықаралық электр байланысы одағы;
- Тұрақты басқару көрсеткіштері (SGI);
- Әлемдік құндылықтар зерттеуі;
- Америкабарометр.

Сарапшылар арасында өткізіген сауалнама нәтижелеріне негізделген индекстер.

Кейбір зерттеушілер азаматтық белсенділік индексін есептеу үшін сарапшылармен өткізілген сауалнамаларды пайдаланады. Мысалы, ресейлік ғалымдар Ресей Федерациясының өңірлері бойынша азаматтық белсенділік индексін есептеу әдістемесін әзірлеу үшін сарапшылармен сауалнама жүргізген. Бұл сауалнамаға 60 сарапшы қатысқан, оның ішінде: мемлекеттік және муниципалдық билік өкілдері (15 адам), ҰЕҰ басшылары (15 адам), өңірлік бизнес өкілдері (15 адам) және БАҚ өкілдері (15 адам).

Бұл тәсіл сарапшылардың пікіріне негізделген кешенді талдау жасауға мүмкіндік береді. Алайда сарапшылардың бағалауы субъективті болуы мүмкін, сондықтан оларды халықтың пікірімен немесе статистикалық дерекпен біріктіру маңызды [20].

Аралас тәсіл – бұл бірнеше әдісті біріктіру негізінде индекс әзірлеу жолы. Осы орайда Азаматтық қатысу форумының (Citizen Participation Forum) Болгарияның коммерциялық емес құқық орталықтарымен бірлесіп жасайтын Азаматтық қатысу индексін (Citizen Participation Index) атап өтуге болады. Citizen Participation Index – Болгарияда азаматтық қатысуды жүйелік түрде бағалауға бағытталған индекс, ол 100-ден астам үкіметтік емес ұйымдардан құралған желінің бірігіп әзірлеген жобасы. Оның басты мақсаты – азаматтардың қоғамдағы белсенділік деңгейін, институттармен өзара әрекетін және бастамалардың нақты әсерін өлшеу. Индекс дайындауда қолданылатын ақпарат көздері: құқықтық базаны талдау, ұлттық зерттеулер (омнибус, 1000 респондент), азаматтар мен ҰЕҰ өкілдерінің арасында өткізілетін сауалнама (400-ден астам жауап), эксперттік бағалау сессиялары.

Әрбір көрсеткіш бойынша бағалауды жергілікті және ұлттық деңгейде әртүрлі салаларда жұмыс істейтін азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері мен сарапшылардан тұратын сараптамалық топ жүргізеді.

Индекс үш негізгі өлшем бойынша есептеледі [21]:

1. қатысу ортасы (құқықтық және институционалдық базасы, яғни қатысу ережелері мен институционалдық орта азаматтардың қатысуын қаншалықты қолдайды және жеңілдетеді);
2. қатысу практикалары (жоспарланған және бейресми формалардағы әрекеттер, азаматтардың қатысуының ауқымы мен олардың белсенділігі),
3. әсер/нәтиже (бастамалардың нәтижелері және олардың құқықтық, әлеуметтік және институционалдық ортаға әсері).

4-кесте. Азаматтық қатысу индексінің негізгі көрсеткіштері

Субиндекс	Көрсеткіштер
Азаматтық қатысу ортасы	1. Заңнама 2. Институционалдық орта
Азаматтық қатысудың тәжірибелері/көріністері	1. Ұлттық және жергілікті деңгейдегі азаматтық қатысу бастамалары 2. Белсенді азаматтар
Азаматтық қатысу әсері/нәтижелері	1. Азаматтық бастамалардың нәтижелері 2. Бастамалар ортасындағы өзгерістер

Әдістемеде әрбір санаттың өзіндік салмағы бар. Эксперттер әр индикаторды бағалап, салмақталған орташа бойынша жалпы балл қалыптасады: қатысу ортасының үлесі 30% құрайды, қатысу практикаларының үлесі де 30% және әсер – 40%-ды қамтиды.

Әр түрлі индикаторлар бойынша есептелген нәтижелер 0-6 шкаласында бағаланады:

- 0-2 балл – азаматтардың қатысуы дамымаған немесе әлсіз дегенді білдіреді;
- 2,1-4,0 балл – дамып келе жатқан азаматтық қатысу;
- 4,1-6 балл – жоғары деңгейдегі, дамыған азаматтық қатысу деп бағаланады.

Citizen Participation Index – Болгария контекстіндегі азаматтық қоғамды трендтермен салыстыра, оның орташа көрсеткішін және даму аймақтарын көрсететін құрылымды индекс. Ол құқықтық, әлеуметтік-практикалық және әсерлік аспектілерді біріктіреді, және әр 2 жыл сайын жаңартылып отырады.

Азаматтық белсенділікке байланысты жиынтық индекстерге сондай-ақ Азаматтық белсенділікті бағалаудың құрамдық көрсеткіші жатады [22]. Еуропадағы Азаматтық белсенділікті бағалаудың құрамдық көрсеткіші (Active Citizenship Composite Indicator, ACCI) Еуропалық комиссияның CRELL (Centre for Research on Lifelong Learning) зерттеу орталығы әзірлеген, азаматтық белсенділікті кешенді түрде өлшейтін индикаторлардың бірі. Индекс 2006 жылы әзірленіп, European Social Survey (ESS) 2002 жылғы деректеріне негізделген. ACCI индикаторы – Лиссабон стратегиясының «әлеуметтік бірігуді» күшейту мақсаты аясында әзірленген. Ол азаматтардың қоғам өміріне қатысу деңгейін салыстырмалы түрде бағалау үшін қолданылады және білім беру мен азаматтықты тәрбиелеу саясатына мониторинг жүргізуге көмектеседі. Бұл индекс 4 негізгі өлшемге негізделеді: 1) саяси өмірге қатысу – дауыс беру, партияға мүше болу, ерікті жұмыс, әйелдердің парламенттегі үлесі; 2) азаматтық қоғам – құқық қорғау ұйымдарына, экологиялық немесе кәсіподақ ұйымдарына қатысу, наразылық білдіру (петиция, демонстрация, бойкот); 3) қауымдастық өмірі – діни, мәдени, спорттық, ата-ана ұйымдарындағы белсенділік, ұйымдаспаған көмек көрсету; 4) құндылықтар – демократия, адам құқықтары мен интермәдениетке түсіністік. Әр өлшем бірнеше негізгі индикаторлардан (барлығы 63) және субөлшемдерден тұрады.

Индекстің әдіснамасына тоқталсақ, дереккөз ретінде European Social Survey (2002) қорытындылары алынған, 19 ел қамтылған (мысалы, Австрия, Финляндия, Португалия, Ұлыбритания, т.б.). Индикаторлар стандартталып, салмақ беріліп, кешенді индекс құралған және де индекстің орнықтылығы факторлық талдау мен сезімталдық талдауы арқылы тексерілген. ACCI-дің маңыздылығы тек саяси белсенділікті емес, сондай-ақ бейформалды қатысуды, әлеуметтік құндылықтарды және еріктілік мәдениетін қамтиды. Индекс білім беру, қоғамдық саясат, және гендерлік теңдік, сенім сияқты индикаторлармен өзара байланысы бар екенін көрсетті.

Сонымен бірге, ғылыми зерттеулерде азаматтық белсенділік индексін құруда дәстүрлі азаматтық белсенділіктен бөлек, оның жаңа түрі ретінде цифрлық азаматтық белсенділік кеңінен қолданыла бастады.

Цифрлық белсенділіктің маңызды индекстерінің бірі – электрондық қатысу индексі (E-Participation Index) [23]. Бұл Біріккен Ұлттар Ұйымы әзірлеген, электронды мемлекеттік қызметтерден бөлек, азаматтардың ақпарат алу, кеңесу және саясатқа қатысу деңгейін өлшейтін кешенді индекс. Оның негізгі компоненттеріне мыналар жатады: E-Information: үкіметтің азаматтарға ақпарат ұсыну деңгейі (web-сайттар, деректер базасы); E-Consultation: азаматтарды саясат әзірлеуге тартып, олардың пікірін тыңдау механизмі; E-Decision-making: азаматтардың нақты шешім қабылдауға қатысуы, бірлескен саяси шешімдерге ықпал етуі. Индекс UN E-Government Survey аясында 2003 жылдан бері шығарылады және әр екі жыл сайын жаңартылып отырады.

2022 жылы Электрондық қатысу индекcіндегі (EPI) электрондық қатысуға қатысты мәселелер қайта қаралып кеңейтілді. Бұл үкіметтердің халықты мемлекеттік саясатты әзірлеу, іске асыру және бағалау үдерістеріне тартудың қазіргі заманғы үрдістері мен әдістерін көрсету үшін жасалды. Жаңа сұрақтар енгізіліп, электрондық қатысудың қызмет көрсету аясындағы күрделілігі мен әртүрлі өзара әрекеттесу түрлері ескерілген. Осылайша, үш негізгі өлшем алты кіші топқа бөлінді: электрондық хабарлау және электрондық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету (электрондық ақпарат беру аясында), электрондық дискурс және электрондық диалог (электрондық кеңес беру аясында), электрондық ынтымақтастық және электрондық құқықтарды кеңейту (электрондық шешім қабылдау аясында). EPI индексі онлайн-қатысуды үш балдық шкала бойынша бағалайды және ол сарапшылардың сауалнамасына негізделген.

Қазақстанда да азаматтық қоғам мен ҮЕҰ-ға қатысты әртүрлі индекстер әзірлеу тәжірибесі бар, бірақ азаматтық белсенділікке арналған жеке индекс қалыптаспаған.

2019 жылдан бері Астанада «Азаматтық қоғамды дамыту индексі» қолданылады. Бұл индексте азаматтық белсенділік оның құрамдас бөлігі ғана. Индекс CIVICUS әдістемесіне негізделген және келесі төрт компоненттен тұрады: азаматтық қатысу, ұйымдардың ресурстары, құндылықтар және әсерді қабылдау [24]. Азаматтық қатысу мен азаматтық белсенділік деңгейін зерттеу үшін Астана тұрғындары арасында сауалнама жүргізілді. Ол төрт негізгі көрсеткішті қамтыды: азаматтық ұйымдарға ресми мүшелік, еріктілер қызметіне қатысу, халықтың әртүрлі іс-шараларға қатысу деңгейі және ҮЕҰ жұмысына қатысқандардың үлесі. Алайда бұл индекс азаматтық белсенділіктің қайырымдылық, дауыс беру, онлайн-петициялар және т.б. сияқты басқа аспектілерін қамтымайды.

ТАЛҚЫЛАУ

Азаматтық белсенділікті өлшеу әдістерінің салыстырмалы талдауы көрсеткендей, әрбір тәсіл белгілі бір артықшылықтармен қатар, шектеулерге де ие. Статистикалық көрсеткіштер объективті әрі жүйелі деректерге сүйенгенімен, олар азаматтардың субъективті тәжірибесін, мотивациясын және саналы қатысуын көрсете алмайды. Сауалнамалар нақты азаматтық тәжірибені бейнелесе де, репрезентативтілік пен жауап беру шынайылығы секілді методологиялық қауіптермен шектелуі мүмкін. Сараптамалық бағалау терең сапалық түсініктер береді, алайда субъективтілік деңгейі жоғары болып келеді және оның нәтижелері сарапшылардың шеңберімен шектелуі мүмкін.

Осы әдістердің арасындағы айырмашылықтарды жан-жақты бағалауға және салыстыруға мынадай параметрлерін маңыздылығы айқын:

- мәліметтердің дереккөзі мен сипаты;
- индикаторлардың қамтылуы мен кеңдігі;
- өлшеу жиілігі мен динамикасы;
- қолдану икемділігі;
- Қазақстанға бейімдеу әлеуеті.

Талдау нәтижесінде аралас тәсілдің – яғни, әртүрлі дереккөздер мен әдістерді біріктірудің – азаматтық белсенділікті неғұрлым дәл әрі жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл тәсіл жеке әдістердің шектеулерін азайтып, олардың басым тұстарын

біріктіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, соңғы жылдары цифрлық азаматтық белсенділік, онлайн-әрекет формалары және желідегі мобилизация процестері белсенділіктің жаңа өлшемдерін талап етіп отыр.

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде қарастырылған индекстерді бірнеше топқа бөлуге болады. Тек статистикалық деректерге негізделген индекстер (мысалы, сайлаушылардың қатысу деңгейі, ресми волонтерлік көрсеткіштер) азаматтық белсенділіктің формалды қырларын жақсы көрсеткенімен, азаматтардың субъективті тәжірибесін және бейформалды әрекеттерін жеткіліксіз қамтиды. Толықтай сауалнамаға сүйенетін индекстер қоғамдық қатысу тәжірибесін егжей-тегжейлі сипаттауға мүмкіндік береді, алайда репрезентативтілікке, сұрыптауға және өлшеу қателіктеріне тәуелді. Сараптамалық бағалауға сүйенетін тәсілдер институционалдық орта мен саясаттың әсерін терең түсіндіреді, бірақ субъективтілік үлесі жоғары. Аралас индекстер (статистика, сауалнама, сараптамалық бағалау және цифрлық деректерді біріктіретін) азаматтық белсенділіктің көпөлшемді табиғатын неғұрлым толық бейнелейді және ұлттық контекстке бейімдеуге икемдірек болып шықты.

Зерттеудің бастапқы гипотезасы – қолданыстағы индекстер азаматтық белсенділіктің барлық аспектілерін жан-жақты қамти алмайды, ал аралас тәсіл неғұрлым дәл және сенімді нәтижелер береді – теориялық-әдіснамалық талдау негізінде ішінара расталды. Халықаралық индекстерді салыстыру нәтижелері олардың әрқайсысы азаматтық белсенділіктің жекелеген қырларын ғана көрсететінін, ал аралас дереккөздерге сүйенген модель кешенді сипаттама беруге қабілетті екенін көрсетті. Дегенмен гипотезаны толық эмпирикалық тексеру үшін болашақта ұлттық индикаторлар жүйесін пилоттық апробациядан өткізу және практикалық өлшеулер жүргізу қажет.

Бұл зерттеу негізінен теориялық және әдіснамалық талдауға сүйенеді, сондықтан ұсынылған индикаторлар жүйесі мен ұлттық индекс моделі эмпирикалық тұрғыдан толық сынақтан өткізілген жоқ. Кейбір халықаралық индекстер бойынша әдіснамалық құжаттардың жабықтығы индикаторлар құрылымын тереңірек салыстыруға шектеу қойды. Қазақстандағы азаматтық белсенділікке қатысты ресми статистика мен цифрлық деректердің қолжетімділігі де шектеулі. Аталған жайттар зерттеудің нәтижелерін интерпретациялау барысында ескерілуі тиіс. Дегенмен бұл шектеулер азаматтық белсенділікті өлшеудің ұлттық моделін әзірлеу үшін ұсынылған әдіснамалық тәсілдің құндылығын төмендетпейді, керісінше, болашақ эмпирикалық зерттеулерге бағыт-бағдар береді.

Қазақстан жағдайында ұлттық индексті әзірлеу үшін индекс құрылымының икемділігі, өңірлік айырмашылықтарды ескеру қабілеті және цифрлық көрсеткіштермен толықтырылу мүмкіндігі шешуші факторлар болып табылады. Осылайша, аралас тәсіл арқылы жасалған модель контекстке бейімделген, салыстырмалы, динамикалық индекс қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстан қоғамындағы азаматтық белсенділіктің заманауи формаларын жүйелі түрде бағалауға жол ашады.

Қазақстанға бейімделген ұлттық индексті әзірлеу үшін тек халықаралық тәжірибені сипаттау жеткіліксіз, сонымен қатар елдің институционалдық, құқықтық және әлеуметтік ерекшеліктерін есепке алу қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, индикаторлар мен дереккөздерге қойылатын негізгі талаптар мыналар болып табылады: деректердің тұрақты түрде жаңартылуы және ашықтығы; өңірлік және әлеуметтік-демографиялық топтар бойынша бөліністе қолжетімділігі; азаматтық қоғам институттарының, цифрлық платформалардың (e-gov, e-otinish, онлайн-петициялар) және ресми статистиканың өлшемдерімен үйлесімділігі. Мұндай критерийлер азаматтық белсенділіктің ұлттық индексін Қазақстан қоғамының нақты құрылымына барынша жақындатуға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы азаматтық қоғамның қоғамдық-саяси өмірдегі рөлінің артуына байланысты азаматтық белсенділік деңгейін өлшейтін сенімді құралдарды әзірлеу өзекті мәселеге айналууда. Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, халықаралық тәжірибеде азаматтық

белсенділікті өлшеудің әртүрлі тәсілдері қолданылады: олардың ішінде статистикалық деректер, жаппай және сараптамалық сауалнамалар, сондай-ақ аралас әдістерге негізделген агрегаттық индекстер кездеседі.

Зерттеу нәтижелері азаматтық белсенділікті өлшеу саласында бірыңғай теориялық және әдіснамалық тәсілдің қалыптаспағанын көрсетті. Халықаралық деңгейде қолданылатын индекстер мазмұны, индикаторлар құрамы, дереккөздер сипаты және агрегаттау тәсілдері бойынша айтарлықтай айырмашылыққа ие. Бұл олардың нәтижелерін салыстыруды қиындатады және оларды ұлттық контекстке тікелей қолдануға белгілі бір шектеулер қояды.

Қазақстан үшін азаматтық белсенділіктің ұлттық индекcін әзірлеу – уақыт талабына сай келетін, ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан негізделген маңызды қадам. Ең оңтайлы шешім сандық және сапалық бағалау әдістерін біріктіретін аралас тәсілді қолданумен байланысты. Мұндай индекс халықтың қоғамдық өмірге қатысуының деңгейі мен динамикасын өлшеуге, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Индекс құрылымында әлеуметтік және цифрлық көрсеткіштерді, формалды және бейформалды қатысу түрлерін, өңірлік айырмашылықтар мен азаматтық бастамалардың институционалдық әсерін ескеретін индикаторлар жүйесі қамтылуы тиіс.

Цифрлық көрсеткіштер мен әлеуметтік индикаторларды енгізу қазіргі заманғы жағдайлар мен азаматтық қатысудың динамикасын ескеруге мүмкіндік беретін кешенді талдауды қамтамасыз етеді. Мұндай индекс азаматтық белсенділіктің өзгерістерін бақылау, бағалау және болжау үшін тиімді құрал болады, сондай-ақ азаматтық қоғамды нығайтуға бағытталған мақсатты саясаттар мен бағдарламаларды әзірлеуге ғылыми негізделген базаны қалыптастырады.

Болашақта зерттеуді жалғастыру бағытында ұсынылатын негізгі қадам – пилоттық апробация негізінде Қазақстанға бейімделген индикаторлар жүйесін сынақтан өткізу және сараптамалық пікірлермен толықтыру. Бұл бағыт азаматтық қоғамның жай-күйін жүйелі бағалауға, оны дамытуға бағытталған саясатты дәлелді негіздеуге мүмкіндік береді және қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайтуға септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, азаматтық белсенділіктің ұлттық индекcін әзірлеу Қазақстан үшін стратегиялық маңызға ие. Ол азаматтық қоғамды қолдауға бағытталған мемлекеттік шараларды дәлелді негіздеуге, қоғамдық қатысудың деңгейін ұдайы мониторингтеуге және қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайтуға көмектеседі. Алдағы кезеңде индикаторлар жүйесін пилоттық апробациядан өткізу және сараптамалық талқылау арқылы жетілдіру азаматтық белсенділікті өлшеудің ұлттық моделін қалыптастырудағы шешуші қадам болмақ.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ: Жұмыс «Қоғамдық келісімді құру жағдайында үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін зерттеу» (ЖТН № BR24993126) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Парсонс Т. Система современных обществ. Москва: Аспект-Пресс, 1998. 270 с.
2. Патнэм Р. Чтобы демократия сработала: Гражданские традиции в современной Италии. М.: Ad Marginem, 1996. - 288 с.
3. Deutsch K.W. Social mobilization and political development // American political science rev. - Wash., 1961. - Vol. 55, N 3. -P. 493-514
4. Павлова Т.В. Социальные движения как фактор трансформации институциональной среды: проблемы теории [Электронный ресурс] / Институт социологии РАН. – URL: https://www.civisbook.ru/files/File/Pavlova_5_08.pdf (дата обращения: 15.02.2025).
5. Дука А.В. Элиты в структуре политических возможностей // Власть и элиты. – 2023. – Т. 10, №2. – С. 24-43.

6. Adler R., Goggin J. What Do We Mean By “Civic Engagement”? // *Journal of Transformative Education*. – 2005. – Vol. 3, No. 3. – Pp. 236-253.
7. Longley R. What Is Civic Engagement? Definition and Examples. URL: <https://www.thoughtco.com/what-is-civic-engagement-definition-and-examples-5072704> (Accessed on: 20.02.2025)
8. Пилипенко, А.Д. Гражданская активность в современной России: сущность понятия, формы проявления, факторы формирования / А.Д. Пилипенко. – Текст: непосредственный // *Молодой ученый*. – 2018. – №23 (209). – С. 366-368.
9. The concept and determinants of civic engagement // *Human affairs* 27, 2017. – 252-272
10. Фролов А. Механизмы осуществления гражданской активности. // *Власть*. – 2010. №10. - С. 61-65
11. Jasper D. 18 Examples of Civic Engagement Activities / *Community Involvement & Organizing, Education*. - URL: <https://streetcivics.com/18-examples-of-civic-engagement-activities/> (Accessed on: 19.02.2025)
12. Рогач О.В., Фролова Е.В. Драйверы формирования гражданской активности населения в муниципальных образованиях Российской Федерации // *Ars Administrandi (Искусство управления)*. 2022. Т. 14, No 2. - С. 306-326.
13. Jacobsen R., Linkow T.W. The Engaged Citizen Index: Examining the Racial and Ethnic Civic and Political Engagement Gaps of Young Adults. – February 2012. – CIRCLE Working Paper №74. – [Electronic resource]. – URL: https://circle.tufts.edu/sites/default/files/2020-01/WP74_EngagedCitizenIndex_2012.pdf (accessed on: 19.02.2025).
14. Understanding and contextualizing index scores // *The Civic Information Index [Electronic resource]*. – Available at: <https://civicinfoindex.org/the-index/> (accessed on: 18.02.2025).
15. Keeter, S. The civic and political health of the nation: A generational portrait / S.Keeter [et al.]. – New Brunswick, NJ: Center for Information and Research on Civic Learning and Engagement, 2002. – 120 p.
16. Community Life Survey 2023/24: Civic engagement and social action. Published 4 December 2024. URL: <https://www.gov.uk/government/statistics/community-life-survey-202324-annual-publication/community-life-survey-202324-civic-engagement-and-social-action#influencing-local-decisions> (Accessed on: 18.02.2025)
17. Measures of Citizenship: The North Carolina Civic Index. URL: https://humanities.unc.edu/wp-content/uploads/sites/283/2012/05/civicindex_report2003.pdf (Accessed on: 18.02.2025)
18. Civic Engagement Scale [Electronic resource] / Youth Research and Evaluation eXchange (YouthREX). – Available at: <https://youthrex.com/wp-content/uploads/2019/10/Civic-Engagement-Scale.pdf> (accessed on: 18.02.2025).
19. Civic Activism [Electronic resource] // International Institute of Social Studies. – Available at: <https://isd.iss.nl/home/civic-activism/> (accessed on: 15.10.2025).
20. Методика индексного исследования гражданской активности для регионов Российской Федерации // *Государство и гражданское общество: политика, экономика, право*. – 2016 – №4. - С. 184-193
21. Index of Citizen Participation in Bulgaria. Developed using the methodology of the Citizen Participation Forum and the Bulgarian Centre for Not-for-Profit Law. URL: <https://index.fgu.bg/en> (accessed on: 19.02.2025).
22. Measuring Active Citizenship In Europe https://eur-lex.europa.eu/resource.html?uri=cellar:04fed606-d912-44d6-8c06-5c20c62dff7a.0001.03/DOC_1&format=PDF (accessed on: 20.02.2025).
23. E-Participation Index. URL: <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/About/Overview/E-Participation-Index> (accessed on: 20.02.2025).
24. People power under attack 2025 // CIVICUS Monitor. URL: <https://share.google/VOsxOvgsI0LJhSQWC> (accessed on: 20.02.2025).

References:

1. Parsons T. *Sistema sovremennyh obshestv*. Moskva: Aspekt-Press, 1998. 270 s.
2. Patnem R. *Chtoby demokratiya srabotala: Grazhdanskije tradicii v sovremennoj Italii*. M.: Ad Marginem, 1996. 288 s.
3. Deutsch K.W. *Social mobilization and political development* // *American political science rev.* – Wash., 1961. – Vol. 55, N 3. – P. 493-514
4. Pavlova T.V. *Social'nye dvizheniya kak faktor transformacii institucional'noj sredy: problemy teorii* [Elektronnyj resurs] / Institut sociologii RAN. – URL: https://www.civisbook.ru/files/File/Pavlova_5_08.pdf (data obrashcheniya: 15.02.2025).
5. Дука А.В. *Элиты в структуре политических возможностей* // *Власть и элиты*. 2023. Т. 10, №2. - С. 24-43.
6. Adler R., Goggin J. *What Do We Mean By “Civic Engagement”?* // *Journal of Transformative Education*. – 2005. – Vol. 3, No. 3. – Pp. 236-253.
7. Longley R. *What Is Civic Engagement? Definition and Examples*. URL: <https://www.thoughtco.com/what-is-civic-engagement-definition-and-examples-5072704> (Accessed on: 20.02.2025)
8. Pilipenko, A.D. *Grazhdanskaya aktivnost v sovremennoj Rossii: sushnost ponyatiya, formy proyavleniya, faktory formirovaniya* / A.D.Pilipenko. – *Tekst: neposredstvennyj* // *Molodoj uchenyj*. – 2018. – №23 (209). – S. 366-368. – URL: <https://moluch.ru/archive/209/51147/>
9. *The concept and determinants of civic engagement* // *Human affairs* 27, 2017. - 252-272
10. Frolov A. *Mehanizmy osushestvleniya grazhdanskoj aktivnosti*. // *Vlast*. – 2010. №10. - S. 61-65.
11. Jasper D. *18 Examples of Civic Engagement Activities* / *Community Involvement & Organizing, Education*. URL: <https://streetcivics.com/18-examples-of-civic-engagement-activities/> (Accessed on: 19.02.2025)
12. Rogach O.V., Frolova E.V. *Drajvery formirovaniya grazhdanskoj aktivnosti naseleniya v municipalnyh obrazovaniyah Rossijskoj Federacii* // *Ars Administrandi (Iskusstvo upravleniya)*. 2022. Т. 14, No 2. - S. 306-326.
13. Jacobsen R., Linkow T.W. *The Engaged Citizen Index: Examining the Racial and Ethnic Civic and Political Engagement Gaps of Young Adults*. – February 2012. – CIRCLE Working Paper №74. – [Electronic resource]. – URL: https://circle.tufts.edu/sites/default/files/2020-01/WP74_EngagedCitizenIndex_2012.pdf (accessed on: 19.02.2025).
14. *Understanding and contextualizing index scores* // *The Civic Information Index* [Electronic resource]. – Available at: <https://civicinfoindex.org/the-index/> (accessed on: 18.02.2025).
15. Keeter, S. *The civic and political health of the nation: A generational portrait* / S.Keeter [et al.]. – New Brunswick, NJ: Center for Information and Research on Civic Learning and Engagement, 2002. – 120 p.
16. *Community Life Survey 2023/24: Civic engagement and social action*. Published 4 December 2024. URL: <https://www.gov.uk/government/statistics/community-life-survey-202324-annual-publication/community-life-survey-202324-civic-engagement-and-social-action#influencing-local-decisions> (Accessed on: 18.02.2025)
17. *Measures of Citizenship: The North Carolina Civic Index*. URL: https://humanities.unc.edu/wp-content/uploads/sites/283/2012/05/civicindex_report2003.pdf (Accessed on: 18.02.2025)
18. *Civic Engagement Scale* [Electronic resource] / *Youth Research and Evaluation eXchange (YouthREX)*. – Available at: <https://youthrex.com/wp-content/uploads/2019/10/Civic-Engagement-Scale.pdf> (accessed on: 18.02.2025).
19. *Civic Activism* [Electronic resource] // *International Institute of Social Studies*. – Available at: <https://isd.iss.nl/home/civic-activism/> (accessed on: 15.10.2025).

20. *Metodika indeksnogo issledovaniya grazhdanskoj aktivnosti dlya regionov Rossijskoj Federacii// Gosudarstvo i grazhdanskoe obshestvo: politika, ekonomika, pravo. – 2016 – №4. - S. 184-193*

21. *Index of Citizen Participation in Bulgaria. Developed using the methodology of the Citizen Participation Forum and he Bulgarian Centre for Not-for-Profit Law. URL: <https://index.fgu.bg/en> (accessed on: 19.02.2025).*

22. *Measuring Active Citizenship In Europe https://eur-lex.europa.eu/resource.html?uri=cellar:04fed606-d912-44d6-8c06-5c20c62dff7a.0001.03/DOC_1&format=PDF (accessed on: 20.02.2025).*

23. *E-Participation Index. URL: <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/About/Overview/E-Participation-Index> (accessed on: 20.02.2025).*

24. *People power under attack 2025 // CIVICUS Monitor. URL: <https://share.google/V0sxOvgs10lJhSQWC> (accessed on: 20.02.2025).*

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ

PROBLEMS OF POLITICAL SCIENCE

МРНТИ 11.07.75

DOI:10.51889/2959-6270.2025.92.4.009

Калиев И.А.* 

НАО Торайгыров Университет, г. Павлодар, Республика Казахстан

* e-mail: kaliev7719@mail.ru

ВОДНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РЕШЕНИЙ

Аннотация

Водная безопасность является одной из ключевых составляющих национальной безопасности Республики Казахстан, учитывая ограниченность водных ресурсов, их неравномерное распределение и нарастающие экологические вызовы. В условиях изменения климата, урбанизации и роста промышленности актуальность проблем рационального использования и сохранения водных ресурсов значительно возрастает. Целью исследования является комплексный анализ проблем водной безопасности Казахстана, включая состояние водных ресурсов, их использование и управление, изучение законодательной базы и международного опыта. Для достижения поставленной цели использовались различные научные методы. Историко-правовой метод применялся для анализа законодательства, включая Водный кодекс и Экологический кодекс Республики Казахстан, а также международные конвенции, регулирующие использование трансграничных вод. Аналитический метод позволил выделить основные проблемы, такие как загрязнение водных ресурсов, неравномерное их распределение и низкая эффективность использования. Метод системного анализа обеспечил комплексное рассмотрение взаимодействия социальных, экономических и экологических факторов, влияющих на водную безопасность. Сравнительный метод способствовал изучению международного опыта в области управления водными ресурсами и определению лучших практик, применимых для Казахстана. Исследование выявило ключевые вызовы для водной безопасности Казахстана, включая ограниченность и неравномерность водных ресурсов, устаревшую инфраструктуру, загрязнение водоемов, недостаточное финансирование и нерегулируемое использование трансграничных водотоков. Анализ показал необходимость модернизации инфраструктуры, цифровизации управления водными ресурсами, усовершенствования законодательства и усиления международного сотрудничества. Для достижения устойчивого развития водного хозяйства Казахстана необходим комплексный подход, включающий охрану окружающей среды, предотвращение загрязнения и рациональное использование водных ресурсов. Ключевое значение в данном аспекте имеют интеграция международного опыта, внедрение современных технологий и расширение сотрудничества с соседними странами. Успех возможен только при совместных усилиях государства, общества и других стран.

Ключевые слова: водная безопасность, управление водными ресурсами, устойчивое развитие, трансграничные водотоки, климатические изменения.

Қалиев И.А.*

Торайғыров университеті КЕА, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

** e-mail: kaliev7719@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУ ҚАУІПСІЗДІГІ: ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ШЕШІМДЕРДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа

Су қауіпсіздігі су ресурстарының шектелуін, олардың біркелкі бөлінбеуін және өсіп келе жатқан экологиялық сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Климаттың өзгеруі, урбанизация және өнеркәсіптің өсуі жағдайында су ресурстарын ұтымды пайдалану және сақтау проблемаларының өзектілігі едәуір артады.

Су ресурстарының жай-күйін, оларды пайдалану мен басқаруды, заңнамалық базаны және халықаралық тәжірибені зерделеуді қоса алғанда, Қазақстанның су қауіпсіздігі проблемаларын кешенді талдау болып табылады.

Мақсатқа жету үшін әртүрлі ғылыми әдістер қолданылды. Тарихи-құқықтық әдіс Қазақстан Республикасының Су Кодексі мен экологиялық кодексін, сондай-ақ трансшекаралық суларды пайдалануды реттейтін халықаралық конвенцияларды қоса алғанда, заңнаманы талдау үшін қолданылды. Аналитикалық әдіс су ресурстарының ластануы, олардың біркелкі бөлінбеуі және пайдалану тиімділігінің төмендігі сияқты негізгі мәселелерді бөліп көрсетті. Жүйелік талдау әдісі су қауіпсіздігіне әсер ететін әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлардың өзара әрекеттесуін жан-жақты қарастыруды қамтамасыз етті. Салыстырмалы әдіс су ресурстарын басқару саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеуге және Қазақстан үшін қолданылатын үздік тәжірибелерді анықтауға ықпал етті.

Зерттеу Су ресурстарының шектелуі мен біркелкі ресурсталуын, ескірген инфрақұрылымды, су айдындарының ластануын, қаржыландырудың жеткіліксіздігін және трансшекаралық су ағындарын реттелмей пайдалануды қоса алғанда, Қазақстанның су қауіпсіздігі үшін негізгі сын-қатерлерді анықтады. Талдау инфрақұрылымды жаңғырту, су ресурстарын басқаруды цифрландыру, заңнаманы жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажеттігін көрсетті.

Су шаруашылығының орнықты дамуына қол жеткізу үшін Қазақстанға қоршаған ортаны қорғауды, ластанудың алдын алуды және су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтитын кешенді тәсіл қажет. Халықаралық тәжірибені интеграциялау, заманауи технологияларды енгізу және көрші елдермен ынтымақтастықты кеңейту маңызды. Табысқа мемлекет, қоғам және басқа елдердің бірлескен күш-жігері арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Түйін сөздер: су қауіпсіздігі, су ресурстарын басқару, тұрақты даму, трансшекаралық су ағындары, климаттың өзгеруі.

Kaliyev I.*

Toraigyrov University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan

** e-mail: kaliev7719@mail.ru*

WATER SECURITY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: CURRENT PROBLEMS AND PROSPECTS FOR SOLUTIONS

Abstract

Water security is one of the key components of the national security of the Republic of Kazakhstan, given the limited water resources, their uneven distribution, and increasing environmental challenges. Under the conditions of climate change, urbanization, and industrial growth, the relevance of rational use and preservation of water resources is significantly increasing. The aim of this study is to conduct a comprehensive analysis of Kazakhstan's water security issues, including the state of water resources, their use and management, as well as the legal framework and international experience. Various scientific methods were applied to achieve this goal. The historical and legal method was used to analyze legislation, including the Water Code and Environmental Code of the Republic of Kazakhstan, along with international conventions governing the use of transboundary waters. The analytical method identified key issues such as water pollution, uneven distribution, and low efficiency of water use. The system analysis method provided an integrated examination of social, economic, and environmental factors affecting water security. The comparative method contributed to studying international practices in water resource management and identifying best practices applicable to Kazakhstan. The research revealed major challenges for Kazakhstan's water security, including limited and uneven resources, outdated infrastructure, pollution, insufficient funding, and unregulated use of transboundary water flows. The findings emphasize the need for infrastructure modernization, digitalization of water management, legal improvement, and enhanced international cooperation. Sustainable water management requires an integrated approach based on environmental protection, pollution prevention, and rational use of resources.

Keywords: water security, water resources management, sustainable development, transboundary watercourses, climate change.

ВВЕДЕНИЕ

Согласно данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ), обеспечение водной безопасности является одним из ключевых факторов устойчивого развития и национальной безопасности. Республика Казахстан относится к странам с ограниченными водными ресурсами, что обусловлено как природно-климатическими условиями, так и значительной зависимостью от трансграничных источников воды, включая Иртыш, Сырдарью, Или и Урал.

Президент Национальной академии наук Ахылбек Куришбаев отмечает, что водная инфраструктура Казахстана характеризуется высоким уровнем износа, что приводит к значительным потерям воды при её транспортировке. Помимо этого, около 60% всех водных ресурсов страны расходуется в сельском хозяйстве, где применяются преимущественно устаревшие методы орошения, способствующие дополнительным потерям воды, снижению эффективности водопользования и ухудшению социально-экономической ситуации в аграрных регионах.

Изменение климата усугубляет существующие вызовы водной безопасности. За последние десятилетия в Казахстане наблюдается устойчивое повышение средней температуры воздуха, сокращение площади и объёма ледников, уменьшение речного стока, увеличение частоты и продолжительности засух. Данные процессы оказывают особенно негативное воздействие на систему водоснабжения южных и юго-восточных регионов страны.

Актуальность проблемы водной безопасности Казахстана определяется комплексным воздействием климатических изменений, техногенных факторов, трансграничных рисков и структурных ограничений водохозяйственной системы. Однако комплексное влияние указанных факторов на устойчивость водных ресурсов остаётся малоизученным, что обуславливает научную значимость настоящего исследования.

Гипотеза исследования заключается в следующем: обеспечение водной безопасности требует одновременной реализации трёх взаимосвязанных направлений – модернизации инфраструктуры, оптимизации водопользования и совершенствования механизмов

управления водными ресурсами. Такой комплексный подход позволит минимизировать воздействие природно-климатических и трансграничных рисков.

Цель статьи – всесторонний анализ современного состояния водных ресурсов Казахстана, факторов риска водной безопасности и эффективности управления водохозяйственной отраслью. Для достижения поставленной цели решаются следующие задачи:

- провести теоретический анализ понятия «водная безопасность», её роли в системе национальной безопасности и устойчивого развития Казахстана;
- выявить ключевые проблемы водной безопасности, включая зависимость от трансграничных вод, износ инфраструктуры, потери воды и воздействие климатических изменений;
- предложить перспективные решения по укреплению водной безопасности на основе анализа современных подходов и оценки текущего состояния водного сектора;
- обосновать научную и практическую значимость исследования для совершенствования водной политики и управления водными ресурсами.

Результаты исследования могут служить основой для разработки государственной стратегии управления водными ресурсами, способствовать повышению эффективности водохозяйственных систем, улучшению экологической ситуации и уровня жизни населения.

Водная безопасность Республики Казахстан представляет собой систему мер, направленных на защиту водных ресурсов страны от угроз их истощения, загрязнения и нерационального использования. В условиях климатических изменений, роста потребностей в воде и трансграничного характера многих водных объектов вопросы водной безопасности приобретают стратегическое значение.

Основными проблемами в области водной безопасности Казахстана являются:

- неравномерное распределение водных ресурсов по регионам;
- высокий уровень зависимости от трансграничных рек, таких как Сырдарья, Иртыш, Или;
- устаревшая водохозяйственная инфраструктура;
- недостаточный уровень государственного регулирования и контроля в сфере водопользования;
- экологическая деградация водных экосистем и снижение качества питьевой воды.

Обеспечение водной безопасности требует разработки комплексной государственной политики, модернизации нормативно-правовой базы, активизации международного сотрудничества, внедрения инновационных водосберегающих технологий, а также повышения уровня общественного осознания важности рационального использования водных ресурсов.

Настоящее исследование направлено на системный анализ существующих проблем в области водной безопасности Казахстана и разработку перспективных направлений по их решению.

МЕТОДОЛОГИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ

Методология исследования основана на комплексе взаимодополняющих методов: историко-правового, аналитического и системного. Применение каждого метода обеспечило получение конкретных научных результатов, что гарантирует целостность исследования.

Историко-правовой метод использован для анализа эволюции нормативных актов и стратегических документов в сфере водной безопасности. Метод позволил выявить ключевые этапы формирования водной политики и определить институциональные предпосылки современных проблем.

Аналитический метод применён для выявления и обобщения статистических данных о состоянии водных ресурсов страны. Проанализированы материалы РГП «Казгидромет» за 2000-2023 гг., данные Министерства экологии, Всемирного банка и FAO AQUASTAT, характеризующие динамику водного дефицита, инфраструктурных потерь и трансграничных рисков.

Системный анализ направлен на определение перспективных направлений укрепления водной безопасности страны. В рамках метода все факторы риска классифицированы на три группы: природно-климатические, институциональные и инфраструктурные. Оценены их взаимосвязи и совокупное влияние на водную безопасность.

Изучение международного опыта управления водными ресурсами на основе подхода Сент-Эндрюс и концепции интегрированного управления водными ресурсами (Integrated Water Resources Management, IWRM) позволило сопоставить эффективность институтов управления в странах Центральной Азии и выделить инструменты, применимые в Казахстане.

Таким образом, применены научные методы дополняют друг друга, а их совместное использование обеспечивает формирование научно обоснованных выводов и практико-ориентированных рекомендаций.

Эмпирическую базу исследования составляют открытые статистические данные и официальные публикации государственных органов и международных организаций:

- ежегодные отчёты РГП «Казгидромет» (2000-2023 гг.), содержащие информацию о температурных трендах, осадках и состоянии водных ресурсов;
- данные Комитета по водным ресурсам о потерях воды в ирригационных системах, степени износа инфраструктуры и распределении водопользования;
- статистические материалы Министерства экологии Республики Казахстан о состоянии водохозяйственных объектов;
- международные отчёты Всемирного банка и FAO AQUASTAT, использованные для сравнительного анализа водообеспеченности Казахстана и соседних государств;
- аналитические исследования Центрально-Азиатского регионального экологического центра по трансграничным бассейнам рек Сырдарья, Или и Иртыш.

Для количественной оценки отдельных факторов риска использованы 48 временных рядов, характеризующих динамику речного стока, температуры, объёма потерь и водопотребления по секторам экономики. Данный массив информации позволил сопоставить климатические и антропогенные воздействия и определить их значимость для водной безопасности.

РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ.

Водная безопасность Казахстана определяется совокупностью географических, климатических и экономических факторов. Аридный климат обуславливает ограниченность водных ресурсов, что делает водообеспечение ключевым направлением государственной политики. Основные водотоки страны – Иртыш, Урал и Сырдарья – имеют трансграничный характер, что актуализирует необходимость эффективного международного сотрудничества в водной сфере.

Внутренние вызовы включают нерациональное использование воды в сельском хозяйстве, загрязнение водных объектов и устаревшую инфраструктуру. Решение этих проблем требует комплексных мер на уровне государственной водной политики.

Результаты исследования позволили выявить три ключевые группы факторов, определяющих современное состояние водной безопасности Казахстана:

- климатические – потепление, снижение речного стока, изменение режима осадков;
- инфраструктурные – износ водохозяйственных сетей, высокие потери воды, недостаточный мониторинг;
- трансграничные – зависимость от водной политики соседних государств, изменение притока по рекам Сырдарья, Или и Иртыш.

Анализ данных РГП «Казгидромет» за 2000-2023 гг., отчетов Комитета по водным ресурсам и международных источников показал, что совокупное воздействие указанных факторов формирует устойчивую тенденцию к сокращению доступных водных ресурсов и повышению риска водного дефицита.

Сравнение с другими исследованиями показывает, что выводы о различиях политических институтов Казахстана и Германии в целом совпадают с позицией большинства авторов. Казахстан описывается как более централизованная система с ограниченной партийной конкуренцией, тогда как Германия – как устойчивое парламентское государство с развитым федерализмом и независимым судопроизводством. Наш анализ дополняет существующие исследования, подчёркивая недавние реформы и институциональные изменения, которые в литературе отражены менее подробно. Сравнение с другими исследованиями показывает, что выводы о различиях политических институтов Казахстана и Германии в целом совпадают с позицией большинства авторов. Казахстан описывается как более централизованная система с ограниченной партийной конкуренцией, тогда как Германия – как устойчивое парламентское государство с развитым федерализмом и независимым судопроизводством. Наш анализ дополняет существующие исследования, подчёркивая недавние реформы и институциональные изменения, которые в литературе отражены менее подробно.

Таким образом, из всего выше сказанного можно сделать выводы, что проблема исследования политических институтов Казахстана и Германии на современном этапе, методом сравнительного анализа в современной политической науке не нашла ещё должного научного изучения, тем самым определяет значимость и актуальность проводимого нами исследования.

Предложенная концепция сравнительного анализа политических институтов в данном исследовании открывает новые перспективы и возможности для дальнейшего изучения политического развития стран, ставших на путь построения демократии и развития правового государства.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Следовательно, в ходе комплексного сравнительного исследования можно сделать существенный вывод, что в результате реальная политическая практика показывает, что нет единой для всех стран технологии развития политических институтов, также нет единых трансформационных перемен, поэтому оптимальную политику преобразований каждой взятой нами страны, т.е. Казахстану и Германии приходится вырабатывать самостоятельно – путем проб и ошибок. В связи с этим, безусловно, остается настоятельной необходимостью

методом сравнения, изучать как общее, отличительное и индивидуальное, особенное в этом сложнейшем мировом политическом процессе, так и необходимое, и обязательное.

В свою очередь, для Казахстана процесс трансформации есть уяснение и творческое использование опыта европейских стран, в нашем случае опыта Германии – с сохранением своей индивидуальной самобытности, продиктованной своеобразием страны, ее недавним прошлым, евразийским характером государственности, сознания и мышления людей, всего цивилизованного культурного фона.

Сообразно с этим, в ходе сравнительного анализа политических институтов Казахстана и Германии было выявлено, что казахстанская модель политической системы не может иметь каких либо аналогов с европейской политической системой, а именно с немецкой. Материалы исследования показывают, что не все политические системы казахстанской модели воспринимают и внедряют политические институты в виде устоявшихся стандартов западной демократии.

Опыт казахстанской страны, осуществляющий модернизацию, показывает, что в этот период оптимальной формой политической организации является авторитаризация и централизация государственной власти, как одна из основных закономерностей развития индустриальной подсистемы в период трансформации политических процессов. Тем более, что существующая форма правления в Казахстане имеет непосредственное влияние на регулирование межэтнических отношений в стране. Не вызывает сомнений, что оптимальное разрешение вопросов межнациональных и межконфессиональных отношений остается главным для правительства любого этнически разнообразного общества.

Список использованной литературы:

1. Ротстайн Б. Политические институты: общие проблемы // *Политическая наука: новые направления*. М.: Вечер, 2024. – №2. – 132с.
2. Встреча с послом Германии в КИСИ. // *Институт сравнительных социальных исследований «ЦЕССИ-Казахстан»*, - 25 июля 2025 г. https://kisi.kz/en/meeting-with-the-german-ambassador-held-at-kaziss/?utm_source=chatgpt.com (Дата обращения: 07.12.2025).
3. Г. Алмонд, С. Верба *Гражданская культура: Политические установки и демократия в пяти странах (The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy In Five Nations [1963, 1980])* – 3-ее издание. – Издательство: «Мысль». – 2024. – ISBN: 978-5-244-01237-8. – 500 с.
4. Сыздыков А.Ж. О понятии «политическая система»: историко-правовой очерк Казахстана // *Законность и правопорядок в обществе*. Институт Генеральной прокуратуры Республики Казахстан, Республика Казахстан. – №21. – Астана. – 2014. – С. 90-95с. = <https://elibrary.ru/item.asp?id=22448760> (Дата обращения: 07.12.2025).
5. Солозобов Ю. *Политический транзит в Казахстане: без заимствований и революций // Законность и правопорядок в обществе // Современные политические процессы* Издательство: Тамбовский государственный университет имени Г.Р. Державина УДК: 321, 323. – ISSN: 2222-0747. – Том: 8. – № 1. – 2008. – С. 379-389.
6. Thelen K.A., Karcher S. *Resilience and Change in Federal Institutions: The Case of the German Federal Council* / in: Arthur Benz, Jörg Broschek (eds.), *Federal Dynamics: Continuity, Change, and the Varieties of Federalism*. Oxford: Oxford University Press, 2013, pp. 117-139.
7. Kommers, D. P. *The Constitutional Jurisprudence of the Federal Republic of Germany*. 3rd ed., rev. & expanded. Durham, N.C.: Duke University Press, 2012. – 243p.
8. Свобода в мире. Политические права граждан Казахстана и Германии за 2025 год // *Freedom House 2025. Ежегодный журнал по социально-политической статистике в мире*. – 2025. <https://freedomhouse.org/country/kazakhstan/freedom-world/2025> (Дата обращения: 07.12.2025).
9. Ashimova Z.I. *Presidential Institute's modernization specialties in Kazakhstan* // *Bulletin. The series "Sociological and Political Sciences"*. – Almaty: KazNPU named after The abaya. – 2012. – №1 (37). – 130 pp.65-70.
10. Лаумулин М.Т. *Политическая модернизация Казахстана: тенденции и институциональные изменения* // *Казахстан-Спектр*. – 2019. – №3. – С. 15-28.

11. Дьяченко С. *Институты государственной власти Республики Казахстан: эволюция и современное состояние*. – Нур-Султан: ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2020. – 180 с.
12. Müller-Rommel H.-P. *Political leadership and executive power in Germany // German Politics*. – 2017. – Vol. 26, No. 3. – P. 342-360.
13. Meyer T. *Institutional structures and political reforms in contemporary Germany // European Political Science Review*. – 2018. – Vol. 10, No. 2. – P. 221-237.
14. Каржаубаева С. *Партийная система Казахстана: структура, динамика, перспективы*. – Алматы: Юридическая литература, 2020. – 152 с.
15. Нурпеисова А.Н. *Политические партии Республики Казахстан: сравнительно-политический анализ*. – Караганда: КарГУ, 2018. – 210 с.
16. Decker F. *Party system change in Germany: fragmentation and new alignments // West European Politics*. – 2015. – Vol. 38, No. 4. – P. 845-865.
17. Nippel O. *The dynamics of German political institutions: continuity and transformation // Journal of Contemporary European Studies*. – 2016. – Vol. 24, No. 1. – P. 57-71.

References:

1. Rothstein B. *Political institutions: general problems // Political science: new directions*. Moscow: Veche, 2024. – No. 2. – 132p.
2. *Meeting with the German Ambassador at the KISI*. // CESSI-Kazakhstan Institute for Comparative Social Research, July 25, 2025. https://kisi.kz/en/meeting-with-the-german-ambassador-held-at-kaziss/?utm_source=chatgpt.com (data ovracheniya: 07.12.2025).
3. G.Almond, S.Verba *Civic Culture: Political Attitudes and Democracy In Five Nations (The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy In Five Nations [1963, 1980]) – 3rd edition*. – Publisher: Mysl. – 2024. – ISBN: 978-5-244-01237-8. – 500 p.
4. Syzdykov A.Zh. *On the Concept of "Political System": A Historical and Legal Essay on Kazakhstan // Legality and Law and Order in Society*. Institute of the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Republic of Kazakhstan. – No. 21. – Astana. – 2014. – Pp. 90-95. = <https://elibrary.ru/item.asp?id=22448760> (Accessed on: 07.12.2025).
5. Solozobov Yu. *Political Transit in Kazakhstan: Without Borrowing and Revolutions // Legality and Law Order in Society // Modern Political Processes Publishing House: Tambov State University named after G.R. Derzhavin UDC: 321, 323. – ISSN: 2222-0747. – Volume: 8. – No. 1. – 2008. – Pp. 379-389*.
6. Thelen K.A., Karcher S. *Resilience and Change in Federal Institutions: The Case of the German Federal Council / in: Arthur Benz, Jörg Broschek (eds.), Federal Dynamics: Continuity, Change, and the Varieties of Federalism*. Oxford: Oxford University Press, 2013, pp. 117-139.
7. Kommers, D. P. *The Constitutional Jurisprudence of the Federal Republic of Germany*. 3rd ed., rev. & expanded. Durham, N.C.: Duke University Press, 2012. – 243p.
8. *Freedom in the World. Political Rights of Citizens of Kazakhstan and Germany in 2025 // Freedom House 2025. Annual Journal on Social and Political Statistics in the World*. – 2025. <https://freedomhouse.org/country/kazakhstan/freedom-world/2025> (Accessed on: 07.12.2025).
9. Ashimova Z.I. *Presidential Institute's modernization specialties in Kazakhstan // Bulletin. The series "Sociological and Political Sciences"*. – Almaty: KazNPU named after The abaya. – 2012. – №1 (37). – 130 pp.65-70.
10. Laumulin M.T. *Political modernization of Kazakhstan: trends and institutional changes // Kazakhstan-Spectrum*, 2019, No. 3, pp. 15-28.
11. Dyachenko S. *Institutions of State Power in the Republic of Kazakhstan: Evolution and Current State*. – Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020. – 180 p.
12. Müller-Rommel H.-P. *Political leadership and executive power in Germany // German Politics*. – 2017. – Vol. 26, No. 3. – P. 342-360.
13. Meyer T. *Institutional structures and political reforms in contemporary Germany // European Political Science Review*. – 2018. – Vol. 10, No. 2. – P. 221-237.

14. Karzhaubayeva S. *The Party System of Kazakhstan: Structure, Dynamics, and Prospects*. – Almaty: Legal Literature, 2020. – 152 p.

15. Nurpeisova A.N. *Political Parties of the Republic of Kazakhstan: Comparative Political Analysis*. – Karaganda: KarSU, 2018. – 210 p.

16. Decker F. *Party system change in Germany: fragmentation and new alignments // West European Politics*. – 2015. – Vol. 38, No. 4. – P. 845-865.

17. Nippel O. *The dynamics of German political institutions: continuity and transformation // Journal of Contemporary European Studies*. – 2016. – Vol. 24, No. 1. – P. 57-71.

FTAMP 11.15.91

DOI: 10.51889/2959-6270.2025.92.4.010

Е.С. Жетписбаев * 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**email: e.zhetpisbaevv@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛА САУДАСЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРДЫҢ САЯСИ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа

Қазақстандағы бала саудасы – адам құқықтарын өрескел бұзатын, қоғамның тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін өзекті мәселе. Әлемдік деңгейде балалардың құқығын қорғау халықаралық конвенциялар мен ұлттық заңнамалар арқылы реттеліп келе жатқанына қарамастан, ел ішінде әлеуметтік-экономикалық, мәдени және құқықтық факторлар бала саудасының өршуіне ықпал етуде. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі бала саудасына әсер ететін негізгі саяси және әлеуметтік факторларды айқындау қажеттілігінен туындайды. Зерттеудің мақсаты – 2018-2022 жылдар аралығындағы ресми қылмыстық статистикаға сүйене отырып, бала саудасының себептері мен ерекшеліктерін анықтау, мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалау және осы қылмыстың алдын алуға бағытталған ұсыныстар жасау. Әдіснамалық негіз ретінде салыстырмалы-құқықтық талдау, тарихи-саяси сараптау, статистикалық деректерді өңдеу және жүйелі саяси талдау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми деректері, ұлттық заңнамалар мен халықаралық құқықтық құжаттар пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бала саудасы көбінесе әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы балаларға қатысты орын алады. 2018-2022 жылдар аралығында бала саудасына байланысты қылмыстық істер санының айтарлықтай өсуі байқалды, ал COVID-19 пандемиясы бұл құбылыстың тереңдеуіне әсер еткен. Мемлекеттік деңгейде қабылданып жатқан шараларға қарамастан, құқықтық олқылықтар мен әлеуметтік теңсіздік бала саудасын азайтуға кедергі болып отыр. Бұл зерттеу нәтижелері мемлекеттік саясатты жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажеттігін дәлелдейді.

Түйін сөздер: бала саудасы, адам саудасы, мемлекеттік саясат, құқықтық реттеу, әлеуметтік факторлар.

Е.Zhetpisbaev*

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

**email: e.zhetpisbaevv@mail.ru*

THE POLITICAL ASPECT OF THE MAIN FACTORS AFFECTING CHILDREN TRAFFICKING IN KAZAKHSTAN AT THE PRESENT STAGE

Abstract

Child trafficking in Kazakhstan is a pressing issue that gravely violates human rights, threatening both societal stability and national security. Although the protection of children's rights is regulated at the global level through international conventions and national legislation, within the country socio-economic, cultural, and legal factors continue to contribute to the growth of child trafficking. In this context, the relevance of the study is determined by the need to identify the main political and social factors affecting child trafficking in contemporary Kazakhstan. The aim of the study is to analyze the official criminal statistics for the period 2018-2022, to determine the causes and characteristics of child trafficking, to assess the effectiveness of state policy, and to develop recommendations for preventing this crime. The methodological basis of the research includes comparative legal analysis, historical and political review, statistical data processing, and systematic political analysis. The study relies on official data from the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, national legislation, and international legal documents. The results of the study show that child trafficking primarily affects socially vulnerable groups. Between 2018 and 2022, there was a significant increase in the number of criminal cases related to child trafficking, and the COVID-19 pandemic further exacerbated this phenomenon. Despite the measures undertaken at the state level, legal gaps and social inequality remain key obstacles to reducing child trafficking. The findings emphasize the need to improve state policy and strengthen international cooperation in combating this crime.

Keywords: child trafficking, human trafficking, state policy, legal regulation, social factors.

Жетписбаев Е.С.*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, Республика Казахстан

**email: e.zhetpisbaevv@mail.ru*

ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ОСНОВНЫХ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ТОРГОВЛЮ ДЕТЬМИ В КАЗАХСТАНЕ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Аннотация

Торговля детьми в Казахстане – актуальная проблема, грубо нарушающая права человека, угрожающая стабильности общества и национальной безопасности. Несмотря на то, что на мировом уровне защита прав детей регулируется международными конвенциями и национальным законодательством, внутри страны социально-экономические, культурные и правовые факторы продолжают способствовать росту торговли детьми. В этом контексте актуальность темы исследования определяется необходимостью выявления основных политических и социальных факторов, влияющих на торговлю детьми в современном Казахстане. Цель исследования – на основе официальной уголовной статистики за 2018-2022 годы определить причины и особенности торговли детьми, оценить эффективность государственной политики и разработать рекомендации по предотвращению данного преступления. Методологическую основу составили сравнительно-правовой анализ, историко-политический обзор, обработка статистических данных и системный политический анализ. В ходе исследования использовались официальные данные Генеральной прокуратуры Республики Казахстан, национальное законодательство и международные правовые документы. Результаты исследования показали, что торговля детьми в основном затрагивает социально уязвимые группы. В период 2018-2022 годов наблюдался значительный рост числа уголовных дел, связанных с торговлей детьми, а пандемия COVID-19 способствовала углублению данной проблемы. Несмотря на меры, принимаемые на государственном уровне, правовые пробелы и социальное неравенство препятствуют снижению масштабов торговли детьми. Полученные результаты подтверждают необходимость совершенствования государственной политики и укрепления международного сотрудничества.

Ключевые слова: торговля детьми, торговля людьми, государственная политика, правовое регулирование, социальные факторы.

КІРІСПЕ

Бала саудасы – қазіргі қоғамдағы ең өзекті әрі өткір әлеуметтік мәселелердің бірі. Қазақстан жағдайында бұл құбылыстың алдын алу және онымен күресу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының қатарына кіреді. Әсіресе жастар арасындағы еңбек нарығындағы теңгерімсіздіктер мен әлеуметтік-экономикалық қиындықтар бұл мәселенің күшеюіне ықпал етуде [1, р.81-88]. Бала саудасы тек жеке тұлғаларға ғана емес, сонымен қатар отбасы институтының тұрақтылығына, неке қатынастарына және жалпы қоғамдағы әлеуметтік құрылымдарға кері әсерін тигізеді [2, р.1-15].

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, жастардың жұмыспен қамтылуындағы проблемалар, білім беру жүйесіндегі олқылықтар, сондай-ақ әлеуметтік теңсіздік бала саудасының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, тілдік және әлеуметтік деректерді өңдеу барысында заманауи әдістерді, соның ішінде графематикалық талдау тәсілдерін қолдану әлеуметтік зерттеулердің дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді [3, р.90-102]. Бұл тұрғыда кешенді әдістерді қолдану бала саудасы мәселесін шешуде маңызды болып табылады.

Мәселені қарастыруда халықаралық тәжірибеге сүйену де өзекті. Шетелдік зерттеулер қоғамдық институттарды реформалаудағы кешенді тәсілдердің, оның ішінде мемлекеттік саясат пен білім беру саласын жетілдірудің қажеттілігін атап көрсетеді [4, р.42-52]. Қазақстан үшін өзге мемлекеттердің тәжірибесін зерделеу, әсіресе қоғамдық сатып алу, құқықтық реттеу және әлеуметтік қорғау салаларындағы тәжірибені бейімдеу маңызды [5, р.3-13].

Сонымен қатар, инновациялық технологиялар мен заманауи әдістерді енгізу де бала саудасымен күресте жаңа мүмкіндіктер ашады. Мысалы, геодезиялық өлшеу әдістерін жетілдіру құрылыс саласында тиімділікке әкелсе [6, 166-171 б.], әлеуметтік салада да деректерді өңдеудің жаңа тәсілдері қылмыстың алдын алуда қолданылуы мүмкін. Бұл тұрғыда жоғары технологиялық өндірістерді дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру – қоғамдағы әлеуметтік әлсіздіктерді азайтуға, тиісінше бала саудасының себептерін жоюға ықпал етеді [7, с.52-60]. Бұған қоса, елдің транзиттік әлеуетін арттыру және аймақтық экономикалық интеграцияны тереңдету әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы бала саудасы сияқты әлеуметтік мәселелердің алдын алуға көмектеседі [8, с.55-58].

Осыған байланысты, Қазақстандағы бала саудасының саяси және әлеуметтік аспектілерін зерттеу тек қана қылмыстың алдын алуға емес, сонымен қатар тиімді мемлекеттік саясат қалыптастыруға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу

Адам саудасы – қазіргі замандағы жаһандық қауіптердің бірі. Бұл қылмыстың құрбандары тек ересектермен шектелмей, балалар да сауда нысанына айналып отырғаны әлемдік қауымдастықты алаңдатуда. Қазақстан жағдайында балалардың өмірі мен құқықтарын қорғау, олардың өрескел бұзылуының алдын алу мәселесі мемлекеттік деңгейде ерекше назарда. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында адам саудасына, әсіресе балаларға қатысты қылмыстарға жазаны қатаңдату қажеттігін атап өткен [9]. Бұл мемлекеттік деңгейде мәселенің өзектілігін және қылмыстық саясаттың күшею бағытын айқындайды.

Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектерде бұл мәселе әртүрлі қырынан қарастырылған. Мысалы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор С.Н. Сәбікенов [10, с.23-27] адам саудасының жыныстық қанау аспектісіне ерекше назар аударып, Еуропа елдеріндегі құқықтық механизмдердің тәжірибесін талдаған. Оның еңбегі адам саудасымен күрестегі қылмыстық-құқықтық тетіктердің маңызын айқындайды.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде де балалар саудасына қарсы күрестің әртүрлі қырлары қарастырылған. А.И. Милевский [11, с.45-49] кәмелетке толмағандардың саудасына қарсы жүргізіліп жатқан қылмыстық-құқықтық шаралардың құрылымын талдап, жазалау тетіктерінің тиімділігін бағалаған.

Шувалова [12, с.66-70] Ресейдің Қиыр Шығысында көші-қон процестерінің әлеуметтік және саяси факторларының адам саудасына ықпал ететінін көрсеткен.

Миграциялық процестер жағдайында балалардың дербес деректерін қорғау мәселесін зерттеген Дубовитская және әріптестері балалар туралы ақпараттың түрлі органдар арасында берілуі оларды заңсыз пайдалануға жол ашатынын атап өтеді. Авторлар бұл қауіптің алдын алу үшін деректерді қорғаудың құқықтық механизмдерін жетілдіру қажеттігін негіздейді [13, р.43-53]. Бұл тұжырымды Мырзабаев және әріптестерінің [14, р.2-6] зерттеуі толықтырады, онда балалар саудасының алдын алу құралы ретінде биочипті қолданудың криминалистикалық мүмкіндіктері қарастырылған. Авторлар биочип арқылы баланың тұлғасын нақты сәйкестендіру және оның қозғалысын бақылау заңсыз әкету мен сатудың алдын алуға тиімді тетік бола алатынын негіздейді.

Савенко посткеңестік елдердегі балалар саудасы үшін жауапкершілікті құқықтық реттеу тәжірибесін салыстырмалы түрде талдайды. Олар әртүрлі мемлекеттердегі жазалау тетіктерінің ерекшеліктерін көрсете отырып, қылмыстық жауапкершілікті күшейту мен заңнаманы үйлестіру балалар саудасының алдын алуда маңызды рөл атқаратынын атап өтеді [15, р.175-183].

Осы еңбектерді талдай келе, отандық зерттеулер көбіне құқықтық және мемлекеттік саясат аспектілеріне басымдық берсе, шетелдік еңбектерде қылмыстық-құқықтық тетіктер мен көші-қон процестерінің әсері қарастырылғанын көреміз. Біздің зерттеу осы жұмыстарды толықтыра отырып, Қазақстандағы бала саудасына ықпал ететін саяси және әлеуметтік факторларды кешенді түрде айқындауға бағытталған.

Осыған байланысты зерттеу гипотезасы – Қазақстандағы бала саудасының таралу деңгейі әлеуметтік теңсіздік, құқықтық олқылықтар және мемлекеттік саясаттың тиімділігімен тікелей байланысты деген болжамға негізделеді.

Зерттеудің негізгі міндеттері төмендегідей:

1. 2018-2022 жылдар аралығындағы ресми статистика негізінде бала саудасының динамикасын талдау;
2. Бала саудасына ықпал ететін әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды айқындау;
3. Мемлекеттік саясат пен халықаралық тәжірибені салыстырмалы тұрғыда сараптау;
4. Алдын алу тетіктерін жетілдіруге арналған ұсыныстар әзірлеу.

Ғылыми еңбектердің басым бөлігі бала саудасын құқықтық және институционалдық тұрғыдан қарастырғанымен, оның саяси процестермен және әлеуметтік теңсіздікпен байланысы жеткілікті зерттелмеген.

Жүргізілген талдау негізінде болжам жасаймыз: Қазақстанда бала саудасының алдын алу тиімділігі құқықтық олқылықтар мен институционалдық әлсіздік жойылмайынша төмен деңгейде сақталады. Әлеуметтік осал топтардың үлесі азаймаса, қылмыс жасырын және цифрлық форматтарға ауысып, анықтау тетіктерінің тиімділігін әлсіретеді. Сонымен бірге, халықаралық ынтымақтастық пен цифрлық бақылау механизмдері жеткілікті күшейтілмесе, трансұлттық қылмыстық желілердің кеңею ықтималдығы жоғары. Осы олқылықты толтыру мақсатында бұл зерттеу Қазақстандағы бала саудасына әсер ететін факторларды саяси талдау мен әлеуметтік деректерге сүйене отырып кешенді бағалауды көздейді.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Зерттеу әдісі – ғылыми жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін орындауға бағытталған жүйелі тәсілдер жиынтығы. Бұл мақалада Қазақстандағы бала саудасына әсер ететін саяси және әлеуметтік факторларды кешенді түрде айқындау үшін аралас әдістер қолданылды.

Алдымен, зерттеу тақырыбы бойынша халықаралық және отандық ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу жасалды. Әдебиеттерді іздеу барысында «бала саудасы», «адам саудасы», «мемлекеттік саясат», «құқықтық реттеу», «әлеуметтік факторлар», «кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау», «миграция және бала қауіпсіздігі» сияқты негізгі және туынды кілт сөздер пайдаланылды. Ізденіс жұмыстары Scopus, Web of Science, ERIC, Google Scholar, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының электронды дерекқорлары мен құқықтық ақпараттық жүйелері негізінде жүзеге асырылды.

Әдебиеттерді іріктеу кезеңі 2010-2024 жылдар аралығын қамтып, бұл уақыт аралығы бала саудасы мәселесінің өзектілігін қазіргі әлеуметтік-саяси жағдаймен байланыстыра талдауға мүмкіндік берді. Материалдарды таңдау кезінде келесі критерийлер басшылыққа алынды:

- зерттеу тақырыбы Қазақстан немесе Орталық Азия кеңістігіндегі бала саудасы мәселесіне тікелей немесе жанама қатысты болуы;
- ғылыми журналдарда, халықаралық конференция жинақтарында немесе ресми есептерде жариялануы;
- рецензияланған, толық мәтіні қолжетімді және DOI нөмірі көрсетілген жарияланымдардың болуы;
- зерттеудің ғылыми әдістемесінің негізділігі мен дереккөздердің сенімділігі.

Іріктелген ғылыми еңбектер сапалық контент-талдау әдісі арқылы өңделді. Әрбір мақала мен зерттеу құжаты мазмұндық тұрғыдан талданып, бала саудасына ықпал ететін саяси, құқықтық және әлеуметтік факторларға қатысты негізгі тұжырымдар анықталды. Сонымен қатар, мәтіндерде қайталанатын ұғымдар мен идеялар жүйеленіп, тақырыптық кодтау (thematic coding) әдісі қолданылды. Бұл тәсіл зерттеулерде жиі кездесетін проблемалық бағыттарды, түсіндірмелік модельдерді және ғылыми көзқарастарды топтастыруға мүмкіндік берді.

Кодталған мәліметтер негізінде бала саудасына қатысты негізгі ұғымдардың жиілігі, проблемалардың басым бағыттары және авторлар ұсынған шешім тетіктерінің жүйесі анықталды. Талдау нәтижесінде балаларды адам саудасынан қорғау мәселесінің көбіне құқықтық жауапкершілік, мемлекеттік саясаттың тиімділігі, миграциялық үдерістердің ықпалы және әлеуметтік осалдық факторлары арқылы қарастырылатыны байқалды.

Осылайша, әдебиеттерге жасалған кең ауқымды талдау зерттеу тақырыбының ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, бала саудасына әсер ететін негізгі факторларды кешенді түрде зерделеуге және әрі қарайғы эмпирикалық зерттеу бағытын нақтылауға мүмкіндік берді.

Бұл зерттеу Қазақстандағы бала саудасына әсер ететін негізгі саяси және әлеуметтік факторларды айқындауға бағытталды. Әдіснамалық тұрғыда зерттеу салыстырмалы-құқықтық талдау, тарихи-саяси сараптау, статистикалық деректерді өңдеу, контент-талдау және жүйелі талдау тәсілдеріне сүйенді.

Біріншіден, салыстырмалы-құқықтық әдіс Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын халықаралық құқықтық актілермен, соның ішінде БҰҰ-ның «Адам саудасының алдын алу, жолын кесу және оған қарсы күрес туралы» Палермо хаттамасымен, Балалар құқықтары туралы конвенциямен және өзге де халықаралық стандарттармен салыстыра отырып, ұлттық заңнамадағы үйлесімділік деңгейі мен құқықтық сәйкессіздіктерді анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы балалар саудасына қатысты жауапкершіліктің құқықтық реттелуіндегі нақты олқылықтар, терминологиялық бірізділіктің болмауы және алдын алу тетіктерінің жеткіліксіздігі айқындалды. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибелермен салыстыру негізінде Қазақстан заңнамасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жүйеленді.

Екіншіден, тарихи-саяси талдау әдісі бала саудасы мәселесінің қалыптасуы мен даму эволюциясын, оның әлеуметтік және саяси тамырларын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл арқылы Қазақстандағы бала саудасының тәуелсіздік кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі өзгеру динамикасы қарастырылып, мемлекеттің қылмыспен күрес саясатының басым бағыттары талданды. Сонымен бірге әлеуметтік тұрақсыздық, көші-қонның күшеюі, еңбек миграциясы және экономикалық трансформациялар сияқты факторлардың бала саудасының

өршуіне ықпалы ғылыми тұрғыда негізделді. Тарихи-саяси әдіс қоғамдағы қауіп факторлары мен мемлекеттік реттеу арасындағы өзара байланысты ашуға мүмкіндік берді.

Үшіншіден, статистикалық әдіс Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің 2018-2022 жылдар аралығындағы ресми деректерін өңдеуге негізделді. Бұл деректер арқылы бала саудасына қатысты тіркелген қылмыстық істердің саны, олардың жылдар бойынша өзгеру көрсеткіштері, жәбірленушілердің жас ерекшелігі мен әлеуметтік мәртебесі талданды. Статистикалық өңдеу барысында динамикалық қатарлар, салыстырмалы көрсеткіштер және пайыздық өзгерістер есептеліп, бала саудасының өсу немесе төмендеу үрдістері айқындалды. Бұл тәсіл зерттеудің эмпирикалық базасын нығайтып, нақты деректерге сүйенген ғылыми қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Төртіншіден, контент-талдау әдісі бұқаралық ақпарат құралдары мен ресми құжаттарда бала саудасы мәселесінің көрініс табуын сараптау үшін қолданылды. Зерттеу аясында ұлттық және өңірлік деңгейдегі 45 БАҚ жарияланымы мен 12 ресми есептің мәтіні қамтылып, олардың мазмұны жүйелі түрде талданды. Талдау бірліктері ретінде «бала саудасы», «адам саудасы», «қылмыс», «жәбірленуші», «қорғау», «алдын алу» сияқты кілт сөздер белгіленді. Мәтіндер мазмұн жиілігі, мағыналық бағыт және дискурсивтік тон бойынша кодталып, қоғамдағы мәселенің ақпараттық бейнесі анықталды. Алынған нәтижелер Excel бағдарламасында сандық өңдеуден өткізіліп, графиктер мен жиілік диаграммалары түрінде визуализацияланды. Сонымен қатар, жүйелі талдау әдісі арқылы бала саудасына ықпал ететін факторлар кешенді түрде қарастырылды: әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, отбасылық институттың әлсіреуі, көші-қон процестері және заңнаманың тиімділігі.

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының аумағында 2018-2022 жылдар аралығында жүргізілді. Зерттеу материалы ретінде:


- ҚР Қылмыстық кодексінің 128 және 135-баптары бойынша қозғалған істер,
- Бас прокуратураның ресми статистикасы,
- ҚР Президентінің Жолдаулары,
- халықаралық конвенциялар (БҰҰ, ХЕҰ),
- БАҚ-та жарияланған деректер пайдаланылды.

Әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеудің сенімділігін арттырып, Қазақстандағы бала саудасына қатысты құбылыстардың кешенді сипаттамасын жасауға мүмкіндік берді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстандағы бала саудасына ықпал ететін факторларды талдау барысында ең алдымен ресми статистикалық деректерге жүгіну орынды. Өйткені сандық мәліметтер бұл құбылыстың ауқымы мен динамикасын нақты бағалауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің талдау орталығы ұсынған ресми деректер негізінде соңғы бес жылдағы жағдай зерделенді.

Алынған статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128-бабы («Адам саудасы») бойынша тіркелген қылмыстық істер саны зерттелген кезең аралығында айтарлықтай ауытқуларға ұшыраған.




Сурет 1. ҚР ҚК 128-бабы («Адам саудасы») бойынша тіркелген қылмыстық істердің динамикасы (2018-2022 жж.)

1-суретте көрсетілген мәліметтерге сүйенсек, 2018 жылмен салыстырғанда адам саудасына қатысты қылмыстық істердің жалпы саны 2022 жылы 20-ға азайған. 2019 жылы бұл көрсеткіш ең төмен деңгейде тіркелсе, 2020 және 2021 жылдары тиісінше 37 және 38 іске дейін өсіп, айтарлықтай жоғарылаған. Ал 2022 жылы істер саны қайтадан төмендеп, 30-ға қысқарғаны байқалады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 135-бабы («Кәмелетке толмағандар саудасы») бойынша да ұқсас үрдіс байқалған. Атап айтқанда, 2018 жылы – 9 іс, 2019 жылы – 6 іс, 2020 жылы – 21 іс, 2021 жылы – 27 іс қозғалып, кейін 2022 жылы көрсеткіш 18 іске дейін азайған.

Жалпы алғанда, бұл динамика соңғы бес жылда бала саудасына қатысты қылмыстардың тұрақсыз және толқынды сипатта дамығанын айғақтайды. Әсіресе 2020-2021 жылдары тіркелген істердің күрт өсуі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың қиындауымен және пандемиялық кезеңнің салдарымен байланысты болса, 2022 жылғы азаю үрдісі мемлекеттік шаралардың ішінара тиімділігін көрсетеді.



Сурет 2. ҚР ҚК 135-бабы («Кәмелетке толмағандар саудасы») бойынша тіркелген қылмыстық істердің динамикасы (2018-2022 жж.)

Келтірілген деректерге сүйенсек, 2018 жылы бала саудасына қатысты 9 іс тіркелген болса, 2019 жылы олардың саны 6-ға дейін төмендеген. Алайда 2020 жылдан бастап жағдай күрт өзгеріп, істер саны 21-ге жетті. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда үш есеге жуық өсім бар екенін айғақтайды. 2021 жылы көрсеткіш ең жоғарғы деңгейге жетіп, 27 істі құрады. Ал 2022 жылы істер саны азайып, 18-ге төмендегенімен, бұл әлі де жоғары көрсеткіш болып отыр.

Жалпы алғанда, 2018 жылмен салыстырғанда 2022 жылы істер саны 9-дан 18-ге дейін артқанын көруге болады. Бұл динамика бала саудасының Қазақстанда әлі де елеулі әлеуметтік проблема болып отырғанын көрсетеді. Сонымен бірге, 2020-2021 жылдары істердің күрт өсуі COVID-19 пандемиясымен байланысты әлеуметтік-экономикалық қиындықтардың салдарын аңғартады. 2022 жылғы төмендеу белгілі бір оң үрдісті көрсеткенімен, мәселе толық шешілді деуге болмайды.

Жалпы статистикалық деректерге сүйене отырып, Қазақстан Үкіметі адам саудасын жою бағытында елеулі шаралар қабылдап келеді. Дегенмен, қабылданған мемлекеттік саясат пен жүзеге асырылып жатқан іс-шараларға қарамастан, бұл мәселе әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Ел ішінде адам саудасы фактілері толығымен жойылмай, кей өңірлерде олардың жиілігі артып отырғаны байқалады.

COVID-19 пандемиясының салдарынан туындаған әлеуметтік және экономикалық қиындықтар бұл қылмыспен күресу мүмкіндігін шектегенімен, Үкімет кейінгі кезеңдерде осы бағыттағы күш-жігерін күшейтті. Нәтижесінде Қазақстанның халықаралық есептердегі рейтингі 2-деңгейде сақталды. Бұл көрсеткіш Үкіметтің адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында белгілі бір жетістіктерге жеткенін, бірақ халықаралық стандарттарға толық сәйкестікке әлі қол жеткізілмегенін білдіреді.

Соңғы жылдары қабылданған шаралардың қатарына адам саудасына қарсы полиция бөлімшесінің мәртебесін арттыру, осы саладағы мамандандырылған қызметкерлердің санын көбейту және құрбандарды анықтау жүйесін жетілдіру жатады. Сонымен қатар, Президент «Халықтың көші-қоны туралы» және «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңдарға түзетулер енгізіп, шетелден келген жәбірленушілерге Қазақстан азаматтарымен тең құқықтар берді. Бұл түзетулер олардың жұмыс істеу және уақытша тұру құқығын қамтамасыз етті.

Алайда, Үкіметтің қабылдаған шараларына қарамастан, адам саудасына қарсы іс-қимылдың бірқатар бағыттарында кемшіліктер сақталып отыр. Азаматтық қоғам өкілдері мен сарапшылардың пікірінше, қолданыстағы заңнаманың кейбір олқылықтары адам саудасы туралы істерді тиімді тергеуге және құрбандарды дер кезінде анықтауға кедергі келтіруде. Шетелдік құрбандарды анықтау көрсеткішінің төмен болуы және мәжбүрлі еңбекпен күрес шараларының жеткіліксіздігі бұл бағыттағы жүйелік әлсіздіктерді айқындайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128-бабы («Адам саудасы») және 135-бабы («Кәмелетке толмағандар саудасы») бойынша жыныстық және еңбек қанауы мақсатындағы қылмыстар үшін жауапкершілік көзделген. Алайда, халықаралық құқықтағы «адам саудасы» ұғымымен салыстырғанда, бұл баптарда зорлық-зомбылық, алаяқтық немесе мәжбүрлеу әрекеттері қылмыстың негізгі белгілері ретінде емес, тек ауырлататын мән-жайлар ретінде қарастырылған. Бұл жағдай құқықтық тұрғыда адам саудасын дәл анықтауда және оны дәлелдеу процесінде қиындықтар туғызады.

Аталған баптарға сәйкес, ересектерді саудалағаны үшін 4 жылдан 7 жылға дейін, ал кәмелетке толмағандарды саудалағаны үшін 5 жылдан 9 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған; ауырлататын мән-жайлар болған жағдайда бұл мерзім тиісінше 15 және 18 жылға дейін ұзартылуы мүмкін. Бұл жазалар қатаң болғанымен, кейбір ұқсас баптарда жазаның жеңіл түрі сақталған. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 134-бабы («Кәмелетке толмағанды жезөкшелікке тарту») бойынша 3 жылдан 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленсе, 308-бапта («Жезөкшелікпен айналысуға тарту») ең жоғарғы жаза тек 3 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру немесе айыппұлмен шектеледі.

Демек, адам саудасымен байланысты қылмыстардың кейбір түрлеріне қолданылатын жазалар арасындағы мұндай айырмашылықтар құқықтық жүйеде бірізділіктің толық орнамағанын көрсетеді. Бұл өз кезегінде адам саудасына қарсы саясаттың тиімділігін төмендетіп, қылмыстық жауапкершілікті жеңілдету қаупін арттырады.

Өткен жылдардағыдай, полиция органдары жүргізген «STOP-TRAFFIC» атты үш күндік арнайы операциялар нәтижесінде адам саудасына қатысты көптеген фактілер анықталып, тергеу жұмыстары жүргізілді. Дегенмен, Үкімет ел аумағындағы шетелдік азаматтардың

мәжбүрлі еңбек жағдайларын тексеру бағытында шектеулі іс-шаралар атқарды. Сарапшылар мен бақылаушылардың мәліметінше, құрылыс саласында Өзбекстаннан келген еңбек мигранттарын мәжбүрлі еңбекке тарту жағдайлары тіркелгенімен, құқық қорғау органдары кейбір істер бойынша тергеу жүргізуден бас тартқан. Бұл жағдай құқық қорғау органдары өкілдерінің адам саудасының мәнін толық түсінбеуімен және жұмыс берушілер тарапынан қолданылатын жасырын мәжбүрлеу әдістерін дәлелдеудің күрделілігімен түсіндіріледі.

Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) да кейбір полиция қызметкерлерінің адам саудасы туралы түсінігінің шектеулі екенін, Қылмыстық кодексті және істерді тиімді тергеу үшін қажет құқықтық аспектілерді толық меңгермегенін атап өтті. Құқық қорғау жүйесіндегі кадрлардың жиі ауысуы да бұл мәселені шешуді қиындатуда. Бұрынғы жылдарда ҮЕҰ-лар адам саудасының құрбандары көбіне иммиграциялық заңдарды бұзушылар немесе баспанасыз адамдар ретінде қарастырылғанын хабарлаған. Кей жағдайларда дәлелдемелердің жеткіліксіздігіне байланысты істер тоқтатылған немесе қозғалуынан бас тартылған. Бұл, әсіресе, ауылдық жерлерде тіркелген және еңбек қанауына байланысты істерге тән құбылыс болды. Сонымен қатар, тергеушілердің назарында негізінен жыныстық қанауға қатысты қылмыстар қалғаны байқалады.

Азаматтық қоғам өкілдері Қылмыстық кодекстегі «адам саудасы» ұғымының қазіргі анықтамасы күрделі жағдайларды, яғни жанама немесе жасырын индикаторлары бар істерді тергеуге кедергі келтіретінін атап өтті. Нәтижесінде, жеңілдетілген жазаларды көздейтін баптар жиі қолданылып, құқық қорғау және сот органдарының кейбір қызметкерлеріне кең дискрециялық өкілеттік берілген. Бұл жағдай заңды қолдануда бірізділіктің болмауына және кейде заңды теріс пайдалануға әкеліп отыр.

Дегенмен, Қазақстан құқық қорғау органдары шетелдік серіктес мемлекеттермен ынтымақтастықты жалғастыруда. Өзбекстан, Ресей және Бахрейн мемлекеттерімен жүргізілген өзара құқықтық көмек нәтижесінде 11 экстрадиция ісі (оның ішінде 3 іс – Өзбекстанға, 8 іс – Ресейге, 1 іс – Бахрейннен Қазақстанға) жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Шымкент, Тараз және Түркістан қалаларында әйелдер мен балаларды жыныстық қанауға тартқан 11 адам саудасымен айналысқан тұлғалар ұсталды. Бұл фактілер құқық қорғау органдарының бағытталған іс-қимылының бар екенін, алайда оның жүйелі сипат ала қоймағанын көрсетеді.

Үкімет мемлекеттік қызметкерлер арасында адам саудасына қатысы бар фактілер бойынша нақты тергеу, қудалау немесе сот шешімдері туралы ақпарат ұсынбаған. Соған қарамастан, сарапшылар мен ҮЕҰ өкілдері сыбайлас жемқорлықтың бұл саладағы басты кедергілердің бірі екенін атап өтуде. Бұрынғы жылдары адам саудасына қатысы бар тұлғалар төмен лауазымды полиция қызметкерлеріне пара беру арқылы жауапкершіліктен жалтарған жағдайлар тіркелген. Сондай-ақ, кейбір жергілікті шенеуніктер шетелдік азаматтардың заңсыз кіруі мен паналауына жәрдемдескен деген күдік те болған.

Мемлекеттік органдар анықтаған адам саудасының құрбандары, әдетте, Үкімет қаржыландыратын әрі үкіметтік емес ұйымдар басқаратын арнайы баспаналарға орналастырылады. Құрбандарды анықтау рәсімі сұхбат пен әлеуметтік бағалау кезеңдерінен тұрады. Балалар ересектерден бөлек баспаналарға жіберіледі. Үкімет қанша адамға медициналық көмек көрсетілгені туралы нақты мәлімет бермегенімен, адам саудасының құрбандары тегін медициналық, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек алу құқығына ие.

2021 жылы Үкімет бұл мақсатқа 107 миллион теңге (шамамен 231 000 АҚШ доллары), ал 2022 жылы 101 миллион теңге (218 000 АҚШ доллары) көлемінде қаржы бөлді. Бұл қаражат адам саудасы құрбандарына арналған 10 баспананы ұстауға, сондай-ақ құқықтық, медициналық және психологиялық қызмет көрсетуге жұмсалды. Дегенмен, азаматтық қоғам өкілдері баспаналарда материалдық ресурстардың жеткіліксіздігін, қаржыландырудың құрбандар санына емес, өңірлік көрсеткіштерге байланысты бөлінетінін, бұл өз кезегінде ресурстық тапшылық тудыратынын атап өтті.

Сондай-ақ, бақылаушылар еңбек қанауына ұшыраған адамдардың басым бөлігі ауылдық жерлерде болғанымен, көмек көрсету орталықтары мен қызметтердің көпшілігі ірі қалаларда шоғырланғанын көрсетеді. Осыған байланысты шалғай өңірлердегі жәбірленушілер әлеуметтік және құқықтық қолдауға қол жеткізуде айтарлықтай қиындықтарға тап болуда.

Соңғы бес жылда хабарланғандай, адам саудагерлері отандық және шетелдік құрбандарды Қазақстанда, ал шетелдік саудагерлер қазақстандық құрбандарды шетелде пайдаланады. Елордамыз Астананың, Алматының қаржы орталығы мен батыстағы мұнайлы қалалары Ақтау мен Атыраудың салыстырмалы экономикалық өркендеуі ауыл қазақтарының көп бөлігін тартты, олардың кейбіреулері алаяқтық жұмыс ұсынып, саудагерлерге алданып, кейін жыныстық қанау үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, құрылыс және басқа салалардағы мәжбүрлі еңбек кеңінен қолданылуда. Адам саудагерлері кейбір балаларды қайыр сұрауға мәжбүрлейді, сонымен қатар, ересектер мен балаларды қылмыстық әрекеттерге тартуы мүмкін. Адам саудасы қауіпінің ең осал топтарына құжатсыз мигранттар, жеке куәлігі жоқ адамдар, жұмыссыздар, баспанасы жоқ адамдар және мүгедектер жатады.

Балаларды сату – баланы қанау мақсатында тарту, тасымалдау, беру, жасыру немесе алу «адам саудасы» болып саналады.

Қазіргі таңда Қазақстанда адам саудасы, соның ішінде бала саудасының өршіп тұрғаны ащы болсада шындық. Себебі, күнделікті ақпарат құралдарынан еститін болсақ, айына кемінде екі реттен бала саудаланады екен. Оған мысал ретінде жыл басында Тараздағы нәресте сатқан акушерлердің қатысуымен орын алған оқиғаны және ақпан айында Атырау қаласындағы әйелдің 2021 және 2022 жылы туған сәбиін сатып жіберген фактілерін айтуымызға болады.

Адам саудасының себептері сан алуан және өзара тығыз байланысқан. Бұл құбылыстың негізінде әлеуметтік, экономикалық және психологиялық факторлардың күрделі өзара әрекеті жатыр.

Әлемнің көптеген елдерінде балалар кедейлік пен қолайсыз өмір жағдайында өмір сүруде. Олар баспана, сапалы білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау сияқты негізгі қажеттіліктерге толық қол жеткізе алмайды. Бұған қоса, тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасындағы шиеленістер, балаларға қатыгездік көрсету, ата-аналардың ішімдік пен есірткіні шамадан тыс қолдануы сияқты факторлар балаға психологиялық және физикалық тұрғыда теріс әсер етеді.

Сонымен қатар, ата-аналары ажырасқан, қайтыс болған немесе отбасынан бөлініп қалған балалар да ерекше қауіп тобына жатады. Бір немесе бірнеше әлеуметтік факторлардың ықпалына ұшыраған, өмір сүруі мен дамуына қауіп төнген мұндай балалар «әлеуметтік жағынан осал топтағы балалар» деп аталады.

Жоғарыда келтірілген себептерді сараптай келе, қоғамдағы «әлеуметтік жағынан осал топтағы балалардың» болмауы үшін мемлекет тарапынан көптеген шаралар ұйымдастырылып, іске асып жатса да, әлі де жеткіліксіз күйде, оған дәлел ретінде алдын алуға бағытталып жасалып жатырған шаралардың толықтай нәтиже бермеуін жоғарыда келтірілген статистикалық деректерден аңғаруға болады.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы бала саудасына қатысты әртүрлі дереккөздер мен материалдарға жүргізілген талдау негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады. Мұндай құбылыстардың кең таралуына бірқатар әлеуметтік және экономикалық факторлар ықпал етеді. Ең алдымен, халықтың құқықтық сауаттылығының төмендігі, қоғам мүшелерінің адам саудасы мәселесіне қатысты бейхабарлығы немесе аңғал сенгіштігі, сондай-ақ шетелде жоғары табысты жұмысқа орналасу, білім алу немесе тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатындағы жалған ұсыныстарға сену фактілері негізгі себептердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, адам саудасының кең етек жаюына халық арасындағы кедейшілік пен әлеуметтік теңсіздік айтарлықтай әсер етеді. Экономикалық тұрғыда әлсіз, жұмыссыз немесе тұрақсыз табысы бар азаматтар жиі осындай заңсыз әрекеттердің құрбанына айналады.

М.С. Жүсіповтің зерттеуінде адам саудасының құрбанына айналуға бейім балалардың келесі санаттары анықталған:

1. әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар;
2. жетім және көше балалар;
3. мигрант балалар;
4. білімі мен мәдени деңгейі төмен отбасылардан шыққан балалар;
5. мүгедек немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар;
6. отбасындағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәмелетке толмағандар;
7. спиртті ішімдіктер мен есірткі заттарын қолдануға бейім балалар.

Автор өз еңбегінде бұл жеті санаттағы балалардың адам саудасының ең осал тобына жататынын атап өтеді (БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясына қосымша – Адам саудасының, әсіресе әйелдер мен балалардың алдын алу және жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттамасы, 2000 жылғы 15 қараша).

Жоғарыда келтірілген факторлар қазіргі қазақстандық қоғамда бала саудасының өзекті әлеуметтік мәселе болып отырғанының нақты дәлелі болып табылады. Бұл көрсеткіштер мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру мен алдын алу саясатын күшейтудің қажеттілігін айқын көрсетеді.

Қазіргі кезде бүкіл әлемді жайлаған қымбатшылық пен қатар келген ашаршылық, экономиканың құлдырауы және кейбір мемлекеттердің арасындағы соғыстар мен саяси көзқарастардың дұрыс болмауы, соның ішінде өз мемлекетіміз Қазақстандағы нарықтың тұрақсыздығы, әлеуметтік саланың осалдығы еліміздегі адам саудасының, соның ішінде бала саудасының өршуіне әкеп соғып отырғаны жасырын емес. Оны нақты деректер көрсетуде.

Әлеуметтік саланың осалдығына мысал келтіретін болсақ, ата-анадан алған тәрбиенің нашарлығынан, тұрмыс жағдайының төмендігінен, үй-күйсіз болуынан, жұмыссыздықтың көбеюінен жас қыздарымыз перзентханада босанып, өз балаларын тірідей саудаға салып жатқандығы айдан анық.

Баланы тірідей саудаға салу барысында перзентхана қызметкерлерінің өздері де жалақының аздығынан және оңай жолмен көп мөлшерде ақша табу мақсатында қылмыстық іс-әрекеттерге жол береді. Бұның өзі мемлекетіміздің дамуына кері әсер ететін және кешірілмейтін үлкен қателік пен қылмыс болып саналады.

Әлемде болып жатқан мемлекеттер арасындағы саяси қақтығыстар мен түсініспеушіліктің кесірінен және төтенше табиғи жағдайлардың кесірінен үйсіз-күйсіз, ата-анасыз қалған жетім балалар – мигрант балалардың қатарын толықтыра түсуде. Осыдан кейін аталған жәйт жан күйзелісіне түскен балаларды саудалап жіберуге мүмкіндік туғызатын фактордың бірі болып табылады.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың және спиртті сусындар мен наша қолданатындардың кәмелетке толмаған балалары әлеуметтік жағынан осал балалардың қатарын көбейтуде. Осы топтан шыққан балалардың қараусыз қалуы мен қатыгездікке бейім тұруы елдегі қылмыстың өршуіне әкеліп соғады немесе бала саудасының құрбаны болады.

Тағы бір өзекті фактор ретінде саудаға түсетін балалардың көбі аурушаң, мүгедек балалар. Мұндай балаларды біздің елімізде емдеуге еш мүмкіндік болмағандықтан шетел азаматтары асырап алып, шетел асыруда. Одан кейінгі бала тағдыры біз үшін және мемлекетіміз үшін беймәлім.

Тек БАҚ-тан кейбір мемлекеттердегі өзге елдерден асырап алған балалардың із-түзсіз жоғалып кетіп жатқаны, кейбір сәбилердің өгей ата-ананың қолынан қаза тапқаны туралы деректерді оқығанда шекара асып кеткен біздің қарадомалақтардың тағдырына алаңдайтынымыз бар.

Қазіргі таңда аналардың өз баласынан бас тарту жағдайлары қоғамда жиі кездесетін құбылысқа айналып отыр. Мұндай әрекетке барған әйелдердің кейбірі материалдық қиындықтарға байланысты баласын сату арқылы қаржылай пайда табуды шешім ретінде қарастырады.

Шетелдік азаматтардың балаларды асырап алу тәжірибесіне келсек, заңнама бойынша оларға негізінен денсаулығында ақауы бар немесе туысқандары жоқ балаларды ғана асырап

алуға рұқсат беріледі. Дегенмен, кей жағдайларда тиісті рәсімдер сақталмай, құзыретті органдар мен медициналық мекемелердің қызметкерлері тарапынан заң бұзушылықтар орын алған фактілер тіркелген. Атап айтқанда, кейбір медициналық құжаттарға жалған диагноз енгізу арқылы дені сау балаларды шетелдік азаматтардың асырап алуына рұқсат беру жағдайлары анықталған.

Мұндай фактілер бала құқықтарын қорғау және халықаралық бала асырап алу процесін бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Бұл зерттеуде қолданылатын негізгі ұғымдар мен олардың мазмұнын анықтауда біз, жұмыс іздеу мақсатында адамның бір елден екінші елге қоныс аударуының негізгі мотивтері мен мәселелеріне баға береміз. Дәлірек айтқанда, Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы заңсыз немесе еңбек келісімшарты мен визадағы белгіленген мерзімнің өтіп кетуіне қарамастан, заңсыз еңбек етуші мигранттар мәселесін талқылаймыз. Қос мемлекет арасындағы аталмыш мәселені шешу мақсатында, EPS (Employment Permit System) – Оңтүстік Корея үкіметі тарапынан жүзеге асырылатын шетелдік жұмысшыларға арналған еңбек рұқсаты бағдарламасына қазақстандықтарға заңды еңбек етуге рұқсат алудың жолдарын және талаптарын ашып көрсетеміз. Себебі, аталған бағдарлама арқылы Оңтүстік Шығыс Азия және

кейбір Орталық Азия елдерінің азаматтары заңды түрде еңбек ете алады, алайда Қазақстан бұл тізімге кірмейді.

Әлеуметтік желідегі миграциялық насихат жөнінде TikTok, Instagram, Telegram секілді платформалар арқылы, Кореядағы жұмыс мүмкіндіктерін насихаттау немесе жалған ақпарат таратушылар жайлы да зерттеу жүргізілді. Бұл аталмыш мәселе Қазақстан азаматтарының заңсыз миграцияға бару мотивтерінің бірі ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда заңсыз миграция – жаһандық деңгейде күн тәртібіндегі маңызды мәселе. Халықаралық көші-қон ұйымдарының мәліметінше, 2019 жылы 272 миллионнан астам адам өз отанынан тыс, шетелге қоныс аударған. Визасыз режимдер мен көші-қон рәсімдерінің жеңілдетілуі еңбек миграциясының санының өсуіне жол ашты деп хабарлайды. Алайда бұл үдерістің кері әсері ретінде заңсыз мигранттар санының артуына негізгі себеп болуымен сипатталады. Заңсыз еңбек миграциясы адам құқықтарының бұзылуына, әлеуметтік қорғау жүйесінен тыс қалуға, тұрақсыз жалақы мен қауіпті еңбек жағдайларының өсуіне алып келеді. Мақаланың негізгі көзі ретінде, біз зерттеп жұмысын жүргізіп отырған Корея Республикасындағы еңбек мигранттары жағдайын алуға болады [1]. 1990 жылдары Корея шетелдік жұмысшыларды тарту мақсатында ITTS бағдарламасын іске қосса, кейіннен оны EPS (Employment Permit System) бағдарламасы алмастырды. Бұл жоба Оңтүстік және Орталық Азия елдерімен ынтымақтаса отырып жүзеге асырылуда. Алайда, Қазақстан бұл бағдарламаға рұқсат алмаған, яғни бағдарламаға қатысу мүмкіндігі шектелген елдердің қатарында. Қос елдің арасында заңды еңбек етуге рұқсат беретін бағдарламаның және еңбек визасының болмауынан, визасыз режим арқылы Кореяға заңсыз еңбек етуге баратын қазақстандықтардың саны жылдан жылға артуда. 2014 жылы бұл көрсеткіш 350 адам болса, 2020 жылы 12 000-нан асты. Бүгінгі күні олардың саны шамамен 13 000-нан асады [2]. Тақырыпты зерттеу аясында біз оны мәселенің өзектілігіне және мақсаты мен міндеттеріне, гипотезаларына бөліп қарастырдық. Кореядағы қазақстандық заңды құжаты жоқ еңбек мигранттарын зерттеу аясында, заңсыз миграцияның тек жеке тұлғалардың ғана емес, мемлекетаралық қатынастардың да тұрақтылығына әсер ететіндігін **мәселенің өзектілігі** ретінде көрсеттік. Заңсыз миграцияны азайту жолында екі ел арасында еңбек келісімдерін орнату қажеттілігінің туындап отырғандығын және бұл мәселенің шешімдерінің жылдан жылға созылып кетуінің қос мемлекеттің сыртқы байланысына ғана емес, Қазақстан мемлекет ретінде имиджіне де қауіп төндіретіндігін аштық.

Мақаланы зерттеу аясында, екі ел арасында жасалған келісім негізінде азаматтардың белгілі бір мерзімге дейін визасыз кіріп-шығуына мүмкіндік беретін визасыз жүйеге талдау жасадық. Қазақстан мен Корея арасындағы визасыз режим 2014 жылы енгізіліп, заңсыз мигранттар санының күрт өсуіне әсер еткен болатын және бұл мәселе күні бүгінге дейін жалғауда. Қос мемлекет арасындағы визасыз жүйені сақтай отыра, аталмыш мәселені дипломатиялық тұрғыда шешудің жолдарын ұсынамыз. Сонымен қатар, мемлекеттің көші-қон үдерісін реттеуге бағытталған заңдық, әкімшілік және институционалдық шаралар жиынтығына жауапты миграциялық саясаттың аспектілеріне тоқтала келе, БҰҰ қабылданған миграциялық саясаттың және заңнаманың сақталуына баға берумен сипатталады. Бұл зерттеуде Кореяның еңбек мигранттарына қатысты жүргізіп отырған саясаты да қарастырылады.

Зерттеудің мақсатына, Қазақстан азаматтарының Корея Республикасына заңсыз еңбек етуге бару себебі мен салдарын ашу және оны шешу жолдарын анықтаумен сипатталады. Аталмыш тақырыпты зерттеу аясында жүргізілген басты міндеттер қатарына біз, заңсыз еңбек миграциясы ұғымына теориялық шолу жасаудан бастадық. Сонымен қатар, тек Корея мен Қазақстан ғана емес, өзге де еңбек мигранттарын қабылдаушы елдердегі басты мәселелерге, оның себеп-салдары мен қатар өзектілігіне және БҰҰ сынды халықаралық ұйымдардың еңбек миграциясын шешу жолдарын зерттеп өттік.

Қазақстан азаматтарының Кореяға заңсыз бару себептерін анықтай келе, екі ел арасындағы еңбек көші-қонын реттеу тәжірибелерін талдауды зерттеудің негізгі міндеттері

ретінде қарастырдық. Осымен 10 жылдан аса уақыт бойы нәтижелі шешім қабылдауды қажет ететін мәселені шешудің жолдарын ұсынуды мақсат тұттық. Занды еңбек етуге жағдай жасауға бағытталған ұсыныстарды қарастырдық.

Зерттеудің гипотезаларына, қазақстандық азаматтардың Кореяға заңсыз мигрант ретінде кетуінің басты себептері – елдегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтар және жоғары жалақы табумен байланысты. Алайда, екі ел арасында ресми еңбек келісімінің болмауы – заңсыз миграцияның өсуіне ықпал етуде. Аталмыш мәселенің одан әрі ушығуына жол бермес үшін, Корея үкіметі мен Қазақстан арасында еңбек көші-қоны саласында ынтымақтастық орнауын жүзеге асыратын болсақ, қос мемлекет арасындағы заңсыз миграция деңгейі төмендейді.

Зерттеудің ғылыми әдебиеттеріне, еңбек миграциясы мен заңсыз көші-қон қазіргі халықаралық қатынастардың өзекті зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Бұл тақырып бойынша көптеген халықаралық және отандық зерттеушілер ғылыми еңбектер жазған. Халықаралық деңгейде Кристиан Босуэл (Эдинбург университеті), Томас Страубар (Гамбург университеті), «Шетелдік жұмысшылардың заңсыз жұмыспен қамтылуы» [3] атты еңбегінде жаһандану жағдайындағы көші-қон үдерістерін сипаттап, заңсыз мигранттардың әлеуметтік осалдығы мен құқықтық қорғансыздығына баса назар аударады. Стефан Кастрелс & Марк Миллер, «Көші-қон мәселесі: қазіргі әлемдегі халықаралық қозғалыстар (алтыншы басылым)» [4]. Чуе Суюн «Оңтүстік Кореядағы мигрант әйелдердің эмоционалдық жағдайы және мигрант жұмысшыларға арналған мемлекеттік қызметтер» [5]. Чоң Кисон, Бён Чжусу «Қарапайым еңбек мигранттарына талдау: Кореяда өмір сүру, неке жағдайы» [6]. Бұл жұмыстар заңсыз миграцияны институционалдық және құрылымдық факторлармен байланыстыра отырып, оның әлеуметтік-экономикалық салдарын кеңінен ашады. Тек қана еңбек миграциясынан бөлек, неке көші-қон мәселесінде ашып көрсетіп, заңды еңбек етуге рұқсат алу мақсатында, заңды түрде визаға қол жеткізу үшін некеге отыруға келіскен азаматтар, көпшілігінде азаматшалардың тәжірибелері де қарастырылады. Сонымен қатар, Оңтүстік Кореяға қатысты зерттеулердің бірі – Г.Б. Қалиева, А.Б. Абаған, Мионг С. «Оңтүстік Кореяда Орталық Азиядан келген заңсыз еңбек мигранттарының мәселесі» [7] еңбектерінде шетелдік еңбек мигранттарының Кореядағы бейімделу мәселелері мен EPS (Employment Permit System) бағдарламасының тиімділігі, нақтырақ Корея Республикасы мен Орталық Азия елдері арасындағы заңсыз еңбек мигранттардың әлеуметтік, мәдени және саяси мәселелері қарастырылады. Бұл зерттеулер Оңтүстік Кореяның шетелдік жұмыс күшіне деген саясатының қатаң талаптарға негізделгенін көрсетеді. Алайда, EPS бағдарламасы барлық елдерге бірдей қолжетімді емес, бұл өз кезегінде кейбір ел азаматтарының заңсыз еңбекке баруына итермелейді. Сонымен қатар, БҰҰ, Халықаралық көші-қон ұйымы және Корея Республикасының Әділет министрлігі жариялаған статистикалық мәліметтер де ғылыми шолу мен талдаудың маңызды бөлігін құрайды. Бұл ұйымдардың деректері заңсыз мигранттар санының динамикасын, олардың шығу тегі мен ел ішіндегі жағдайларын сандық тұрғыдан сипаттайды.

Жалпы алғанда, еңбек миграциясына арналған бұрынғы ғылыми еңбектер бұл зерттеуге теориялық негіз бола отырып, қазіргі таңдағы заңсыз еңбек мигранттарының мотивтерін, олардың әлеуметтік жағдайын және мемлекетаралық келісімдер қажеттілігін талдау үшін маңызды қызмет атқарады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Бұл зерттеу Оңтүстік Кореядағы заңсыз еңбек миграциясы мәселесін зерттеу үшін сапалық әдістер қолданылды. Зерттеудің негізгі мақсаты Қазақстан азаматтарының Корея Республикасына заңсыз еңбек мигранты ретінде бару себептерін, олардың жұмыс жағдайларын, әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін және құқықтық қорғалу деңгейін талдау болды. Зерттеу 2023 жылдың қазан-қараша айлары аралығында Сеул, Ансан және Инчон қалаларында жүргізілді. Қосымша дереккөз ретінде Сеул қаласындағы Ханян университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің жауапты кадрларымен консультациялар өткізілді, бұл зерттеудің академиялық бекітілуін қамтамасыз етті.

Зерттеу барысында деректерді жинау бірнеше әдіспен жүзеге асырылды. Біріншіден, мигранттармен жартылай құрылымдалған сұхбаттар өткізілді. Сұхбатқа 30 респондент қатысты, оның ішінде 20-ға жуығы Қазақстан азаматтары, қалғаны Өзбекстан, Қырғызстан және аз мөлшерде Әзірбайжан азаматтары болды. Респонденттердің жасы 20 мен 35 жас аралығында болды. Себебі Кореяда еңбек ететін мигранттардың орташа жасы 20 және 35-40 жасты құрайды. Сұхбаттар аудиожазба арқылы жазылып, кейін мазмұндық талдауға алынды. Сұхбатқа қатысушылар purposive sampling (мақсатты таңдау) және snowball sampling (топтық ұшқын) әдістерімен таңдалды.

Сараптамалық сұхбаттар да өткізілді. Олар Ансан қалалық миграциялық орталығының еңбек миграциясына жауапты қызметкері, миграциялық полиция орталығының өкілдері және Сеул қаласындағы Қазақстан Республикасының Елшілігінде жұмыс істейтін жауапты хатшы Бауыржан Тоққұловпен ұйымдастырылды. Бұл сұхбаттар мигранттардың құқықтық және әкімшілік жағдайларын бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеуде құжаттық және медиа талдау әдісі қолданылды. Оңтүстік Кореяның еңбек заңнамасы, миграция саясатына қатысты ресми құжаттар, БҰҰ және Халықаралық көші-қон ұйымының статистикалық мәліметтері зерттеуге кірісті. Кореялық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған 50-ге жуық мақала, сондай-ақ Instagram, TikTok, Telegram әлеуметтік желілеріндегі Қазақстандық мигранттар топтарының жазбалары мен пікірлері мазмұндық талдаудан өткізілді.

Жиналған деректер мазмұндық талдау арқылы жүйеленді. Деректер кодталып, негізгі тақырыптар мен мотивтерге бөлінді. Талдау барысында мигранттардың еңбек ету мотивтері, жұмыс жағдайлары, заңдық қорғалу деңгейі және әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері қарастырылды. Сондай-ақ, респонденттердің жеке пікірлері мен ұсыныстары зерттелді. Зерттеу сенімділігін қамтамасыз ету үшін бірнеше дереккөз салыстырылып, сұхбаттар аудиожазбадан мәтінге көшіріліп бірнеше рет тексерілді және мазмұндық талдау екі тәуелсіз зерттеушімен тексерілді.

Этикалық аспектілерге де көңіл бөлінді. Барлық респонденттерден келісім алынды және олардың жеке деректері құпия сақталды. Қатысушыларға зерттеу мақсаты түсіндірілді, кез келген уақытта қатысудан бас тарту құқығы бар екені хабарланды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жоғарыда атап өткеніміздей, заңсыз мигранттар арасында олардың құқықтарының қорғалуы мен мерзімді төлемақыны беру сынды әрекеттерге кепілдік жоқ. Себебі, заңсыз мигрант аты аталып отырғандай заңды тұрғыда ешқандай келісім жасасып немесе өз құқығының қорғалуын мемлекет тарапынан талап ете алмай келеді. Себебі, заңды еңбек ететін мигранттар тәрізді, визасы, тұрақты жұмыс орнымен өзге де заңдастырылған құжаттары жоқ. Олардың құқықтарының тапталуынан бөлек, ай сайынғы еңбекақыны толық алуға кедергілердің болуы немесе басшылық тараптан бопсалау мен қорқыту сынды әрекеттер жиі тіркеледі. Мұндай мәселенің туындауына жол бермеу аясында Корея үкіметі заңсыз мигранттардың әрекетін тоқтату үшін оларға арнайы қаулы шығарса да, толыққанды іске аспай отыр. Кореяның 2022-2025 жылдар аралығында президенті болған Юн Сок Ел әкімшілігі әр жыл сайын үздіксіз рейдтер мен заңсыз жүрген шетелдік азаматтарды өз отандарына қайтару операцияларын үздіксіз жасады. Бұл операциялар аясында бірнеше мыңдаған отандастарымыз өтемақы мен айыппұлдар төлеп елге қайтарылды. Президент Юннің әкімшілігі елдегі заңсыз мигранттардан бөлек шетелдіктерге деген саясатын күшейткен болатын, ол саясаттың үдерісі елде қаншама мыңдаған заңсыз иммигранттардың жүргенін көрсетті. Бұл операциялар аясында соңғы уақытта Орталық Азия елдерінен Қазақстанның көш бастап тұрғанына көзіміз жетті. Бұған дейін Өзбекстаннан келетін көршілес бауырларымыз көптеп баратынын ескергенімізбен, Корея мен Өзбекстанның арасында еңбек визасының болуына байланысты Қазақстаннан нақты заңсыз еңбекке келушілер саны екі есе көп тіркелген [13].

Кореяда еңбек ететін азаматтарымыздың көптеген қиындықтарға душар болып келеді. Мысалы, Кореяда үш жылдан бес жыл көлемінде еңбек етіп жүрген қазақстандық

азаматтарымыз берген сұхбатында, еңбекақы жайлы мәселелерді үнемі алға тартты. Т атты азаматтың берген сұхбатында, ол: «Әрине, заңсыз еңбек ету дегеніміз, төлемақыны толық беруге немесе басқа да мәселенің туындауына кепілдік бермейді. Алайда, біз мұнда екі жылдан үш жыл көлемінде еңбек ету арқылы да бірнеше қаржы мәселемізді шешіп қана қоймай, отбасымыздың әлеуметтік жағдайын тұрақтап алдық. Бұндағы жоғары жалақыда бізді қанағаттандырып отыр. Сол себепті түрлі қиындықтар кездесе де қаражат табу үшін бәріне көнуге, шыдауға тура келеді», - деп жалғастырды. Т жұмыстың ауырлығының әсері физикалық және моральдық тұрғыда өте ауыр екендігін тағы айтып қалды. Бұл Кореяда жоғары жалақыны табу барлық мәселенің шешімі ретінде қарастырудың қателік екендігін білдіреді. Алайда, еңбектің ауырлығы мен түрлі кедергілерге қарамастан, қаржы табу үшін отандастарымыздың небір қиындықтарға төзімділік танытатындығын байқаймыз. Бұл мәселелердің ушығуы олардың құқықтарының қорғалмауы мен қатар, денсаулық мәселелерінің және әлеуметтік мәселелерінің күрделенуіне әкелетіндігін ескерсек, көз жұма қарауға болмайтындығымызды және институционалдық шешімді қабылдау керек екендікті алға тартады.

Кореяда отандастарымыздың заңсыз жүруі екі елдің жауапты органдарын алаңдатып келеді. Заңды құжаты жоқ мигранттар арасында адам құқықтары, алаяқтық, зорлық-зомбылық және әлеуметтік-мәдени мәселелердің көбейгендігі тағы бар. Мұны ескерген Кореядағы еліміздің елшілігі, талай жылдар бойы ел үкіметіне мигранттардың мәселесін қарастыру керек екендігі жайлы ұсыныстар жасаған. Дегенмен, жұмыс визасын беру мәселесін шешу біраз уақытты талап ететіндігіне көзіміз жетті. Мысалы, елімізге заңды еңбек етуге рұқсат беретін жұмыс визасын алуға мүмкіндіктер бар. Әрі аталмыш елдің қоятын талаптарына сай болған жағдайда жоспар іске әбден мүмкін. Кореяда еңбек ететін мигранттар, көмекке зәру тұста мәселенің басын ашу үшін, міндетті түрде елшіліктің көмегіне жүгінеді. Осы тақырыпты тереңірек зерттеу аясында, 2023 жылдың қараша айында Сеулдегі Қазақстан елшілігімен байланысып, мигранттар мәселесі жайлы сұхбатымызға елшіліктің бірінші хатшысы Тоққұлов Бауыржан Серіктесұлы қолдау көрсетті. Сұхбатта, Кореяның еңбек мигранттарына арналған саясаты, жұмыс визасын беру мәселесінің қалай шешілетіндігі, қазақстандық еңбек мигранттары қандай мәселе аясында көмек сұрайтындығы қарастырылды. Сондай-ақ, Кореяда еңбек мигранттарына қатысты орын алған түрлі жағдайларға елшілік тарапынан қандай қолдау және көмек болатындығы жайлы сұрақтар қойылды. Елшілік сұхбат аясында қойылған сұрақтарға толық жауап беріп, отандастарымыз жиі тап болатын мәселелерге де баға берді. «Соңғы уақытта, отандастарымыздың заңсыз еңбекке баруларының көбеюі де үлкен кедергілерге алып келді. Заңды құжаттарының жоқ болуына орай, кейде жұмыс беруші тарапынан уақтылы жалақыны ала алмайды. Жұмыстағы қауіпсіздік шараларын дұрыс білмеуден алған жарақаттарына сәйкес арнайы медициналық көмекке жүгіне алмайды. Тіптен, өзара түсініспеушілік пен саяси және басқа да діни көзқарастың қайшылықтарына байланысты орын алатын жағдайлар көп. Алаяқтарға душар болса немесе әлеуметтік қысымға ұшыраса, қандай да бір мәселеге байланысты жәбір көрсе де елшілікке хабарласып жатады. Жат қоғамға бірден үйренісіп кете алмаудан туындайтын конфликт, дискриминация сынды проблемаларға душар болып жатады. Медициналық сақтандыруларының болмауынан амбулаториялық көмекке жүгінуден бас тартады. Ал сақтандырусыз алғашқы жәрдемді де алу миллиондаған қаражатты талап етеді. Елде заңды еңбек етуге құқықтарының жоқтығынан жергілікті жауапты органдардың көмегіне жүгіне алмайды. Тіптен, Кореяда еңбек етіп жүріп, жазатайым оқиғадан мерт болған азаматтар да көп. Олар міндетті түрде Кореядағы елшіліктің көмегіне жүгінеді. Күніне қаншама хаттар түседі, қаншама отандастарымызбен кездесеміз. Біз бәріне бірдей көмектесуге тырысамыз. Кейде жұмыстың тығыздығы мен маңызды мәселелер шығып қалған жағдайда, отандастарымыздың мәселесін түгел бірдей бір мезетте шешу қиындық туғызады. Дегенмен, заңды, заңсыз еңбек ететініне қарамастан оларға бірдей қарау және көмек көрсету біздің жұмысымыз», деді жауапты хатшы.

Отандастарымызға виза беру мәселесі талай уақыт бойы қаралып келе жатқан іс екендігі белгілі. Осы мақсатта, жұмыс визасы туралы сұрақтарға жауап іздеп көрдік. «Елімізбен Корея

арасында жұмыс визасы қарастырылып жатқандығы рас. Бізде елшілік тарапынан бұл мәселені көтердік. Отандастарымызға жұмыс визасы берілсе, нұр үстіне нұр болар еді. Жұмыс визасын қамтамасыз етуде бірден болмайтынын ескеру керек. Жалпы, елімізде оларды дайындайтын орталық ашылып, Кореяға жұмысқа келемін деушілерді дайындауы керек. Ол орталық Кореяның миграциялық өкілдері мен еңбек министрлігі тарапынан қойылған шарттарға сәйкес болуы маңызды. Сонымен қатар, ашылған орталық өз жұмысын сәтті жасауы бірінші орында. Қазақстандықтардың арнайы виза орнатылғаннан кейінде елге заңсыз келуі қысқарса онда бұл жақсы нәтиже болмақ. Алайда, заңды еңбек етуге берілетін құқықты өз білгенінше қолданып немесе заңсыз әрекеттер жасаған азаматтар көп тіркелсе, келешекте орталық жабылып қалуы мүмкін. Осы себепті ел азаматтары да заңды еңбек етуге берілетін құқықтарды дұрыс пайдалана білуі және заңсыз әрекеттерге барудан бас тартуы біздер үшін және ел үшін үлкен көмек». Сеул елшілігіндегі хатшымыз Бауыржан ағаның айтпақ ойымен толық келісетіндігімізді айтып өтпекпіз. Себебі, заңды еңбек етуге ресми түрде келісім алған соң, Корея тарапынан қойылатын міндеттерді таза әрі мінсіз атқару біз үшін үлкен маңызға ие болуы тиіс. Сонымен қатар, жұмыс визасын беру процесі мақұлданса, бұл процесі атқару сәл уақытты талап етеді. Әуелі орталық талапқа сай және болашақ жұмысшыларды Кореяға жібермес бұрын оларға тілдік курстарды ұсыну, еңбек кодекстерімен таныстыруы маңызды.

2024 жылдың қаңтар айында үкімет тарапынан қазақстандықтарға жұмыс визасы беріледі деген ресми қаулы шықты. Бұл еліміз бен Корея арасындағы байланысты күшейтетіні сөзсіз сеніммен қарадық. Ендігі кезекте қазақстандықтар үшін заңды еңбек етуге берілген рұқсатты дұрыс қолдана білу. Бұл келісім толыққанды жүзеге асқан жағдайда ғана Кореяда еңбек келісімі аяқталғанға дейін отандастарымыз үш жылдан бес жылға дейін жұмысын жалғастыруға толық құқыққа ие бола алады. Дегенмен, корей мемлекетінің заңын қатаң сақтап, екі елдің Еңбек министрліктері тарапынан қойылған талаптарды орындау ол отандастарымыздың мойнында. Аталмыш мәселенің қаншалықты жүзеге асып жатқандығына көз жеткізіп, сараптама жасау мақсатында да, Бауыржан Серіктесұлымен виза тақырыбында сұхбаттасқанымызда жұмыс визасы туралы талқыладық. Хатшы өз сөзінде, «Мен отандастарымыздың еңбек еткеніне қарсы емеспін. Заңсыз еңбек етуге шақырмаймын. Себебі, заңсыздың аты заңсыз. Олар өз құқықтарын қорғай алмайды, қандай да бір жағдай орын алса, жергілікті полиция органдарына немесе жауапты қызметтегі адамдардың көмегіне жүгіне алмайды. Оларға өкілетті органдар көмектесуі мүмкін, бірақ мәселесі шешілген соң оларды бірден депортациялайды. Соған сәйкес, мұндай шешімге барудан бас тартады. Елшілікке түрлі мәселелермен жүгінеді. Көбіне заңды еңбек етуге құжаттары жоқ мигранттар арасында аталмыш оқиғалар жиі тіркеледі. Мұнда ауыр жұмыс күшіне шыдай алмаған және жұмыс барысында жарақат алған азаматтарымызды жиі кездестіреміз. Жазатайым мерт болғандар азаматтар да бар. Олардың денесін елге аман есен жеткізу біздің міндет. Мерт болған азаматтарымыздың мәйітін елге жеткізу шамамен 7000-8000 долларды құраса, елге жеткізгенше рәсімделуі керек құжаттар шығындары мен мәйітті сақтауға әр күніне кететін қаражатты есептегенде бұдан да көп сомманың кететіндігін ескеру керек. Осы сынды жиі кездесетін сан мыңдаған мәселелерді ескерер болсақ, отандастарымыздың заңды еңбек етуге мүмкіндік алуы біз үшін үлкен жеңіс болмақ. Жалпы жұмыс визасын беру туралы ресми ақпарат ағымдағы 2024 жылда жариялануы тиіс» - деді.

Қазақстандықтарға виза беру біраз жылдар бойы көтеріліп келді. Бірақ, соңғы уақытта елімізден еңбек етуге келушілер саны күрт өсті. Сәйкесінше олардың арасындағы мәселеде ушыға бастады. Елшіліктің жауабына сәйкес, еңбек ететін азаматтарымызда осы тақырыпты әлеуметтік желіде болсын ұдайы жазып жатады. Мәселенің алдын алу мақсатында, Кореядағы Қазақстан елшілігі мен Сыртқы істер министрлігі Кореяның Еңбек министрлігіне ұсыныс жасады. Корея үкіметі отандастарымызбен келісімге келуге әрдайым дайын екендігін айтқан. Корей үкіметі де біздің жауапты органдарға өз ұсыныстарын жасады, яғни Қазақстан мигранттарын жіберетіндей дайындығымыздың барын дәлелдеу керек. Қайталап өткеніміздей орталықтардың ашылуы, денсаулық мәселелерінің жоқтығын анықтау мен корей тілін

үйрететін мамандарды тарту, арнайы бастапқы дайындық жүргізу сынды жұмыстар бар. Бұл процестің жүйелі түрде жүзеге асуын толыққанды Еңбек министрліктері бақылауға алуы керек. Егерде Қазақстан Республикасы талаптарға сай және еңбек мигранттарын дайындай алатындай дәрежеге жетсе және дәлелдесе, онда корей үкіметі біздерді толықтай қолдауға дайын екендігін ресми түрде хабарлаған болатын.

Сондай-ақ, соңғы уақытта Кореяның БАҚ жарияланған еліміз жайлы жаңалықтарда жағымды болмай тұр. Соңғы жаңалықтарда отандастарымыздың жалған құжат жасатқандықтары мен құжаттық тексеру аймақтарында тәртіп бұзулары, жауапты мамандарға дөрекілік таныту мен әуежайдан қашу сынды бұзақылықтары, заңды құжаты жоқ мигранттардың көбеюі сынды мәселелер қызу талқыға түскен. Өткен жылы орын алған екі отандасымыздың заң бұзып, Инчон әуежайдан қашып, іздерін суытпақ болуы әлеуметтік желіні шулатқандығы тағы бар. Аталмыш мәселеге көз жұма қараумен қатар, отандастарымыз бен мемлекет тарапы аясынан ешқандай шараның қолданбауы бұл бір тұрғыдан еліміздің имиджіне нұқсан келтіреді. Осы сынды мәселелердің көбеюі де, жұмыс визасын беруді жеделдетуге және мәселені институционалдық тұрғыда шешудің қажет екендігін көрсетеді. Бұл мәселені қарастыру мен Корея ұсынған талаптарға толық дайындалу да біраз уақытты қажет ететін, ауқымды зерттеумен нәтижелерді талап ететін ұзақ процес.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақстаннан Кореяға заңсыз еңбек мигранттарының алғаш пайда болуы 2014 жылы басталған. Кореяда 2014 жылы қазақстандықтарға ашық есік саясатының күшіне енуі заңсыз еңбек етушілердің бірден өсуін байқатты. Бүгінде олардың санының 10 мыңнан асуы мемлекет тарапынан шешімді күтетін мәселеге айналды. Корея мен Қазақстан арасында заңды еңбек етуге мүмкіндік беретін виза мен бағдарламалар осы уақытқа дейін қарастырылмады. Корея үкіметі 2004 жылы заңды еңбек етуге жағдай жасалған EPS (Employment Permit System) іске қосты, бірақ, бұл бағдарлама 2007 жылдан бастап тек Өзбекстан мен Қырғызстан азаматтарына виза беруге келісім жасады. Қазақстандықтар аталмыш бағдарлама мен жұмыс визасының болмауы, бұл елге тек қана заңсыз барудан өзге жолдың жоқтығын себепке алады. Қазақстандық азаматтар Кореяға заңды жұмыс істеуге ие болатын жұмыс визасымен келісімнің орнауына ниет білдіріп келді. Сонымен қатар, қазақстандық заңсыз мигранттар арасында да заңсыз әрекеттердің көбеюі мен адам құқықтарының бұзылуы тіркелген. Заңды еңбек келісімінің жоқтығынан уәде етілген жалақыны ала алмау, алаяқтық сынды әлеуметтік мәселелердің ушығуы, дер кезінде институционалдық шешімдерді шығаруды талап ететін күрделі мәселеге айналды 2023 жылы жауапты органдар қазақтарға жұмыс визасын ұсыну мәселесін қайта талқыға салды. Мәселені ұзаққа созбай, мерзімді аяқтау керек екендігін ұсынған болатын. Бұл жұмысқа Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мен екі ел арасындағы елшілеріміз де атсалысты. Осылайша, 2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі аталмыш жаңалықты ресми жариялады. Ендігі кезекте, екі ел тарапынан орындалуы тиіс жұмыстар мен ұсыныстарды қадағалау, жұмыс визасын беру процесін ілгерілету маңызды. Сонымен қатар, еңбек біліктілігіне дайындайтын арнайы орталықты құру жұмыстарын жеделдету керек [8].

Әлеуметтік желіде, қазақстандық азаматтарға жұмыс істеуге мүмкіндіктің болмауы үнемі қызу талқылауға түседі. Үкімет тарапынан осы мәселенің көтерілуі керек екендігін алға тартады. Кореяда еңбек ететін отандастарымыз арасында еңбек визасына деген мұқтаждықтың қаншалықты маңызды екендігін анықтау керек болды. Еңбек мигранттар арасында әдетте қандай мәселелер жиі кездеседі және отандастарымыздың өмір сүруінде қандай кедергілердің барына сараптама жасадық. Корея Республикасында үш жылдан бес жыл көлемінде еңбек етіп жүрген қазақстандық заңсыз мигранттармен сұхбаттар жүргізілді. Сұхбат, әлеуметтік желі арқылы онлайн түрде және тікелей кездесулер арқылы жасалынды. Кездесулер негізінде, Кореяда еңбек ететін қазақтардың өз отандарына қайта алмауының бір себебі, олардың заңсыз еңбек етуімен, депортация процесінің орын алуымен сипатталды. Демек, екінші рет Кореяға кіру мүмкіндігінен айырылуы екендігін айқын көрсетті. Сондай-ақ, мерзімінен бұрын елден

шықпау себептеріне орай арнайы айыппұл сынды өзге де істің қозғалуы мүмкін екендігін алға тартады. Мұнан өзге себептің бірі, отбасылық немесе жеке бас қажеттіліктері, әлеуметтік жағдайларын оңтайландыру аясында заңсыз тұрғыда болса да еңбек етуге дайын болуы. Еңбек келісімдерінің жоқтығынан емін еркін елден шыға алмайды. Бірнеше жыл қатарынан отанына оралмай, жақындарымен кездесе алмай еңбек етуге мәжбүр. Заңсыз еңбек етуге Кореяны таңдаудың себептері де айқын, бір айлық визасыз режим мен жоғарғы жалақы мен қатар ондағы қазақ мигранттарының санының ұлғаюы. Сонымен қатар, Кореяға қара жұмысқа барушылардан тіл білудің талап етілмеуі. Сұхбаттар аясында Кореядағы қазақстандық жастар, өзінің және отбасылық қажеттіліктермен әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу үшін ақша жинап, тіптен болашақта отанында жеке кәсіпорындарын ашу немесе мемлекетке қарыздарын өтеу мен жақындарына жәрдемдесу сынды түрлі себептерге байланысты мигрант атанғандығын алға тартады. Дегенмен, Кореяда еңбек ететін қазақстандық заңсыз мигранттардың ондағы еңбек ету себептері әр алуан екендігін де айта кеткен жөн.

Корея Республикасында заңсыз мигранттардың санынан күрт өсуіне байланысты Корея Әділет министрлігі олардың алдын алу үшін КЕТА (Korea Electronic Travel Authorization) ұсынды. Бұл Кореяда бір ай көлемінде турист мақсатында қалуға мүмкіндік беретін рұқсатнама. Рұқсатнаманы алу үшін, Кореяда нақты болу мерзімімен қатар, қайтар ұшақтың билеті керек. Қонақ үйді алдын ала жалдап қойғаныңызды дәлелдейтін құжат пен өзге де сауалнаманың үлгісін талапқа сай толтыру маңызды. Рұқсатнама қағазы берілмеген жағдайда, міндетті түрде елшілікке бару арқылы, туристік виза С-3 алуға мәжбүр боласыз. Бұл бүгінгі таңда Кореяға еш кедергісіз кіруге кепілдік береді дегенді білдірмейді. Мигранттардың көбеюіне байланысты Корея Республикасының Әділет министрлігінің шешіміне қарасты кедендегі тексеріс күшейтілуі бұған бірден бір дәлел. Кедендік тексерістің күшеюі де мигранттар санын азайтуға септігін тигізуі анық. Дегенмен, тексеріс пен талаптардың күшеюіне қарамастан тәуелекелге бел буып, заңсыз еңбек етуге барушылар қатары өсуде. Атап айтар болсақ, олар туристік виза мен КЕТА алу арқылы Кореяға демалысқа келгендерін дәлелдеп, артынша заңсыз қалып қояды. Мұндай әрекеттің қайталануы қазір қалыпты жағдайға айналған. Алайда, ғылыми зерттеулер мен дәлелдемелер заңсыз еңбек күшіне барудың бірнеше әлеуметтік мәселенің туындауына себепші болатындығын дәлелдейді. Заңсыз мигрант атану өз құқықтарының қорғалмауынан бөлек, мемлекет тарапынан қолдаудың шеттетілуімен қатар, екі мемлекет арасында да сыртқы байланыс күшінің әлсіреуіне әкелуі мүмкін күрделі процесс [9].

Қазақстандық азаматтардың заңсыз еңбек ету аясында бірнеше әлеуметтік мәселелерін зерттеуде, денсаулықтары жайлы ақпараттар жинау қолға алынды. Оңтүстік Кореяда кемінде бес жылдан артық еңбек етіп жүрген азамат Р онда кездесетін мәселелерге баға берді. «Корея еңбек етушілерге келетін адамдар үшін ыңғайлы орын болса да, моральдық тұрғыдан дайын болуды қажет етеді. Физикалық тұрғыда белсенді және денсаулықтың мықты болуының маңызды екендігін ескертемін. Себебі, тәулік бойынғы ауыр жұмыс пен он минуттық ғана үзілістің тынығуға жеткіліксіз болатындығы бар. Жұмыс берушіге де маңызды. Алайда, Корея бұл әлсіздерге арналған мекен емес. Корейлер сияқты күн-түн демей еңбек ету керек. Оның үстіне заңды құжаты жоқ еңбек мигранттарының денсаулығының жақсы болуы маңызды. Мұнда жарақат алсаңыз сіз амбулаториялық көмекті тегін ала алмайсыз. Өте қымбат, қалта көтермейді. Екіншіден, заңсыз мигранттарда медициналық сақтандыру болмайды, бізде заңды еңбек етуге рұқсат жоқ. Бұл процесстің жиі жалғасуынан денсаулықтарына нұқсан келтіріп жататын азаматтардың жиі кездестіремін. Олардың Корея жайлы ақпараттан хабарсыз болып, мәдени шок алып жататындықтары да бар. Қысқасы, денсаулықтарына нұқсан келтірген азаматтар заңсыз мигрант болғанына байланысты сақтандыру қағаздарының жоқтығынан ем қабылдай алмайды». 2020 жылы қазақстандық Әли атты азамат, Кореяда заңсыз еңбек етіп жүрген тұсында өзі тұратын жатақханадан өрт шыққандығын байқап, отқа оранған үйден 10 жуық корей азаматтарын аман алып қалады. Алайда, заңсыз еңбек етіп жүргеніне байланысты өзі де жарақат ала тұра, оқиға орынан қашып кетеді. Оның жарақат алғанын байқаған халық,

Әлиді ауруханаға жеткізуге тырысқанымен, заңсыз мигрант болғандықтан ауруханаға барудан бастартқандығын байқайды. Осылайша Яңяң қаласының тұрғындары 3000 жуық адамнан петиция жинап, Әлиге Кореяда тұруға ықтияр хат пен қатар оған кешірім беруін өтінеді. Әлидің істеген ісіне риза болған халық оның ауруханада ем алуына жәрдемдесіп, ақшалай көмек те көрсеткен. Бұдан байқайтынымыз, Кореяда еңбек ететін заңсыз мигранттар ауыр халіне қарамастан емханаға немесе дәрігердің көмегіне жүгіне алмайды. Сонымен қатар, ауыр жұмысқа барған халықтың денсаулығына еш зиян тимейтініне кім кепіл деген маңызды сұрақ та туындайды [10].

2019 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің бас өкілі Айбек Смадияров Корея елінде 7 қазақстандық азаматтың ауыр жұмыс күшіне шыдай алмай мерт болғандығын және бұдан өзге де түрлі қайғылы оқиғалардың болғандығын хабарлаған еді [12]. Сондай-ақ, Кореяда бес жылдан артық еңбек етіп жүрген Т атты мигранттың айтуынша, «Көптеген қазақстандықтар мұнда Корея жайлы білмей тек ақша табудың жолын ғана ойлап келеді. Алайда, бұл олар жіберетін үлкен қателіктің бірі және бірегейі. Мұнда тәулік бойы атқаратын жұмыстың ауырлығы мен заңсыз еңбек етудің қиындықтары, пәтер іздеумен қатар, қаржы сынды бірнеше мәселелер жиі туындауынан олар не істерін білмей қалады. Ауыр жұмыс денсаулыққа әсер ететінін біліп келудің қаншалықты маңызды екендігін түсінбейді» - деп жалғастырды. Кореяда еңбек етіп келген азаматтардың тәжірибесі онда денсаулықтың қаншалықты маңызды екендігін дәлелдеп отыр. Заңсыз мигрант атану, кез-келген әлеуметтік немесе жеке бас, отбасылық экономикалық мәселелерді шешудің бірден бірі жолы емес екендігін айтып өткен абзал. Мигранттардан алынған сұхбаттар мен әлеуметтік желіде жазылған бірнеше ақпарат көздері олардың арасында түрлі денсаулық мәселелерінің туындайтындығын жазады. Қайғылы оқиғалардың орын алып жататындығын үнемі жариялайды. Қазақстан Республикасының мемлекет өкілдері мен сыртқы істер министрлігіде заңсыз жұмысқа кеткен мигранттардың хал-ахуалына қарасты мәселенің ушығуына алаңдаушылықпен қарайды. Сонымен қатар, заңсыз еңбек етуге барудың соңы жақсылықпен аяқталуы мүмкін еместігін жеткізуді көздейді. Әлеуметтік мәселелерге байланысты, отбасы мәселесін бірінші орынға қоятын қазақстандықтар үшін де, заңсыз әрекеттерге тәуекел ету оңай шешім емес, тіптен олар өз денсаулықтарын қатерге қоюға дейін барады. Осы сынды себептер, бұл мәселенің ұтымды шешімдер мен келісімдер арқылы қарастырылғанын талап етіп отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда көптеген қазақстандықтар түрлі әлеуметтік себептерге байланысты шетелге заңсыз еңбек етуге шығуда. Отбасының қажеттіліктері, қаражат жетіспеушілігі және арзан жұмыс күші сияқты факторлар азаматтарды өз елінен тыс жерде еңбек етуге мәжбүрлейді. Соның ішінде Оңтүстік Кореяға заңсыз еңбек етуге баратын отандастарымыздың саны үнемі артып келеді. Алайда заңсыз еңбек етуге тәуекел ету ұтымды шешім емес, өйткені бұл бірнеше әлеуметтік және құқықтық мәселелерді туындатады.

Зерттеу барысында анықталғандай, Оңтүстік Кореядағы қазақстандық заңсыз мигранттар жұмыс істейтін орындарда визалық, медициналық, адам құқықтары және еңбекақы мәселелерімен жиі бетпе-бет келеді. Қазақстан мен Корея арасында заңды еңбек етуге мүмкіндік беретін арнайы еңбек визасы қарастырылмаған. Көбі туристік немесе медициналық визамен кіріп, кейін заңсыз түрде ауыл шаруашылық, зауыт, фабрика, қонақ үй қызметі, тазалық немесе құрылыс саласында жұмыс істейді. Мұндай жағдайда заң бұзушылық орын алады, ал кейде жалған виза жасату қызметтерін пайдаланатындар саны да артуда. Визалық мәселелердің ушығуы екі ел арасындағы мемлекетаралық келісім арқылы ғана шешілуі мүмкін, яғни толық келісім мен шарттардың орындалуы арқылы ғана Қазақстан азаматтары заңды түрде еңбек етуге мүмкіндік алады.

Денсаулық сақтау мәселесіне келер болсақ, заңды құжаты жоқ азаматтар медициналық сақтандырудан тыс қалады. Жұмыс барысында жарақат алғанда немесе ауыр сырқатқа

шалдыққанда жұмыс беруші жауапкершіліктен қашуы мүмкін, ал кейде медициналық көмек алу мүмкіндігі мүлде болмауы ықтимал. Мысалы, Instagram желісіндегі qazaq.alliance.in_korea парақшасында Кореяда жұмыс істейтін қазақстандықтарға материалдық көмек қажеттілігі туралы хабарландырулар жиі жарияланады. Қаржылық немесе медициналық көмекке уақытында қол жеткізе алмай, мүгедек болып елге оралғандар туралы оқиғалар көп кездеседі. Сондай-ақ, заңсыз еңбек ететін азаматтардың өлімі жағдайында денесін елге қайтару мен құжаттарын рәсімдеу ұзақ және қымбат процесс болып табылады. Адам құқықтарының бұзылуы да маңызды мәселе болып отыр. БҰҰ мен ЕО заңнамасында заңсыз және заңды мигранттардың құқықтары қорғалатыны көрсетілген. Алайда заңсыз еңбек ететін азаматтар көбіне өз құқықтарын қорғауға немесе құқықтық органға жүгінуге қорқады, кейде бас тартуының себебі өз елге депортацияланудан қауіптену болып табылады. Сонымен қатар, заңсыз еңбек ететіндер көбіне орта және төмен білімді болғандықтан, қай органға жүгінуге керектігін білмейді, еңбек заңнамасынан хабарсыз және өз құқықтарын қорғай алмайды. Сұхбатқа қатысқан мигранттардың айтуынша, жұмыс берушілер заңсыз жұмысшылардың құқықтық сауатсыздығын пайдаланып, оларды арзан жұмыс күші ретінде қолдануға ыңғайлы деп санайды. Заңды жұмысшыларға қарағанда, сақтандыру мен салық төлемей, оларды еңбекке тарту тиімді болып отыр. Сонымен қатар, уақтылы еңбекақы төлемеу немесе жұмыс келісімін орындамау сияқты жағдайлар да кездеседі, бірақ мигранттар көбіне қорқытып немесе бопсалау арқылы өз талаптарын айта алмайды.

Заңсыз еңбек тек қаражат табудың ең оңай жолы ретінде қарастырылмауы керек. Құқықтық қорғалмағандық пен әлеуметтік қауіптерді ескере отырып, заңсыз еңбекке бармау маңызды. Әлемде заңсыз мигранттар санының өсуі басқа да әлеуметтік мәселелердің туындауына әкелуі мүмкін. Соңғы уақытта Қазақстан мен Корея арасында заңды еңбек визасын енгізу мәселесі қарастырылып, келісім күшіне енген жағдайда қазақстандықтар заңды еңбек ету мүмкіндігіне ие болады. Бұл әлеуметтік мәселелердің бірқатарын шешіп, медициналық көмекке, жоғары жалақы мен қауіпсіздікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Екі ел арасындағы талаптардың толық орындалуы маңызды, ал қазақстандықтар заңсыз еңбекке бармауы тиіс. Егер бағдарлама шарттары бұзылса, еңбек келісімдері өз жұмысын жалғастыра алмау қаупі бар. Дегенмен, келісім нәтижелі іске асқан жағдайда бұл екі ел үшін еңбек миграциясын тиімді ұйымдастырудың маңызды бастамасы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ракишова Б. «Оңтүстік Кореядағы қазақстандық заңсыз еңбек мигранттары». – Қазақстанның халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесі (KCIR) – Нұрсұлтан қ., 2020. - б. 60.
2. *International Migration Statistics in 2021. [Electronic resource]. 2021. URL: https://www.google.com/url?sa=t&source=web&rct=j&opi=89978449&url=https://kostat.go.kr/boardDownload.es%3Fbid%3D11745%26list_no%3D419539%26seq%3D2&ved=2ahUKEwiIk-jfkJSNAxUsJBAIHYOVID4QFnoECBcQAO&usq=AOvVaw190meYmdL-ft65_nzqQEu0 (Accessed on 23.01.2024).*
3. Boswell C., Straubhaar T. “The Illegal Employment of Foreign Workers: An Overview.” *January/February 2004, pp. 4-20. [Electronic resource]. 2024. URL: <https://www.researchgate.net/publication/47872117> The illegal employment of foreign workers An overview (Accessed on 05.07.2024).*
4. Castles S., Miller M. *The Age of Migration: International Movements in the Modern World. – 6th ed. – January 2020. – 443 p.*
5. Choi S. *Governing Through Support: Migrant Women’s Affective Labor and Government Services for Migrant Workers in South Korea // Asian Journal of Women’s Studies. – 2019. – Pp. 352-374.*
6. Chung, K. & Byun, J.. *Analysis on Low-Skilled Labor Migrants’ Life in Korea: Focusing on the Role of Marital Status and Spouse’s Residence in Korea. [Electronic resource]. 2015. URL: <https://www.researchgate.net/publication/305984432> Analysis on low-*

skilled labor migrants' life in Korea focusing on the role of marital status and spouse's residence in Korea (Accessed on 20.04.2025).

7. Қалиева Г.Б., Абаган А.Б., Мионг С. «Оңтүстік Кореядағы Орта Азиялық заңсыз еңбек мигранттарының мәселелері» - [электрондық ресурс]. - 2024. - URL: <https://bulletin-socpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/521> (Қаралған күні: 04.04.2024).

8. Korea Immigration Service Statistics. Ministry of Justice. [Electronic resource]. 2018. - URL: https://www.immigration.go.kr/immigration_eng/1849/subview.do (Accessed on 21.10.2023).

9. Chosun Ilbo. “*화마서 한국인 10명 구한 불법체류자 추방 안된다*” [Electronic resource]. – 2020. – Available at: <https://www.chosun.com> (accessed on: 10.02.2023).

10. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілінің брифингі, Астана, Ақпан 27, 2020. [электрондық ресурс] – 2020. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa?lang=en> (Қаралған күні: 20. 02. 2025)

11. Migrant issues left off agenda in presidential race. [Electronic resource]. 2025. - URL: <https://www.koreatimes.co.kr/southkorea/20250527/south-koreas-presidential-race-overlooks-migrant-issues> (Accessed on 27.05.2025).

12. Қалиева Г. Кореядағы еңбек мигранттары мемлекетіміздің беделіне көлеңке түсірмесе екен // 7-su.kz. Jetisu желілік басылымы. - [Электрондық ресурс]. – 2024. – URL <https://7-su.kz/janalyqtar/kultobe/koreyaday-ebek-migrantтары-memleketmzd-bedelne-kleke-tsrnese-eken-20481/> (Қаралған күні 18.05.2025).

13. Lim T. South Korea as an Ordinary Country: A Comparative Inquiry into the Prospects for ‘Permanent’ Immigration to Korea // *Journal of Ethnic and Migration Studies*. – 2012. – Vol. 38, No. 3. – Pp. 507-528.

References:

1. Rakisheva B. *Illegal Immigration of Kazakhstan to South Korea*. Kazakhstan Council on International Relations (KCIR). Nur-Sultan, 2020, 60 p.

2. International Migration Statistics in 2021. [Electronic resource]. 2021. URL: https://www.google.com/url?sa=t&source=web&rct=j&opi=89978449&url=https://kostat.go.kr/boardDownload.es%3Fbid%3D11745%26list_no%3D419539%26seq%3D2&ved=2ahUKEwiIk-jfkJSNAxUsJBAIH0VID4QFnoECBcQAO&usq=AOvVaw190meYmdL-ft65_nzqOEu0 (Accessed on 23.01.2024).

3. Boswell C., Straubhaar T. “The Illegal Employment of Foreign Workers: An Overview.” *January/February* 2004, pp. 4-20. [Electronic resource]. 2024. URL https://www.researchgate.net/publication/47872117_The_illegal_employment_of_foreign_workers_An_overview (Accessed on 05.07.2024).

4. Castles S., Miller M. *The Age of Migration: International Movements in the Modern World*. – 6th ed. – January 2020. – 443 p.

5. Choi S. *Governing Through Support: Migrant Women’s Affective Labor and Government Services for Migrant Workers in South Korea* // *Asian Journal of Women’s Studies*. – 2019. – Pp. 352-374.

6. Chung, K. & Byun, J. *Analysis on Low-Skilled Labor Migrants’ Life in Korea: Focusing on the Role of Marital Status and Spouse’s Residence in Korea*. [Electronic resource]. 2015. URL https://www.researchgate.net/publication/305984432_Analysis_on_low-skilled_labor_migrants'_life_in_Korea_focusing_on_the_role_of_marital_status_and_spouse's_residence_in_Korea (Accessed on 20.04.2025).

7. Kalieva G., Abagan A. *The Problem of Illegal Labor Migrants from Central Asia in South Korea* // *Bulletin of Abai KazNPU. Series of Sociological and Political Sciences*. – 2024. – No. 1 (March). – Pp. 24-36. – [Electronic resource]. – Available at: <https://bulletin-socpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/521> (accessed on: 04.04.2024).

8. Korea Immigration Service Statistics. Ministry of Justice. [Electronic resource]. 2018. - URL: https://www.immigration.go.kr/immigration_eng/1849/subview.do (Accessed on 21.10.2023).

9. Chosun Ilbo. “*화마서 한국인 10명 구한 불법체류자 추방 안된다*” [Electronic resource]. – 2020. – Available at: <https://www.chosun.com> (accessed on: 10.02.2023).

10. Qazaqstan Respublikasynyn Syrtqy ister ministriginin resmi ukilinin brifingi, Astana, Aqpan 27, 2020. [elektrondyq resurs] – 2020. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa?lang=en> (Qaralghan kuni: 20. 02. 2023) 20. 02. 2025)

11. Migrant issues left off agenda in presidential race. [Electronic resource]. 2025. - URL: <https://www.koreatimes.co.kr/southkorea/20250527/south-koreas-presidential-race-overlooks-migrant-issues> (Accessed on 27.05.2025).

12. Qalieva G. Koreyadagy ebek migranttary memleketimizdin bedeline kolenke tusirmese eken // 7-su.kz. *Jetisu zhelilik basylymy*. - [Elektrondyq resurs]. – 2024. – URL <https://7-su.kz/janalyqtar/kultobe/koreyaday-ebek-migranttary-memleketmzd-bedelne-kleke-tsrnese-eken-20481/> (Qaralghan kuni:18.05.2025).

13. Lim T. South Korea as an Ordinary Country: A Comparative Inquiry into the Prospects for ‘Permanent’ Immigration to Korea // *Journal of Ethnic and Migration Studies*. – 2012. – Vol. 38, No. 3. – Pp. 507-528.

**ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ
ОРТАҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

**СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ УЧЕНЫХ
КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖЬЯ**

**JOINT RESEARCHES OF SCIENTISTS
OF KAZAKHSTAN AND ABROAD**

FTAMP: 04.51.63

DOI: 10.51889/2959-6270.2025.92.4.012

Б.Т. Нурханова^{1*}, **А.Гюндюгду²**, **А.Досжанова³**, **Н.С. Каражанов³**

¹Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

² Анкара университеті, Анкара қ., Түркия,

³ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

* e-mail: janelya_9743@mail.ru

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САУДА ЖӘНЕ ОЙЫН-САУЫҚ
ОРТАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ДЕМАЛЫС ҚЫЗМЕТІНІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ**

Аңдатпа

Мақала Алматы қаласындағы сауда және ойын-сауық орталықтарының (СОО) қала тұрғындарының әлеуметтік-мәдени өміріндегі рөлін зерттеуге арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – СОО-лардың қала тұрғындарының бос уақытын өткізу әдеттеріне, әлеуметтік байланыстарына және тұтынушылық мінез-құлқына әсерін кешенді талдау. Зерттеуде сандық әдіс қолданылып, сауалнамаға 18 жастан асқан 375 респондент қатысты.

Нәтижелер СОО-лардың, әсіресе жастар үшін, негізгі демалыс орнына айналғанын көрсетті: респонденттердің 90%-ға жуығы айына кемінде бір рет барады. Бұл орындар достармен және отбасымен кездесетін маңызды әлеуметтік кеңістік («үшінші орын») қызметін атқарады. Қызмет сапасына қанағаттану деңгейі жоғары болғанымен, СОО-лар тұрғындардың импульсивті сатып алуына (44%) және жоспардан тыс шығындар жасауына ықпал ететіні анықталды.

Қорытындылай келе, СОО-лар тек сауда нысаны емес, сонымен қатар қаланың әлеуметтік-мәдени өмірін қалыптастыратын, тұтыну әдеттерін өзгертетін және қоғамдық қатынастарды нығайтатын көпфункционалды орталық.

Түйін сөздер: сауда-ойын-сауық орталықтары, СОО-ның әлеуметтік функциялары, бос уақыт, демалыс, импульсивті сатып алулар, қоғамдық кеңістік, тұтыну мәдениеті, әлеуметтік байланыстар.

B.T. Nurkhanova^{1*}, A.Gündoğdu², A.Doszhanova³, N.S. Karazhanov³

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

²*Ankara University, Ankara, Turkey*

³*Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

* e-mail: janelya_9743@mail.ru

SOCIO-CULTURAL FOUNDATIONS OF LEISURE SERVICES IN SHOPPING AND ENTERTAINMENT CENTERS OF ALMATY

Abstract

The article explores the role of shopping and entertainment centers (SECs) in Almaty in the socio-cultural life of city residents. The main objective of the study is to provide a comprehensive analysis of how SECs influence residents' leisure practices, social interactions, and consumer behavior. A quantitative method was employed, and the survey involved 375 respondents aged 18 and above.

The findings reveal that SECs, particularly for young people, have become primary leisure destinations: nearly 90% of respondents reported visiting at least once a month. These venues serve as significant social spaces («third places») where people meet with friends and family. While satisfaction with service quality is relatively high, the study also shows that SECs encourage impulsive purchases (44%) and unplanned spending among residents.

In conclusion, SECs function not merely as commercial facilities but as multifunctional hubs that shape the city's socio-cultural life, transform consumption habits, and strengthen social relations.

Keywords: shopping and entertainment centers, social functions of shopping and entertainment centers, free time, leisure, impulsive purchases, public space, consumer culture, social connections

Б.Т. Нурханова^{1*}, А.Гюндогду², А.Досжанова³ Н.С. Каражанов³

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,*

г. Алматы, Республика Казахстан

²*Анкарский университет, Анкара, Турция,*

³*Казахский национальный женский педагогический университет,*

г. Алматы, Республика Казахстан

* e-mail: janelya_9743@mail.ru

СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ ДОСУГОВЫХ УСЛУГ В ТОРГОВО-РАЗВЛЕКАТЕЛЬНЫХ ЦЕНТРАХ ГОРОДА АЛМАТЫ

Аннотация

Статья посвящена исследованию роли торгово-развлекательных центров (ТРЦ) в социально-культурной жизни жителей Алматы. Основная цель исследования – комплексный анализ влияния ТРЦ на привычки проведения досуга горожан, их социальные связи и потребительское поведение. В исследовании применялся количественный метод: в опросе приняли участие 375 респондентов старше 18 лет.

Результаты показали, что ТРЦ, особенно для молодежи, стали основным местом отдыха: почти 90% опрошенных посещают их не реже одного раза в месяц. Эти пространства выполняют важную функцию «третьего места» – зоны для встреч с друзьями и семьей. Несмотря на высокий уровень удовлетворенности качеством предоставляемых услуг, было выявлено, что ТРЦ способствуют импульсивным покупкам (44%) и незапланированным расходам.

Таким образом, ТРЦ представляют собой не только объекты торговли, но и многофункциональные центры, формирующие социально-культурную жизнь города, изменяющие потребительские привычки и укрепляющие общественные связи.

Ключевые слова: торгово-развлекательные центры, социальные функции ТРЦ, свободное время, досуг, импульсивные покупки, общественное пространство, потребительская культура, социальные связи

КІРІСПЕ

Алматы қаласында СОО тұрғындардың сауда жасау, бос уақытын өткізу және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыратын әмбебап орын. Бұл орталықтар коммерциялық мекеме қызметінен бөлек, қала мәдениеті мен әлеуметтік қарым-қатынас орталығы рөлін атқарады.

Тұрғындардың көбі сауда-ойын-сауық орталықтарын достармен және отбасы мүшелерімен кездесетін орын деп сипаттады. Бұл Америкалық әлеуметтанушы Олденбургтің «үшінші орын» концепциясына сәйкес келеді. СОО бейресми қарым-қатынас пен әлеуметтік бірігу алаңы.

Жастар – СОО-ның ең белсенді аудиториясы. Олар моллдарды ойын-сауық пен заманауи трендтерге бейімделу кеңістігі ретінде қабылдайды. Бұл тұтыну мәдениетінің артуы мен жаңа өмір салтының қалыптасуын көрсетеді.

Сауда орталықтары жалпы қолжетімді орын саналса да, қызметтердің бағасы мен орналасқан жеріне байланысты әлеуметтік-экономикалық жіктелу байқалады. Бұл элиталық орталықтарда бай топтардың үлесінің көп болуынан, ал қолжетімді моллдарда әр түрлі әлеуметтік топтардың араласуынан көрінеді.

Зерттеу нәтижесі мен әдебиеттерді ескерсек, СОО-лардың дәстүрлі қоғамдық орындармен (саябақтар, алаңдар, мәдениет үйлері) қатар, қаланың жаңа мәдени инфрақұрылымына айналғанын байқаймыз.

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі СОО қызметтерінің сапасына қанағаттанады, бағаларды қолайлы деп санайды және мұнда уақыт өткізуді қалалық өмірдің қалыпты құбылысы ретінде қабылдайтынын айтты.

Алматы – урбанизация үдерісі қарқынды жүріп жатқан әрі инфрақұрылымы дамыған, 2 миллионнан астам тұрғыны бар ірі қала. Экономикалық даму мен урбанизация үдерісінің үдеуі қала тұрғындарының бос уақытты өткізу және тұтыну мәдениетін түбегейлі өзгертті. Бүгінде Алматы қаласының тұрғындары үшін сауда және ойын-сауық орталықтары (бұдан әрі – СОО) демалыс пен бос уақытты өткізуге арналған басты кеңістіктердің біріне айналған. Мегалополистердегі СОО-лар бұрынғыдай жай сауда орындары емес, олар ыңғайлы ортада әр түрлі ойын-сауық пен демалысты біріктіретін қала тұрғындарының ортақ орнына айналды. Мұндай орталықтардың санының артуы соңғы жылдары урбанизация әсерімен қатар, халықтың тұтыну мәдениеті мен сұранысының өзгеруімен тікелей байланысты.

Astana International Financial Centre (AIFC) сараптамалық есебіне сүйенсек, 2023 жылы Қазақстанда 28 ірі СОО ашылған. Бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 60%-ға жоғары болған [1, 33б.]. Алматы сияқты үлкен қалада мұндай орталықтардың көбеюі қала тұрғындарының санының артуымен, сондай-ақ тұтынушылық сұраныстың өзгеруімен тікелей байланысты. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі бойынша, қала халқының бос уақытын өткізуінде СОО-лардың үлесі айтарлықтай жоғары. Жүргізілген ұлттық сауалнама нәтижесіне сәйкес Қазақстан жастарының шамамен 65%-ы (15-29 жас аралығы) жылына бірнеше рет СОО-ларға баратынын көрсетеді. Ал олардың 5%-ға жуығы айына бір реттен жиі барады [2, 8б.]. Қала халқы үшін СОО-ға бару тұрғындардың бос уақытын өткізудегі үйреншікті ісіне айналғанын осы көрсеткіштерден көруге болады. Көңіл көтеру үшін СОО-ға келген халықтың жартысынан көбі тек серуендеп, витриналарды тамашалауды жөн көрсе, 54%-ы тек түрлі ойын-сауық нысандарында болған [3]. Бұл тенденциялар Алматы қаласында да байқалады. Мегалополистегі СОО-лар халықтың күнделікті өміріне сіңісіп, маңызды орын алды.

Қазіргі қалалық ортада сауда орталықтарының қоғамдық кеңістік ретіндегі рөлі шетелдік ғылыми әдебиеттерде жан-жақты қарастырылған. Зерттеушілердің пікірінше СОО-лар бейресми қоғамдық кеңістік немесе «үшінші орындар» деп қарастырылады [4, 16б.]. Норвегиядағы ғылыми жұмыстардың бірінде сауда орталықтарының әлеуметтік функциялары зерттелген. Нәтижесінде, ондағы әлеуметтік байланыстардың қала тұрғындарының әл-

ауқатын жақсартатыны белгілі болған [5]. Демек, адамдар СОО-ға сауда жасау үшін бармаса да, көптеген адамдар СОО-да бас қосып, әлеуметтік қарым-қатынасқа деген қажеттіліктерін қанағаттандырады. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, жекелеген өңірлердегі қымбат сауда орталықтары белгілі бір ауқатты топқа ғана қызмет көрсететін жабық қауымдастық сияқты делінсе, басқа ғалымдар бұған керісінше, сауда орталықтары әртүрлі әлеуметтік және этникалық топтарды біріктіретін алаң болып, қала құрылымындағы шекараларды жояды дейді [6, р.49]. Әлемдегі көптеген зерттеулер СОО-лардың пайда болуы қала өмірін түбегейлі өзгерткенін көрсетеді. Жастар мен орта тап үшін сауда орталықтары саудадан бөлек, өзінің әлеуметтік мәртебесін сезініп, заманауи өмір салтын ұстануға көмектесетін кеңістікке айналған. ТМД елдері бойынша жасалған талдаулар жас буынның демалысқа деген көзқарасының өзгергенін көрсетті. Сауда орталықтары олар үшін ең ыңғайлы әрі тартымды демалыс орны болып саналады. Е.Баукованың пікірінше, бүгінгі қалалық жастар үшін СОО-лар ең ыңғайлы демалыс орнына айналған [7]. Соған қарамастан Қазақстандық ғылымда урбанизация, тұтынушылық мәдениет және жастардың бос уақытты ұйымдастыру туралы зерттеулер болса да, СОО-ның әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде рөлі жеке зерттелмеген. Мәдениеттанушылар қала кеңістігіндегі жаңа мәдениетті жалпы сипаттаумен шектелсе, экономика мен маркетинг мамандары сауда орталықтарының коммерциялық табыстылығына көбірек көңіл бөледі. Қазақстанда СОО-лардың әлеуметтік-мәдени рөлін кешенді түрде зерттеген жұмыстар жоқ. Жүргізілген кейбір сауалнамалық жұмыстар СОО-лардың өте танымал екенін растайды. Дегенмен, олардың қоғамдағы орны мен әсерін ғылыми тұрғыда талдаған жұмыстар жоқ. Алматы қаласындағы СОО-ның әлеуметтік-мәдени функциясын зерттеу – ғылыми олқылықтың орнын толтыруға және урбанистика мен мәдениет әлеуметтанушының түйіскен жеріндегі өзекті мәселені зерттеуге бағытталған маңызды қадам.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Алматы қаласындағы СОО-лардың демалыс қызметінің әлеуметтік-мәдени функцияларын зерттеу. Сондай-ақ олардың қала өміріндегі алатын орнын теориялық және эмпирикалық негіздеу.

Зерттеу барысында бірнеше ғылыми болжамдарды тексеру көзделді. Біріншіден, Алматы қаласының тұрғындары үшін СОО-лар жай ғана сауда жасайтын орын емес, сондай-ақ бос уақытты өткізетін маңызды әлеуметтік және мәдени орталыққа айналған. Екіншіден, СОО-ны пайдалану үлгілері респонденттердің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктеріне байланысты айтарлықтай ерекшеленеді. Үшіншіден, тұрғындардың СОО-ға бару мақсаты мен бесленділігі олардың мәдени тұтыну деңгейі мен әлеуметтік мәртебесіне тәуелді болады. Сонымен қатар, СОО-лар қала тұрғындарының әлеуметтік байланыс орнатуына, мәдениетке қатысты жаңа тәжірибе алуына және әлеуметтік араласуға арналған маңызды кеңістік. Алматы қаласындағы СОО-лардың кеңеюі мен дамуы қалалық өмір салтындағы өзгерістер мен тұтыну мәдениетінің кең таралуымен тығыз байланысты.

Әдебиетке шолу

Соңғы онжылдықта қаладағы демалыс орындары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Дәстүрлі қоғамдық орындар, мысалы, саябақтар, алаңдар және мәдениет үйлері қала тұрғындарының сұраныстарын толық өтей алмағандықтан маңызы азая бастады. Дәстүрлі кеңістіктердің орнын сауда және ойын-сауық орталықтары сияқты коммерциялық сипаттағы орталықтар басты. Зерттеуші К.Мандели дамушы елдердің мысалында қалалық демалыс инфрақұрылымының трансформациясын зерттей отырып, Сауд Арабиясының Джидда қаласында ірі сауда орталықтары бұрынғы базарлар мен жаяу жүргіншілерге арналған аймақтардың орнын басып, тұрғындар үшін бос уақытты өткізудің ең танымал орындарына айналғанын айтады [8]. Ол ірі сауда орталықтарының пайда болуы қоғамдық кеңістіктің сипатын өзгерткенін атап көрсетеді. Яғни, еркін және ашық кеңістіктер енді қатаң реттелетін коммерциялық бағыттағы жабық орындармен аламастырылды. Урбанистердің кейбірі бұл жағдайды «қоғамдық орталықтардың жекешеленуі» деп атайды. Осылайша, СОО-лар сауданы, демалысты және әлеуметтік қарым-қатынас мүмкіндіктерін байланыстыратын күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қалыптасты. Америкалық әлеуметтанушы

Р.Олденбург енгізген «үшінші орын» ұғымына сәйкес, бүгінгі сауда орталықтары қала тұрғындары үшін бейресми кездесулерге арналған орынға айналып отыр [4, 20-4266.].

Әлеуметтанушылар СОО құбылысын әр қырынан зерттейді. Ғылыми зерттеулердің бірқатары СОО-лардың әлеуметтік байланыстарға оң ықпалын ерекше атап өтеді. СОО-лар тек сауда жасайтын орын ғана емес, қоғам мүшелерінің кездесіп, демалатын орнына айналғанын тұжырымдайды. Мысалы, Норвегияда жүргізілген ауқымды сауалнамада, респонденттердің 66%-ы сауда орталықтарын қауіпсіз орын санаса, 59%-ы жағымды климаты бар жайлы орын деп есептеген. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің төрттен бір бөлігі сауда орталығын «туыстармен, достармен кездесетін» немесе «жергілікті қауым жиналатын» орын деп есептейді [5]. Демек, сауда орталықтары көпшілікке жайлы әрі қауіпсіз ортада демалып, әлеуметтік қарым-қатынас орнататын ортаға айналған. Бұл орталықтардың қолайлылығы әсіресе әйелдер, балалар, егде жастағылар үшін өте маңызды. Өйткені, қолайлы инфрақұрылымы, бақылау жүйесі және жылы, жабық кеңістігі бар. К.Манделидің айтуынша, Таяу Шығыстағы ірі сауда орталықтары әйелдерге еркін жүріп тұруға мүмкіндік беретін сирек кездесетін орындардың бірі болған. Бұл жалпы СОО кеңістігінің әлеуметтік оқшаулануды азайтатынын көрсетеді [8]. Сондай-ақ, СОО-лар қазіргі тұтыну мәдениетінің орталығы ретінде қарастырылады. Зерттеушілердің пікірінше, олар жай сауда орындары ғана емес, тұтынушыларға әртүрлі эмоция сыйлайтын және қоғамдық бірегейлікті қалыптастыратын орын. Мысалы Ганада жүргізілген зерттеу нәтижесінде, СОО-лар «заманауи өмір салтын ұсынатын» жаңа кеңістік ретінде қарастырылады [9]. СОО-дағы түрлі ойын-сауықтар, сәнді атрибуттар, сервистік қызметтер тұтынудың тек пайдалы жағы ғана емес, мәдени-символдық мәні бар екенін көрсетеді. П.Бурдьенің мәдени айырмашылық теориясына сәйкес, жоғары әлеуметтік мәртебеге ие адамдар өздерінің талғамы мен өмір салтын көрсететін элиталық орындарды (клубтарды, курорттарды) таңдау арқылы ерекшеленеді [10]. Сол сияқты, элиталық сауда орталықтары ауқатты адамдарды табысы төмен адамдардан бөлектейтін, символикалық тұрғыда оқшаулайтын орынға айналады деген болжам бар.

Зерттеулерге үңілсек, СОО-лар туралы қарама-қайшы тұжырымдар да бар. Бір жағынан СОО-лар, әртүрлі әлеуметтік топтарды біріктіретін «демократиялық кеңістік» рөлін атқарса, екінші жағынан, дәл осы кеңістіктерде әлеуметтік жіктелу мен теңсіздіктер айқын көрініс табады. Мысалы, Үндістанда жүргізілген этнографиялық зерттеу нәтижесінде премиум-моллдар орта таптың ауқатты өкілдерін өзіне тартып, олар бұрын барып жүрген қарапайым сауда орындарына баруды «ұят» деп санайтыны белгілі болған [11]. Зерттеу нәтижесінде, бір қаланың өзінде «элиталар моллы» мен «жай қарапайым халық моллы» деген бөлініс пайда болған. Сол сияқты, Гананың Аккра қаласында жүргізілген зерттеулер заманауи СОО-лардың бай-шонжарлар тұратын аудандарда шоғырланғанын, ал дәстүрлі базарлар мен дүкендер табысы төмен тұрғындар мекендейтін жерлерде қалғанын көрсетті [9]. Зерттеушілердің пікірінше, мұндай қалалық құрылымның әлеуметтік санаттарға байланысты қала тұрғындарының күнделікті маршруттарын да бөлектейді. Сол себепті, байлар мен кедейлер қаланың әртүрлі аймақтарында өмір сүреді. Алматыда да осындай үрдіс бар. Қаланың жоғарғы аудандарындағы Esentai Mall, Dostyk Plaza секілді люкс сауда орталықтарына негізінен ауқатты адамдар барады. Ал қаланың шеткі аударында орналасқан Grand Park, Asia Park сияқты СОО-ларға қаланың әртүрлі топтарының өкілдері келеді. Демек, сауда және ойын-сауық орталықтары барлық тұрғындар үшін ашық орта ретінде көрінсе де, екінші жағынан әртүрлі әлеуметтік топтарды бір-бірінен бөлетін әлеуметтік шекараға айналып отыр. СОО-ның қоғамдық кеңістік рөлін атқаратыны немесе әлеуметтік жіктелуді күшейтетіні жөнінде зерттеушілердің арасында ортақ тұжырым жоқ. Урбанистер арасында СОО-лардың қала мәдениетіне әсері туралы әртүрлі пікір бар. Бір тобы жергілікті ерекшеліктерді құртатын жаһандық тұтыну мәдениетінің көрініс деп сынаса, ал екінші бір тобы оларды «жаңа қоғамдық орталықтар» ретінде заманауи дамудың көрінісі деп бағалайды. Швецияда жүргізілген зерттеу қала тұрғындарының дәстүрлі дүкендерді қолдауының мәдени нормаға айналғаны анықтады. Сол себепті қала орталығында сауда жасайтын адамдарды молға баратындарға қарағанда

«талғампаз» деп санайтыны анықталған [8]. Керісінше, зерттеу нәтижесінде моллаға баратын адамдарға қатысты «киім үлгісі төмен, тұрпайы, үнемшіл» сияқты стереотиптерге жиі ұшырайтыны анықталған [12]. Бұл дегеніміз, дамыған елдерде СОО-ларға қатысты көзқарас әртүрлі. Оларды кейбір адамдар төмен мәдениетті көрсететін массалық орындар деп есептесе, басқалары үшін ол – ыңғайлы заманауи демалыс орны.

Шетелдік және Қазақстандық зерттеулер СОО-лардың қоғамдық өмірге тигізетін әсері туралы әртүрлі пікірлерді көрсетеді. Бүгінгі таңда зерттеулердің басым бөлігі дамыған елдер мен мегаполистерге бағытталған. Еуропа елдерінде СОО-ларға бару күнделікті әдетке айналған. Норвегияда жүргізілген зерттеуге сәйкес, респонденттердің 40%-ға жуығы сауда орталықтарына аптасына кемінде бір рет баратынын айтқан [5]. Зерттеу қорытындысында егде жастағы адамдар, білімі төмен азаматтар және иммигранттар сауда орталықтарына жиі әрі ұзақ уақытқа баратыны анықталған. СОО-ның басты артықшылықтары ретінде қауіпсіз орта, бір жерден бірнеше қызметте алуға болатындығы және ауа райының қолайсыздығына қарамастан ыңғайлы болуы. Сонымен қатар, сауда және ойын-сауық орталықтары көптеген елдерде жастар мен отбасылар үшін ең сүйікті демалыс орнына айналған. Қазақстан жағдайында да осы үрдіс байқалады. MEGA Aktobe моллының ашылуы жастардың бос уақытты өткізу сипатын өзгерткенін және сол жерде жаңа тұтыну мәдениеті қалыптаса бастағанын шетелдік зерттеу қорытындысынан көреміз [13]. Дегенмен, Қазақстан қалаларында СОО-ның қоғамға ықпалы жүйелі зерттелмегендіктен, нақты деректер аз. Кейбір еңбектерде, мысалы Киселева мен Сэнтай сияқты зерттеушілер постсоветтік елдердегі СОО-лардың пайда болуы қалалық өмір салтының өзгеруін байланысты екенін айтады [14, 476.]. Алайда, Алматы секілді үлкен мегаполистерде сауда және ойын-сауық орталықтарының тұрғындардың өмір салтына, қарым-қатынасына кеңістікті қабылдауына әсерін толық әрі жан-жақты зерттеген жұмыстар өте аз. Халықаралық деңгейде де СОО-лардың қоғамдық орта ретіндегі рөлі туралы ортақ бір тұжырым жоқ. Кейбір зерттеушілер оларды «үшінші орын» қызметін атқаратын және әлеуметтік капиталды нығайтушы деп оң бағаласа, басқалары оларды жекеменшік ережелеріне бағынатын «анти-демократиялық» кеңістік деп сынайды. Мысалы, СОО-лардың аумағына үйсіз адамдар мен қайыршыларды кіргізбеу жиі кездесетін жағдай. Л.Эскудеро Гоместің зерттеуіне сәйкес, сауда және ойын-сауық орталықтарындағы тәртіп ережелері толығымен меншік иелерінің қалауына негізделгендіктен, онда азаматтардың саяси немесе әлеуметтік белсенділік таныту мүмкіндігі аз екені айтылған [15]. Бұл дегеніміз, сырттай қарағанда СОО-лар «баршаға ашық» болып көрінгенімен, шын мәнінде белгілі бір тұтынушылар тобына ғана арналған және қоғамның осал топтарын шеттететін кеңістік.

Сауда және ойын-сауық орталықтарының әлеуметтік-мәдени аспектілерін талдау барысында әлі де шешімін таппаған мәселелер бар екені анықталды. Біріншіден, Қазақстандағы СОО феномені аз зерттелгендіктен, қалалардағы моллдардың қоғамға әсері туралы жүйелі эмпирикалық деректер жоқ. Алдағы уақытта сандық және сапалық зерттеу әдістері арқылы Қазақстанның қалаларында (Алматы қаласында) сауда және ойын-сауық орталықтарының тұрғындардың мінез-құлқына, әлеуметтік қарым-қатынасына, қала мәдениетіне әсерін кешенді түрде зерттеу маңызды. Екіншіден, халықаралық зерттеулерде СОО-лар туралы мәліметтердің көбі дамыған елдердің тәжірибесіне негізделген және мәдени айырмашылықтарға жеткілікті назар аударылмаған. Постсоветтік, азиялық, исламдық сияқты әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортадағы сауда және ойын-сауық орталықтарын салыстыра отырып талдау – әлі толық зерттелмеген бағыт. Үшіншіден, цифрлық технологиялар мен пандемиядан кейінгі сауда және ойын-сауық орталықтарының әлеуметтік рөлі қалай дамитыны туралы нақты тұжырымдар жоқ. Онлайн сауданың дамуы адамдардың оффлайн кеңістіктерде кездесу әдетіне әсер етуі мүмкін. Соның нәтижесінде СОО-лар тек сауда орталығы болудан қалып, жаңа қызметтерді ұсынатын орталықтарға айналуы мүмкін. Осы үрдістердің әлеуметтік салдарын (қоғамдық өмірдің виртуалдануы немесе жаңа аралас кеңістіктердің пайда болуы) тереңірек зерттеу – келесі зерттеулердің еншісінде. Жалпы

айтқанда, СОО феноменін әртүрлі қоғамдарда зерттеу – әлеуметтанулық теорияларды дамыту және қала кеңістігін тиімді жоспарлау үшін маңызды міндет болып қала береді.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Бұл зерттеу – сипаттамалық және түсіндірмелі эмпирикалық зерттеу. Зерттеу барысында деректерді жинау үшін сандық әдіс қолданылды. Бұл тәсіл зерттеу тақырыбына қатысты сандық деректер жинап, оларды статистикалық тұрғыдан талдауға жол ашты.

Зерттеуге Алматыны қаласының 18 жасқа толған тұрғындары қатысты. Яғни, сауалнама сұрақтарына мегаполистің ересек тұрғындары жауап берді. Зерттеу пәні – Алматы қаласы тұрғындарының СОО-ларда демалу тәжірибесі. Басқаша айтқанда, бұл зерттеу жұмысы қала тұрғындарының бос уақытты қалай өткізетінін және осы тәжірибенің әлеуметтік-мәдени негіздерін талдауға арналған.

Сауалнамаға жалпы 375 респондент қатысты. Олардың жауаптары кейін талдауға алынды. Зерттеу үшін қажетті респондент саны Cochran-ның классикалық статистикалық формуласы бойынша есептелді [16]. Іріктеме көлемі 95% сенімділік деңгейі ($Z = 1,96$) және $\pm 5\%$ қателік шегінде анықталды. Зерттелетін құбылыстың болжамды үлесі $p=0,5$ деп алынды. Өйткені бұл дисперсияны барынша арттырып, қажетті көлемді сақтауға мүмкіндік береді. Респонденттерді іріктеу үшін ықтималдылыққа негізделген жүйелік іріктеу әдісі қолданылды. Іріктеме құрылымы Алматы қаласының 8 ауданын қамтыды. Онда әр ауданнан бір ірі сауда және ойын-сауық орталығы таңдалды (MEGA Alma-Ata, Dostyk Plaza, Forum Almaty, Grand Park, Максима (Maxima), MART Village, Aport Mall, Asia Park). Әр орталықтан бірдей мөлшерде, яғни шамамен 47 респонденттен сұралды. Іріктеу тәсілі ретінде уақыттық жүйелі іріктеу қолданылды. Яғни, белгілі бір уақыт аралығында кезекпен келген келесі адам таңдалып отырды. Осы әдіс қала тұрғындарының әртүрлі топтарын барынша объективті қамтуға және таңдаудағы жүйелілікті сақтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің далалық кезеңі 2025 жылғы сәуір-мамыр айларында жүргізілді. Бұл кезеңде алынған деректер тұрғындардың көктем мезгіліндегі демалыс белсенділігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу қағаз нұсқада, оффлайн режимде жүргізілді. Респонденттермен тікелей байланыс орнату арқылы өткізілген бұл әдіс зерттеу тақырыбына қатысты толық ақпарат жинауға мүмкіндік берді. Деректерді жинау жұмыстарына арнайы нұсқаулықпен танысқан еріктілер мен көмекшілер тартылды. Олар сұрақтарды түсіндіру мен респонденттердің жауабын дұрыс толтыру үшін арнайы алдын ала дайындықтан өтті. Сауалнама қала тұрғындары көп жиналатын СОО-ларда күннің түрлі уақыттарында жүргізіліп, түрлі жастағы әлеуметтік топтағы тұрғындарды қамтуға мүмкіндік туды.

Сауалнама сұрақтары бірнеше тақырыптық блоктарға бөлінген. Сауалнамада жабық және жартылай ашық сұрақтар болды. Сауалнама арқылы жиналған деректерді талдау үшін SPSS статистикалық бағдарламалық пакеті қолданылды. Алдымен, деректерді бастапқы өңдеу (кодтау, қателерді тексеру) жүргізіліп, негізгі статистикалық талдаулар жасалды. Зерттеу нәтижесін сипаттау үшін жиілік талдау жасалып, жауаптардың пайыздық үлестірілімі есептелді. Әр түрлі әлеуметтік-демографиялық топтар арасындағы айырмашылықтар мен байланыстарды табу үшін хи-квадрат (χ^2) критерийі қолданылды. Сонымен қатар, сандық өзгермелілердің өзара байланысын деңгейін тексеру үшін Пирсон корреляция коэффициенті есептелді. Статистикалық талдау нәтижелері диаграммалар мен кестелер арқылы көрсетіліп, олардан шыққан қорытындылар мәтінде талқыланды.

Зерттеу барысында барлық этикалық талаптар сақталды. Қатысушыларға зерттеу мақсаты мен жауаптарының құпиялығы туралы ақпарат берілді. Олардан ерікті түрде келісім алынды. Респонденттердің анонимділігі толықтай сақталды.

Осылайша, зерттеуде қолданылған әдістеме қалалық демалыс тәжірибесінің сандық талдауына бағытталған және сипаттамалық және түсіндірмелік талдауды біріктіреді. Бұл зерттеуде мегаполис тұрғындарының демалыс тәжірибесінің құрылымдық сипаттамаларын

және олардың қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған сандық әлеуметтанулық тәсіл қолданылды. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, зерттеу сипаттамалық және түсіндірмелік талдауды біріктірді, бұл бізге әртүрлі демалыс іс-шараларының таралуын құжаттауға ғана емес, сонымен қатар респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары мен сауда және ойын-сауық орталықтарындағы мінез-құлық үлгілері арасындағы статистикалық маңызды байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Сандық талдау бірнеше кезеңнен тұрды. Бірінші кезең деректерді сипаттамалық статистикалық өңдеуді қамтыды, оның мақсаты негізгі айнымалылар (сауда орталықтарына бару жиілігі, демалыс іс-шаралары, қызметтерге қанағаттанушылық және тұтынушылардың мінез-құлқына әсері) үшін жиілік үлестірімдері мен пайыздарын есептеу болды. Екінші кезеңде респонденттердің жауаптарын жынысына, жасына, табысына және әлеуметтік мәртебесіне негізделген салыстыру үшін салыстырмалы талдау әдістері, соның ішінде айқаспалы кестелер қолданылды. Топтар арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтарды анықтау үшін Пирсонның хи-квадрат (χ^2) сынағы қолданылды.

Сандық айнымалылар арасындағы байланыстарды талдау үшін Пирсон корреляция коэффициентін қолдана отырып, корреляциялық талдау қолданылды, бұл бізге сауда және ойын-сауық орталықтарына бару жиілігі, бос уақыт құрылымындағы өзгерістер, импульсивті тұтынушылық мінез-құлық және қаржылық шығындар арасындағы байланысты бағалауға мүмкіндік берді. Бұл әдістер бізге гипотезаларды тексеруге және анықталған эмпирикалық заңдылықтарды негіздеуге мүмкіндік берді.

Осылайша, қолданылған әдістеме сауда және ойын-сауық орталықтарының қалалық әлеуметтік-мәдени инфрақұрылым элементтері және «үшінші орындар» ретіндегі рөлі туралы теориялық ұсыныстарды эмпирикалық түрде растауға, сондай-ақ олардың тұрғындардың бос уақытын өткізу тәжірибелері мен тұтыну стратегияларына әсерін анықтауға бағытталған.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ


Респонденттердің сипаттамасы және СОО-ға бару жиілігі

Зерттеуге барлығы 375 адам қатысты. Сауалнамаға қатысқандардың 56,8%-ы әйелдер, ал 43,2%-ы ер адамдар (Сурет 1).



Сурет 1. Респонденттердің жыныстық құрамы


Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (56,8%) 18-24 жас аралығындағы жастар. 25-34 жастағылар 21,3% болса, 35 жастан асқандардың үлесі (35-44 жас – 9,9%; 45-54 жас – 5,9%) аз. Үлкен жастағылардың үлесі аз (55 жастан жоғары ~6%-ға жуық) (Сурет 2).



Сурет 2. Респонденттердің жасы бойынша үлесі


Респонденттердің басым бөлігі студенттер (45,3%), сондай-ақ 18,1%-ы мемлекеттік қызметкерлер және 8,3%-ы жеке компания қызметкерлері болған. Зерттеуге қатысқандардың білім деңгейі жоғары болып шықты: 51,2%-ы жоғары білімді (бакалавр), 22,4%-ы орта білімді, 20%-ы орта кәсіби білімді (колледж). Сауалнамаға қатысқандардың отбасылық айлық табысы әр деңгейде таралған: көп бөлігі (29,6%) 200-400 мың теңге табатынын көрсетсе, 26,7%-ының табысы 400-600 мың теңге болды. Шамамен 12,3%-ының табысы 200 мың теңгеден аз, ал жоғары табыстылар (1 млн теңгеден астам) 6-7% шамасында ғана.

Респонденттер сауда және ойын-сауық орталықтарына (СОО) жиі баратынын көрсетті (Сурет 3). Олардың 13,6%-ы СОО-ға аптасына 3 рет немесе одан да жиі барады, ал 27,5%-ы аптасына 1-2 рет баратынын айтты. Ең үлкен үлес айына бірнеше рет келушілерде: 35,7%-ы СОО-ға айына 2-3 рет барады. Айына 1 рет қана барушылар – 13,3%. Тек сирек (3 айда бір реттен аз) баратындар 7,7%, ал мүлдем бармайтындар бар-жоғы 2,1% ғана құрады. Яғни, сауалнамаға қатысушылардың ~90%-ы кемінде айына бір рет СОО-ға барып тұрады, оның ішінде ~41%-ы апталық негізде жиі барады. Гендерлік айырмашылық айтарлықтай болмағанымен (хи-квадрат критерийі, $p = 0,338$), ерлердің арасында СОО-ға өте сирек немесе мүлдем бармайтындар сәл көбірек байқалды (ерлер үлесі сирек баратын топта 58,6%). Жасына қарай маңызды айырмашылықтар анықталды: жастар СОО-ға жиірек барады. Мысалы, аптасына бірнеше рет келетіндердің ~65%-ы – 18-24 жастағы жастар, ал жасы ұлғайған топтарда сирек барушылар көбейеді. Жас пен бару жиілігі арасында статистикалық мәнді байланыс бар (хи-квадрат Pearson $\chi^2 = 58,38$, $df = 25$, $p < 0,001$). Білім деңгейі және табыс деңгейі бойынша СОО-ға бару жиілігінде айқын айырмашылықтар байқалмады (хи-квадрат, $p > 0,05$) – бұл барлық әлеуметтік топтарда СОО-ға белгілі бір тұрақты сұраныс бар екенін көрсетеді.



Сурет 3. СОО-ға бару жиілігі
СОО-да уақыт өткізу түрлері және қызметтерді пайдалану


Алматы қаласында тұрғындар бірнеше ірі СОО-ларға жиі барады. Респонденттер ең жиі баратын орталық ретінде MEGA Alma-Ata сауда ойын-сауық орталығын атады – оған сұралғандардың жартысынан астамы (53,1%) тұрақты барады. Келесі танымал орталықтар – Aport Mall (27,7%) және Dostyk Plaza (25,1%). Сонымен бірге Grand Park (23,5%), Asia Park (18,4%) сияқты орталықтар да белгілі бір бөлігінің таңдауы болды.



Сурет 4. Қай сауда және ойын-сауық орталықтарына жиі барасыз?


Респонденттер СОО-ға барғанда уақытты өткізу бағыттары әртүрлі, бірақ негізгілері – сауда және ойын-сауық (Сурет 5). Сұралғандардың 28,0%-ы уақыттарының көбін бутиктер мен дүкендерді аралаумен өткізетінін айтты, ал 27,5%-ы негізінен кинотеатрларда болады. Тағы бір елеулі бөлігі фуд-корттар мен мейрамханаларда – 12,5% уақытын өткізеді. Балалы отбасылар үшін балалар ойын алаңдары маңызды орын алады (орта есеппен 8,5%). Одан бөлек, кейбір респонденттер боулинг, VR-зал, квест сияқты ойын-сауық аймақтарына (5,1%)

немесе демалыс аймақтарына (саябақ, тыныш орындар – тағы 5,1%) уақытының бір бөлігін арнайды. Алайда респонденттердің бір бөлігі (13,3%) СОО ішінде белгілі бір жоспары жоқ, әртүрлі орындарда уақыт өткіземіз деп жауап берді. Бұл нәтижелер СОО-ның көпфункционалды кеңістік ретіндегі рөлін көрсетеді. Келушілер негізінен сауда жасау мен кино көруге көңіл бөлгенімен, тамақтану мен отбасылық ойын-сауық та маңызды орын алады.



Сурет 5. СОО-ға барған кезде уақытыңыздың басым бөлігін қайда өткізесіз?

Сауалнамада «СОО-да қай қызметті жиі пайдаланасыз?» деген көп жауапты сұрақ қойылды (Сурет 6). Нәтижесінде кинотеатр қызметі ең танымал болып шықты – қатысушылардың 72,0%-ы кинотеатрларды жиі пайдаланатындарын белгіледі. Екінші орында тамақтану аймағы (фуд-корттар, мейрамханалар) – респонденттердің 38,4%-ы СОО-ға барған сайын тамақтану орындарын пайдаланатынын көрсетті. Сонымен қатар балалар ойын алаңдарын сұралғандардың 21,3%-ы жиі қолданады, боулинг немесе бильярд ойнайтындар – 16,8%. Аттракциондар (батут, ойын автоматтары т.б.) 11,2% респондент үшін тартымды болса, VR-залдар мен квест-бөлмелерді 6,7% ғана жиі пайдаланады. Мәдени іс-шаралар (концерт, көрме) СОО базасында әлі кең таралмаған – оларды 6,4% атап өтті. Сұралғандардың өте аз бөлігі (2,7%) «СОО-да демалыс қызметтерін пайдаланбаймын» деп жауап берген, яғни көпшілігі қандай да бір қызметті тұтынууда. Бұл көрсеткіштер СОО-ның тек сауда жасау орны емес, сонымен бірге кең спектрлі ойын-сауық және демалыс орталығы екенін дәлелдейді.



Сурет 6. Сауда және ойын-сауық орталығында (СОО) қай демалыс қызметтерін жиі пайдаланасыз?

СОО-дағы қызмет сапасы мен бағасына қанағаттану

Респонденттердің көпшілігі СОО-дағы демалыс қызметтерінің сапасына көңілдері толатынын білдірді. Қызмет сапасына «өте жақсы, толық қанағаттанамын» дегендер 39,7%, ал «жақсы, бірақ кейбір тұстары жақсартуды қажет етеді» дегендер 43,7% болды. Осылайша ~83,4% респондент жалпы сапаны оң бағалады. Орташа деп бағалағандары – 13,1%, ал қанағаттанарлықсыз деп санағандар – 3,2% ғана. Өте нашар деп мүлдем қанағаттанбағандар бірең-сараң (<1%). Қызмет сапасына қанағаттану деңгейі бойынша әртүрлі әлеуметтік топтар арасында елеулі айырмашылық байқалмады. Мысалы, қызмет сапасына орташа балл студенттерде 1,72, жұмыссыздарда 2,00 шамасында болды (1 = өте жақсы, 5 = өте нашар шкаласы). ANOVA талдауы да топтар арасында сапа бағасында статистикалық мәнді айырма жоқ екенін көрсетті ($F=1,795$; $p = 0,099$). Яғни, жастар да, ересектер де, түрлі табыс немесе мәртебе иелері де СОО-дағы қызмет сапасын көбінесе бірдей деңгейде қабылдайды.


Бағаларға қанағаттану мәселесінде респонденттердің пікірі салыстырмалы түрде оң болды, бірақ кейбірі бағалардың жоғары екенін атап өтті. 30,4% қатысушы «барлық қызмет түрлерінің бағасы маған сәйкес» десе, ең үлкен үлес – 48,5% – «кейбір қызметтердің бағасы қымбат, бірақ сапасына сай» деп жауап берді. Басқаша айтқанда, ~79% респондент үшін СОО-дағы бағалар қолайлы немесе қабылдауға болады деп бағаланған. 17,6% респондент «қызметтердің көпшілігі қымбат, бірақ кейде пайдаланамын» деп, бағалардың жоғары екенін мойындаса да, ара-тұра баратынын айтты. Тек 3,5% қатысушы «қызметтер тым қымбат болғандықтан пайдаланбаймын» деп, бағалардың тым қолайсыздығын көрсетті. Сәйкес сұрақ бойынша қызметтердің қолжетімділігі жөнінде де пікір сұралды. Респонденттердің 26,4%-ы СОО-дағы демалыс қызметтері барлық адамдар үшін қолжетімді деп санайды, ал 39,5%-ы көпшілікке жалпы қолжетімді, тек кейбірінің бағасы жоғары деп жауап берген. Шамамен 22,4% респондент үшін қолжетімділік орташа (кей қызмет түрлерін ғана пайдалана алады). Ал қоғамдағы белгілі бір ауқатты топтар ғана пайдалана алады деген пікірді 5-6% атап өтті, 4,5% бағаларды тіпті «қолжетімсіз, тым жоғары» деп бағалаған. Демек, қатысушылардың ~66%-ы СОО қызметтері кең қоғамға не толық, не көбіне қолжетімді деп есептейді, бірақ әр төртінші респонденттің пікірі бойынша кей қызметтердің бағасы шектеу қояды.

СОО-дағы демалыс инфрақұрылымының кемшіліктері туралы да мәлімет жиналды. Респонденттерді ең көп мазалайтын жайт – бағаның қымбаттығы: бұл нұсқаны 33,3% қатысушы белгілеген. Екінші орында келушілердің тым көптігі және ұзын кезектер мәселесі тұр – оны 30,7% респондент атап өтті. Сонымен бірге демалыс орындарының таңдауы аздығы (түрлілік жоқтығы) да жиі аталды – 24,5% респондент үшін бұл мәселе өзекті. Қызмет көрсету сапасының төмендігі 17,9% адамның көңілінен шықпайды, ал барлық жас ерекшеліктеріне сай келмеуі 14,9% үшін мәселе болды. Тазалықтың жеткіліксіздігі (11,7%) және қауіпсіздік талаптарының сақталмауы (6,4%) да кейбір респонденттердің көңілін қалдыратын жайттар қатарында. Дегенмен аз ғана бөлігі (шамамен 2%) «бәрі жақсы» немесе «ешнәрсе мазаламайды» деп жауап берген, яғни жалпы алғанда, көптеген қатысушылар қызмет сапасы мен бағасына қатысты сын-пікірлер айтқанымен, түбегейлі наразы жандар саны көп емес.

Респонденттер қызмет сапасын жақсарту және қолжетімділігін арттыру бойынша өз ұсыныстарын да бөлісті. Ең жиі айтылған ұсыныс – бағаларды төмендету. Сұралғандардың 45,1%-ы қызметтердің арзандауын қалаған. Екінші негізгі ұсыныс – қызмет көрсету сапасын арттыру (38,4%). Бұдан бөлек, балаларға арналған ойын-сауық түрлерін көбейту (14,1%), демалыс орындарының қауіпсіздігін жақсарту (16,8%), мәдени іс-шараларды көбейту (12,5%), спорттық алаңдар мен демалыс аймақтарын дамыту (16,0%) сияқты пікірлер білдірілді. Аздаған респонденттер ғана нақты ұсынысы жоқ екенін айтты (~1%). Бұл нәтижелер СОО-дағы демалыс қызметтерін тұрғындар қолжетімді, сапалы және әртүрлі етуді көздейтінін көрсетеді.

СОО-ның әлеуметтік өмірге әсері (қарым-қатынас және бос уақыт)

СОО-ға барудың әлеуметтік байланыстарға әсері туралы сұраққа респонденттер бірнеше көзқараспен жауап берді (Сурет 7). Көпшілігі СОО-ны жақындарымен кездесу мүмкіндігі ретінде қарастырады. Қатысушылардың 63,7%-ы СОО-ға бару достарымен және отбасымен жиірек кездесуге мүмкіндік береді деп атап өтті. Бұл – ең басым жауап, яғни СОО көптеген адамдар үшін әлеуметтік кеңістік ролін атқарады. Респонденттердің бір бөлігі (17,6%) СОО-ны қарым-қатынас ортасы ретінде әлеуметтік байланыстарды нығайтады дейді, яғни жаңа таныстықтар орнап, қоғамдастық сезімі артады деп санайды. Жекелеген адамдарға СОО керісінше жалғыз уақыт өткізуге мүмкіндік береді екен (бұл көзқарасты 13,9% таңдаған). Сонымен бірге, «әлеуметтік байланысыма айтарлықтай әсер еткен жоқ» деген пікірді 12,8% респондент білдірген. Бұл сұрақ бірнеше жауап белгілеуге мүмкіндік бергендіктен, кейбір қатысушылар СОО әлеуметтік өмірге түрлі әсер ететінін мойындаған. Нәтижесінде, СОО көбіне қолданыстағы әлеуметтік қарым-қатынастарды жиілету алаңы қызметін атқаратыны байқалады, ал айтарлықтай жаңа әлеуметтік ортаны қалыптастыру рөлі шектеулі.




Сурет 7. СОО-ға бару сіздің әлеуметтік өміріңізге қалай әсер етеді?

СОО-да өткізетін уақыттың жалпы бос уақыт құрылымына әсері де маңызды көрсеткіш. Респонденттердің 22,4%-ы «иә, мен бос уақытымның көп бөлігін СОО-да өткізе бастадым» деп жауап берсе, 27,7%-ы «иә, бұрын басқа демалыс түрлерін таңдаушы едім, қазір көбіне СОО-ны қалаймын» деп жауап берген. Осылайша, шамамен 50% қатысушы СОО пайдасына өздерінің бос уақыт жоспарларын айтарлықтай өзгерткен (яғни бұрынғыға қарағанда СОО-ға көбірек уақыт бөлетін болған). 34,1% респондент «жоқ, бос уақытымды бұрынғыдай өткіземін» деп, СОО келу жиілігі олардың жалпы бос уақыт құрылымын өзгертпегенін айтты. Ал 15,7% керісінше «қазір СОО-ға баруды азайтып, басқа демалыс түрлерін таңдадым» деп жауап берді. Демек, жартысына жуығы үшін СОО соңғы кездері негізгі демалыс орнына айналған болса, үштен біріне жуығының әдеттері сол қалпы, ал аз бөлігінде СОО-ның тартымдылығы төмендеген. СОО-ға бару жиілігі мен бос уақытты СОО-да өткізуге бейімделу арасында оң корреляция бар (Pearson $r = 0,309$, $p < 0,001$). Бұл жиі келушілер бос уақытының көбін СОО-да өткізуге бейім екенін статистикалық тұрғыда растайды. Басқаша айтқанда, СОО-ға неғұрлым жиі баратын адамдар бос уақытында басқа орындарға қарағанда СОО-ны көбірек таңдайды.

СОО-ның құндылықтар мен тұтынушылық мінез-құлыққа әсері

СОО-ға бару қазіргі әлеуметтік нормалар мен құндылықтарға көзқарасқа да ықпал етуі мүмкін деген гипотеза тексерілді. Респонденттердің жауаптары бұл тұрғыда әркелкі болды. 24,5% қатысушы «иә, мен заманауи мәдениет пен трендтерге көбірек қызыға бастадым» деп, СОО әсерінен қазіргі заманғы үрдістерге ынтасы артқанын айтты. Тағы 12,8% «тұтынушылық мәдениетке бейімделе бастадым» деп, тұтыну әдеттері мен құндылықтарының нарықтық мәдениетке қарай өзгергенін мойындады. Осы екі жауапты жалпы алғанда ~37%-ы таңдаған, яғни үштен бірінен астамы СОО арқылы жаңа құндылықтарға бейімделу жүріп жатқанын сезінеді. Алайда респонденттердің ең үлкен бөлігі – 32,0% – «жоқ, менің құндылықтарыма СОО-ға бару әсер еткен жоқ» деп, ешқандай құндылықтық өзгеріс болмағанын мәлімдеді. Тағы 8,0% керісінше «мен дәстүрлі өмір салтына көбірек мән бере бастадым» деп, СОО әсерінен дәстүршілдікке бет бұрғанын айтқан. Қатысушылардың қалған бөлігі бұл туралы ойланып көрмегенін (18,7%) немесе нақты жауап беруге қиналатынын (4,0%) көрсеткен. Жалпы, жартысына жуық адам (деңгейі төменірек болса да) СОО әсерінен құндылықтарында өзгеріс бар десе, қалған жартысына жуығы анық өзгеріс байқамаған.

СОО-ның тұтынушылық мінез-құлыққа әсері бірнеше аспект бойынша зерттелді. Атап айтқанда сатып алу әдеттері, қаржылық шығындар және жарнамаларға сезімталдық. Сауалнама деректері бойынша, қатысушылардың елеулі бөлігі СОО-ға бару сатып алу мінез-құлқын өзгертті деп есептейді (Сурет 8). 24,5% респондент «мен бұрын жоспарсыз сатып алмайтын едім, қазір кейде ойланбай сатып аламын» деп, СОО әсерінен жоспарланбаған импульсивті сатып алуларға бой алдырғыш болғанын мойындаған. Тағы 19,5% «мен бұрыннан жоспарсыз сауда жасайтынмын, қазір оған көп мән бермеймін» деп белгіледі. Бұл екі топты тұтастай қарасақ, шамамен 44% респондент СОО-ның әсері нәтижесінде импульстік сатып алу мінез-құлқын танытады немесе күшейтеді деуге болады. Дегенмен, респонденттердің ең үлкен үлесі – 30,9% – «мен бұрын қалай жоспарлап сауда жасасам, қазір де солай жасаймын» деп, өзінің сатып алу әдеттері өзгермегенін атап өтті. Ал 14,7% СОО-ға бару «менің сатып алу әдеттеріме әсер еткен жоқ» деп жауап берді. Статистикалық талдау нәтижелері сатып алу әдеттерінің өзгеруі мен СОО-ға бару жиілігі арасында тікелей күшті байланыс жоқ екенін көрсетті (Pearson корреляциясы $r = 0,091$, $p = 0,078$, мәнді емес). Алайда құндылықтардағы өзгеріс (заманауи мәдениетке қызығу/бейімделу) байқалған респонденттерде сатып алу әдеттері де өзгеріске ұшырауы жиі кездеседі (құндылықтар өзгерісі мен сатып алу әдетінің корреляциясы $r \sim 0,246$, $p < 0,001$). Бұл СОО әсерінен тұтынушылық мәдениетке бой алдыру сатып алу тәртібін де икемді ететінін көрсетеді.



Сурет 8. СОО-ға бару сіздің сатып алу әдеттеріңізге қалай әсер етті?

Қаржылық тұрғыдан, СОО-ға бару көптеген адамдар үшін қосымша шығындарды тудырады немесе бюджеттік жоспарлауға әсер етеді. Респонденттердің бестен бірі (20,0%) «ай сайынғы шығындарымды жоспарлағанда СОО-ға жұмсайтын қаржыны ескеремін» деп, отбасылық бюджетте СОО-ға арнайы орын барын айтты. Ең үлкен топ – 34,1% – «кейде керек емес заттарға артық ақша жұмсап қоямын» деп жауап берді. Яғни, сұралғандардың үштен бірі СОО-да импульсивті шығындарға ұрынады және бұл олардың қаржылық жағдайына әсер етеді. 25,9% респондент «жоқ, мен шығындарымды дұрыс басқарамын, артық ақша жұмсамаймын» деп, қаржысын СОО әсерінен тыс ұстайтынын көрсетті. Ал 15,7% «СОО-да көп ақша жұмсамаймын» деп, жалпы шығын көлемі елеусіз екенін мәлімдеген. Қаржылық әсер мен СОО-ға бару жиілігі арасында әлсіз болса да мәнді оң байланыс бар ($r = 0,153$, $p = 0,003$), яғни жиі келушілер арасында артық шығындарға тап болатындар сәл көбірек. Сондай-ақ, қаржылық әсер мен сатып алу әдеттерінің өзгерісі тығыз байланысты. Импульсивті сатып алуға бейімделгендер көбінесе бюджеттен тыс шығындарға да ұшырайды (Pearson $r = 0,448$, $p < 0,001$). Жарнамалар мен жеңілдіктердің әсері де назардан тыс қалмады. Респонденттердің шамамен жартысы СОО-дағы маркетингтік акцияларға елең етеді екен: 21,9% «жаңа тауарларды көбіне жарнамадан көріп сатып аламын» десе, 27,5% «жеңілдіктер мен акцияларға жиі мән беремін» деп жауап берді. Осы екі жауапты ~49% қатысушы таңдаған, бұл СОО ішіндегі жарнама мен промо-акциялардың тұтынушыларға айтарлықтай ықпал ететінін білдіреді. 27,7% «жарнамаларға көп мән бермеймін» және тағы 16,8% «мен тек қажетті заттарды ғана сатып аламын» деп, жарнама/жеңілдік ықпалына түспейтінін айтты (жиынтығы ~44,5%). 6%-ы нақты жауап бере алмаған. Демек, жартысына жуығы СОО-дағы жарнамалық ақпаратқа құлақ асады, әсіресе жиі келетін жастар арасында жаңа тауарды жарнама арқылы білу, жеңілдіктерді аңду кең таралған. Корреляциялық талдау жиі СОО-ға баратындардың жарнама әсеріне көбірек ұшырайтынын көрсетті (бару жиілігі мен жарнамаға мән беру арасындағы Pearson $r = 0,151$, $p = 0,003$). Сонымен бірге жарнамаларға бейім адамдарда импульсивті сатып алу және артық қаржылық шығындар мәселесі қатар жүруі мүмкін. Жарнаманың әсері мен сатып алу әдетінің өзгерісі арасында $r = 0,413$, қаржылық шығынға ұшыраумен $r = 0,353$ (екеуіне де $p < 0,001$) деген тәуелділіктер анықталды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Алматы қаласындағы СОО-лардың қалалық тұрғындардың өмір салтына елеулі әлеуметтік-мәдени әсері барын көрсетеді. СОО – жастар үшін бос уақыт өткізудің негізгі орнына, достар және отбасымен араласатын кеңістікке айналған. Респонденттердің жартысы бос уақытын СОО-ға бейімдесе, жартысынан астамы СОО арқылы әлеуметтік байланыстарын нығайтатынын атап өтті. Сонымен қатар, СОО-ға бару тұтынушылық мінез-құлықты өзгертеді. Импульсивті сатып алулар саны артып, жеке шығындар құрылымына әсер етеді, ал жарнама мен жеңілдіктер көпшілік тұтынушылардың сатып алу шешімдеріне ықпал етеді. Дегенмен, қоғамның құндылықтық бағдарында СОО-ның ықпалы салыстырмалы түрде шектеулі көрінеді – респонденттердің едәуір бөлігі құндылық өзгерістерін сезінбегенін айтты. СОО-ның дамуы қалалық қоғамдық кеңістікке де әсер етіп отыр. Көптеген тұрғындар үшін СОО дәстүрлі мәдени орындардың (театр, мұражай) орнын басатын негізгі демалыс орны ретінде қалыптасуда. Сұралғандардың 25,9%-ы «қоғамдық орындар азайып, СОО негізгі демалыс орнына айналды» десе, 22,7%-ы «СОО-лар жаңа қоғамдық кеңістік ретінде дамуда» деп санайды. Яғни, шамамен жартысы СОО қала кеңістігіндегі қоғамдық өмірге ықпалын мойындайды. Бұл өзгерістердің барлығы Алматы сияқты мегаполисте сауда және ойын-сауық орталықтары тек коммерциялық мекеме ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік өзара әрекеттесу, мәдени демалыс және тұтынушылық тәжірибе тоғысатын маңызды орталыққа айналғанын көрсетеді.

Осылайша, алынған нәтижелер ұсынылған зерттеу гипотезаларын эмпирикалық түрде тексеруге мүмкіндік береді. Нақтырақ айтқанда, олар сауда және ойын-сауық орталықтарының қала тұрғындарының демалыс құрылымындағы маңызды рөлін растайды және олардың келу жиілігі мен тұтынушылық мінез-құлқының өзгеруі арасындағы байланысты анықтайды. Сонымен қатар, әлеуметтік-демографиялық факторлардың әсері селективті болып табылады, бұл тиісті гипотезалардың ішінара расталуын көрсетеді.

ТАЛҚЫЛАУ

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Алматы қаласының тұрғындары үшін сауда және ойын-сауық орталықтары үлкен рөл атқаратынын көрсетті. Сауалнамаға қатысқандардың 90%-ға жуығы айына кемінде бір рет сауда және ойын-сауық орталықтарына барады, оның ішінде 41%-ы апта сайын баратынын айтқан. Бұл көрсеткіштер СОО-ның қала тұрғындарының бос уақытты өткізу әдетінде тұрақты және маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Респонденттердің айтуынша, олар сауда орталықтарын сауда жасау, кино көру, тамақтану және жақындарымен уақыт өткізу үшін пайдаланады. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, СОО-дағы қызмет сапасына қанағаттану деңгейі өте жоғары (83%-дан астамы жақсы деп бағалаған). Сонымен қатар, бағаларға қатысты көпшіліктің пікірі оң. Респонденттердің 79%-ы бағаларды «қолайлы» немесе «сапасына лайықты» деп бағалаған. Зерттеу нәтижесі СОО кеңістігі көптеген тұрғындар үшін жайлы, қауіпсіз демалыс орнына айналғанын, сондай-ақ түрлі әлеуметтік топтағы адамдарды біріктіретін алаң екенін көрсетті. Сонымен қатар, СОО-ға бару тұрғындардың қарым-қатынасы мен тұтыну әдеттеріне әсер еткенін зерттеу нәтижесінен көреміз. Респонденттердің 63,7%-ы жақындарымен жиі кездесетінін айтса, 24,5%-ы қазіргі трендтерге қызығушылығының артқанын айтқан. Бұл бастапқы нәтижелер қаладағы демалыс орындарының өзгерісі мен СОО феноменінің әлеуметтік-мәдени негізін талқылауға мүмкіндік береді.

Зерттеуден алынған деректерді әлеуметтану теориясы тұрғысынан қарастырғанда, бірнеше негізгі тұжырымдарға сәйкес келетінін көруге болады. Алдымен америкалық әлеуметтанушы Р.Олденбургтің «үшінші орын» ұғымы (үйден және жұмыстан бөлек, адамдар бас қосатын орын) біздің жағдайда да өз растауын тапты деуге негіз бар [4, 207б.]. Респонденттердің басым бөлігінің (63,7%) СОО-ны достары мен отбасымен кездесетін орын деп санауы, бұл орталықтардың қоғамдық және бейресми кеңістік ретіндегі рөлін анықтайды. Шетелдік зерттеулерде де сауда орталықтарының адамдарды біріктіретін ортаға айналғаны көрсетілген [5]. Сондай-ақ, зерттеу нәтижесі бойынша СОО-лар әлеуметтік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Респонденттердің 17,6%-ы жаңа адамдармен танысып, қоғамдастық сезімінің артқанын айтқан. Бұл көрсеткіштер СОО-лардың әлеуметтік байланыстарды нығайтуға оң әсер ететінін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері тұтыну мәдениеті мен модернизация теориялары негізінде СОО феноменін толықтыра түседі. Гана астанасында жүргізілген зерттеуде СОО-лар «заманауи өмір салтын қалыптастыратын» жаңа кеңістік ретінде сипатталады [9]. Біздің зерттеуіміз бойынша, Алматыдағы СОО-лар жастардың заманауи мәдениетке бейімделуіне ықпал ететіні белгілі болды. Респонденттердің 25%-ы жаңа трендтерге қызығушылығы артқанын айтса, 12,8%-ы тұтынушылық мәдениетті бойына сіңіре бастағанын растады. Демек, респонденттердің үштен бірінен көбі СОО-ларға жиі баруының себебінен өз құндылықтары мен күнделікті әдеттерінің өзгергенін айтқан. Бұл нәтижелер СОО-ның модернизациялық ықпалын дәлелдейді және әдебиеттегі тұжырымдармен үйлесім табады.

П.Бурдьё теориясына сәйкес, жоғары тап өкілдері эксклюзивті кеңістіктерге ұмтылады [10]. СОО-лар ауқатты және кедей топтарды бөлетін символикалық шекараны қалыптастыруы мүмкін. Біздің зерттеуімізде әртүрлі әлеуметтік топтардың СОО-ларға келу жиілігі мен қызмет сапасына қанағаттану деңгейінде айтарлықтай ерекшелік байқалмады. Осы деректерге сүйенсек, Алматыдағы СОО-лардан белгелі бір деңгейде демократиялық кеңістіктің сипаты байқалады. Дегенмен, П.Бурдьёнің теориясы негізінде стратификациялық айырмашылықтарға қатысты кейбір нәзік белгілер байқалады. Мысалы, респонденттердің төрттен бір бөлігі кей қызметтердің тым қымбат екенін айтса, 10%-ға жуығының пікірінше СОО-ларда демалу тек ауқаттыларға арналған болуы мүмкін. Бұл нәтижелер СОО-лардың барлық адамдарға қолжетімді емес екенін және белгілі бір эксклюзивті элементтердің барын айғақтайды.

Зерттеу нәтижелері мен теориялық тұжырымдардың қаншалықты сәйкес келетінін сараласақ, олардың сәйкестігі мен айырмашылықтары анықталады. Атап айтқанда, біздің зерттеуімізде СОО-лардың «үшінші орын» ретіндегі рөлі толық расталды. СОО-лар расымен

адамдар бас қосып, демалатын әлеуметтік кеңістікке айналған. Зерттеу СОО-лар қалалық қоғамда бос уақытты өткізу әдеттерін өзгертіп, жаңа тұтыну мәдениетін қалыптастыратынын дәлелдейді. Респонденттердің жартысына жуығы бос уақытының көбін моллдарда өткізетін болған.

Зерттеу барысында кейбір қайшы тұстары да анықталды. Шетелдік зерттеулерде дамыған елдердегі сауда және ойын-сауық орталықтарына қатысты тұрғындардың пікірі әртүрлі екені көрсетілген. Бір жағынан СОО-лар «жаппай мәдениеттің» орталығы ретінде көрсетілсе, екінші жағынан заманға сай жайлы демалыс орны ретінде қарастырылады. Біздің зерттеуімізде қазақстандық контекстегі респонденттердің басым бөлігі СОО-ларды оң бағалап, оны заманауи кеңістік деп санайтынын көрсетті. Алайда зерттеуіміз СОО-лардың жаңа әлеуметтік байланыстар орнатудағы рөлі шектеулі екенін көрсетті. Респонденттерің тек 17,6%-ы ғана СОО-ларда жаңа танысу сәтті орын алатынын айтса, 12,8%-ы ешқандай әсері жоқ екенін айтқан. Демек, СОО-лар бұрыннан бар әлеуметтік байланыстарды нығайтады. Бірақ, бейтаныс адамдарды таныстырып, жаңа қоғамдастық қалыптастырудағы әлеуеті төмен. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде айтылған СОО-лардың әлеуметтік топтарды бөлуі туралы сын пікірлерін толық растамайды да, жоққа да шығармайды [11; 12]. Себебі біздің зерттеуде нақты деректер анықталмады. Дегенмен кейбір респонденттер СОО-дағы қауіпсіздік пен мәдени іс-шаралардың санын артыру керектігін айтқан. Бұл – СОО-ларды барлық әлеуметтік топтар үшін қолайлы ортаға айналдыру керек екенін білдіреді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижесі теориялық тұжырымдармен үйлессе де, СОО-ларға қатысты кейбір аспектілер қосымша зерттеуді қажет етеді

Алынған деректер қала тұрғындарының демалыс тәжірибесінің әлеуметтік-мәдени қырларын тереңірек түсінуге көмектеседі. Біріншіден, СОО-ның қалалық өмірде көпфункционалды демалыс орталығы ретінде қалыптасқанын көреміз. Алматы қаласының тұрғындары үшін СОО-лар саудамен қатар, бос уақытты өткізу, ойын-сауық және балашағасымен серуендеуге арналған әмбебап кеңістікке айналды. Мысалы сауалнама нәтижесі бойынша, респонденттердің басым бөлігі сауда орталықтарында уақытын бутиктерді аралау, кино көру және фуд корттарда отыруға жұмсайтынын айтқан. Сауалнама нәтижесі бойынша, балалы отбасылар үшін балаларға арналған ойын алаңдары маңызды болып саналады. Олар бос уақыттарының 8,5%-ын осы ойын алаңдарында өткізеді. Бұл СОО-лардың әр жастағы топқа тартымды екенін және отбасылық демалыстың ажырамас бөлігіне айналғанын көрсетеді.

Екіншіден, СОО-лар тұрғындардың әлеуметтік байланысын нығайтатынын байқадық. СОО-лар – адамдардың өз жақындарымен кездесіп, бірге уақыт өткізетін кеңістігі. Респонденттердің 63,7%-ы СОО-ға барудың достарымен және отбасымен қарым-қатынасты жақсартқанын айтқан.

Үшіншіден, СОО-лар феноменін әлеуметтік стратификация призмасынан қарасақ қайшылықты үрдістер байқалады. Зерттеу нәтижесінен алынған деректер СОО-лардың баршаға ашық, инклюзивті кеңістік екенін көрсетеді. Табыс деңгейі, әлеуметтік мәртебесі мен жасы әртүрлі адамдар келеді және қызмет сапасына қатысты баға бергенде айтарлықтай айырмашылық байқалмады. СОО ішінде баршаға ортақ атмосфера мен мүмкіндік жасалғандай көрінеді. СОО-дағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздік жойылмайтыны анық. Қызметтердің бағасы мен орналасқан жері сияқты себептер белгілі бір топтардың СОО-ларға келуіне кедергі келтіруі мүмкін. Мысалы, Алматының орталығындағы элиталық СОО-ларға көбіне ауқатты адамдар жиі баратын болса, шеткі аудандардағы СОО-ларда халықтың әртүрлі тобы жүреді. Біздің зерттеу де халықтың кейбір топтары қызметтердің қымбат екенін айтқанын көрсетті. Бұл СОО-лар сырттай баршаға ортақ сияқты көрінгенімен, бейресми әлеуметтік жіктелу орын алатынын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерін шетелдік зерттеумен салыстыра отырып, Алматыдағы СОО құбылысының ерекшеліктерін анықтауға болады. Жалпы біздің зерттеуімізден алынған деректер халықаралық үрдістерге сәйкес келеді. Мысалы, Еуропа мен Азияның ірі

қалаларында СОО-ларға бару тұрғындардың қалыпты әдетіне айналған. Норвегиядағы тұрғындардың 40%-ға жуығы СОО-ға аптасына бір рет баратынынын айтқан. Зерттеу бойынша егде жастағы, білімі төмен және иммигранттар жиі баратыны анықталды. Қазақстандық контексте де сондай үрдіс байқалады. Алматы тұрғындары үшін де СОО-ларға бару күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналған. Басқа елдердегідей жастар мен отбасылардың сүйікті демалыс орны ретінде қалыптасқан. Дамыған елдердегі СОО мәдениеті мен постсоветтік елдердегі қала тұрғындарының оны қабылдауында айтарлықтай айырмашылық бар. Швецияда жүргізілген зерттеуде қала орталығындағы дәстүрлі дүкендерге баратындарды «талғамы жоғары» деп бағаласа, ал СОО-ларға баратындар «тұрпайы, талғамы төмен» тұтынушылар ретінде сипатталған. Алматыда мұндай көзқарас жоқ. Керісінше СОО-ларға бару заманауи өмір салтының белгісі ретінде жастар арасында оң бағаланады. Бұл айырмашылықтың себебі, қоғамның даму кезеңі мен тұтыну мәдениетінің ерекшелігімен байланысты болуы мүмкін. Қазақстанда СОО-лар жаңа құбылыс болғандықтан, қала тұрғындары оны қала өмірінің символы ретінде жақсы қабылдайды.

